

Джамалиева Г.Ж.
Ахметова И.А.

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОСАРАЛЫҚ
ҚАТЫНАСТАРДЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТАҒЫ
ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**



Қарағанды, 2020

Buketov university

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік
университеті

Джамалиева Ғ.Ж., Ахметова И.А.

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОСАРАЛЫҚ
ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТАҒЫ
ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Қарағанды-2020

ӘОЖ 391/395(075,8)
КБЖ 65.5я73
Д 37

**Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің
Ғылыми кеңесімен басылымға ұсынылады**

ISBN 978-9965-39-861-2

**Джамалиева Ғ.Ж., Ахметова И.А. Қазақстандағы этносаралық қатынастардың әлеуметтік жұмыстағы теориялық негіздері
Монография. Қарағанды: Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, 2020.- 141 б.**

Монографияда этносаралық қатынастарды реттеудің теориялық мәселелерінің маңызды бөлігі, этносаралық қатынастардың құқықтық реттелуінің қазіргі даму бағыттары көрсетілген. Осы саладағы қазіргі әлемдік даму тенденцияларына назар аударудың маңыздылығын, оны осы қатынастарды ұлттық құқықпен реттеуде ескеру қажеттілігімен түсіндірілді. Қазіргі кездегі этносаралық қатынастарды реттелудің әлемдік тәжірибесінде басты критерий «этникалық теңдік». Оның үстіне, халықаралық- құқықтық доктринада түпкілікті, шын мәніндегі ұлттық теңдікке, тек аталмыш мемлекетте ұлттық азшылық конституциямен және заңнамамен белгіленген, азшылдықтың жойылып кетуіне қарсы кепілдіктер беретін құқықтарға ие болғанда ғана қол жеткізуге болады деген ереже жалпыға танылған. Сондықтан да, жұмысымыздың теориялық мәнінің маңызы зор.

Монография студенттерге, магистранттарға жоғарғы оқу орындарының оқытушыларына арналады.

ӘОЖ 391/395(075,8)
КБЖ 65.5я73

Пікір берушілер:

Е.А. Бөкетов атындағы КарМУ-нің профессоры социология ғылымдарының докторы Қалдыбаева Т.Ж.

«Болашақ» университетінің профессоры философия ғылымдарының докторы Еликбаев Н.Е.

ISBN 978-9965-39-861-2

© Джамалиева Ғ.Ж., Ахметова И.А.
© Е.А. Бөкетов атындағы КарМУ, 2020

АЛҒЫ СӨЗ

Осы ғылыми еңбегіміз ғылымға жетелеген ұстазымыз, профессор Иманбеков Мейрамбек Иманбекұлының жарқын бейнесіне арналады.



Белгілі ұстаз Қарағандылық жоғары оқу орындарында педагогика ғылымдарының іргесін қалаған, жастарға тәлімгерлік пен өнегерліктің сара жолын қалыптастырған, сонымен қатар іздену мен білімдендіруді үйрете білген, ғалым ағамыздан дәріс алғанымызды мақтан тұтамыз.

Мазмұны

КІРІСПЕ	5
I ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ МЕН ТАТУЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	12
1.1. Этносаралық қатынастарды құқықтық реттеудің теориялық мәселелері	12
1.2. Ұлтаралық қақтығыстар қауіпімен күресу аспектілері	35
1.3. Әлеуметтік бостандық- татулық кепілі	52
II ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН ЭТНОСТАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ҚАТЫНАСТАРДЫ ТҰРАҚТАНДЫРУДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ТЕХНОЛОГИЯСЫ	68
2.1. Этносаралық қатынас мәселесіне байланысты әлеуметтік жұмыс мазмұны	68
2.2. Қазақстан Республикасындағы ұлтаралық қатынастарды реттеудегі әлеуметтік жұмыс түрлері мен бағыттары	77
2.3. Қазақстан Халықтары Ассамблеясы - этносаралық төзімділік пен қоғамдық келісімнің Қазақстандық үлгісі.....	87
2.4. Қазақстандағы ұлттық-мәдени орталықтардың жұмысының ерекшеліктері	102
2.5. Дінаралық түсіністік пен сыйластық Қазақстан халықтарының толеранттылық басымдықтарының негізі	110
ҚОРЫТЫНДЫ.	126
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	136

КІРІСПЕ

Демократиялық - құқықтық мемлекетті қалыптастыруда қоғамдық - саяси ерекше мәселе - адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау. БҰҰ мен ОБСЕ - нің толық мүшесі болып табылатын Қазақстан Конституциясына сәйкес азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу арқылы этникалық белгілеріне қарай ұлттар мен ұлыстарды дискриминациялауға жол бермейді.

Елімізде 130 ұлттар мен ұлыстар өмір сүруде. 2018 жылғы мәліметі бойынша, Қазақстан халқының саны 283 842 дейін көбееді және жылдың аяғында 18 608 079 адамды құрады [1].

2009 жылғы халық санағы бойынша, қазақтар үлесі 63,6%, орыстар - 23,3%, өзбектер - 2,9%, украиндер - 2%, ұйғырлар - 1,4%, татарлар - 1,2%, немістер - 1,1%, өзге этностар - 4,5%" құрап отыр. Қазақтардың үлесі (63,6%) он жылда 10 пайызға ғана көбейген. Ал, орыс диаспорасы -23,3 пайыз. Яғни 6,5 пайызға азайған. Басқа ұлыстардың да үлесі біршама кемігені байқалады. Тек өзбектер саны 0,3 пайызға артқан. Яғни он жылда тұрғындар саны миллионға ғана көбейген.

Зерттеулер көрсеткендей, Қазақстан Республикасында ұлттар мен ұлыстарды қорғау мемлекеттік - саяси өмірімен тығыз байланысты. Ұлтаралық қарым-қатынаста адам құқықтары мен бостандықтарына ешқандай қол сұғылмайды.

Этносаралық қатынасқа байланысты үш басты мәселе бар:

Біріншіден, жаһандану халықтардың өзара ықпалдасуын кеңейтеді. Бірақ, сонымен бірге, ол көптеген адамдар

бойында өздерінің тарихи негіздерінен, ұлттық біртектілігінен, тілінен, мәдени және діни дәстүрлерінен айырылудың табиғи қаупін туындатады. Бұл сезімдер кейде басқа этностық және діни құндылықтарды әкелушілерге деген жек-көрушілікті туғызады.

Екіншіден, жаһандану салдарынан кейбір ұлттық мемлекеттерде ішкі қарама-қайшылықтар өршуде. Мемлекеттік шекаралар барған сайын мөлдір бола түсуде. Олар арқылы қоғамға өркениеттердің игіліктері ғана емес, сонымен бірге жалпы әлемдік көптеген қатерлер енуде.

Үшіншіден, ұлтаралық қақтығыстардың көпшілігіне әлеуметтік - экономикалық проблемалардың шешілмегендігі себеп болуда.

Әлемнің түрлі өңірлерінің дамуындағы тепе - теңдіктің бұзылуы, тіпті бір қоғамның ішіндегі адамдардың әлеуметтік жағдайының бірдей еместігі айқын бола түсуде.

Кедейлік, жұмыссыздық, ресурстарға қол жеткізудің шектеулігі, әлеуметтік орнықтылықтың жоқтығы, сауаттылықтың төмен деңгейі қатал жауаптарды туындатады.

Қазақстанда қоғамның барлық саласында ел азаматтарының этностық тең құқылығы заңнамада бекітіліп, практикада іске асырылған.

Ғылыми жұмыстың зерттеу мақсаты:

- Қазақ халқының басқа ұлт өкілдерімен өзара достық, татулық, келісім мақсатындағы консолидациялық қарым – қатынастарды дамытуға барынша ықпал ету нәтижесінде этноәлеуметтік ортада ұлттар мен ұлыстар мәдениетін тарататын, танытатын, гүлдендіруге өз үлесін қосатын мекемелер-мектептер, орталықтар т.б. институттарды дамыту.

Зерттеудің міндеттері:

- Ұлттар мен ұлыстардың құқықтарын қорғау сферасындағы жағдайды қорытындылау;
- Ұлтаралық қатынастағы қақтығыс факторлары мен конфликтінің болу мүмкіндігін анықтау және талдау;
- Қазақстан Республикасындағы ұлтаралық қарым-қатынастардың құқықтық базасын талдау және ұлтаралық қарым-қатынастарды тұрақтандыру үшін қоғам өмірінде қалыпты жағдайлар туғызу;
- Мемлекеттік басқару жүйесінің болашақтағы демократизациясының ұлтаралық мәдениет алмасудың дамуына максималды түрде әсер етуі;
- Ұлтаралық қарым-қатынас мәселесіне байланысты әлеуметтік жұмыс мазмұнын анықтау.

Ғылыми жұмыстың зерттеу объектісі болып:

Әртүрлі ұлттар мен ұлыстар, олардың арасындағы қарым-қатынас мәселесіне байланысты ғылыми-теориялық және әлеуметтік-саяси іс-әрекеттер мазмұны жатқызылады.

Зерттеу пәні: этносаралық қарым-қатынас мәселесіне байланысты жүргізілетін әлеуметтік саясат, әлеуметтік жұмыс мазмұны мен түрлері.

Ғылыми жаңашылдығы: «Ұлттану» пәнін білім беру жүйесіне енгізу – ұлтаралық қарым-қатынастарды тұрақтандырып, ынтымақтастық пен бірлікке, достық пен келісушілікке жеткізеді. Сол арқылы этноәлеуметтік ортада ұлттар мен ұлыстар мәдениетін тарататын, танытатын, гүлдендіруге өз үлесін қосатын мекемелер-мектептер, орталықтар т.б. институттарды дамытуға барынша үлесін қосады.

Зерттеудің практикалық мәні: ғылыми жұмыс барысында жүргізілген зерттеулер оның практикалық мәнділігін ашады. Сондықтан да жүргізілген зерттеулер

нәтижесінде ұлтаралық және дінаралық келісім мен татулықты одан әрі Қазақстандық қоғамда дамыту қажет. Қазіргі Қазақстандағы этносаралық қарым-қатынастарды тығыз байланыстырып тұрған ұлттардың нақты, әрі белсенді ынтымақтастығы деп сипаттауға болады, сонда ғана республикада тәуелсіздікті бекіту барысында саяси тұрақтылық, бейбітшілік және ұлтаралық татулықпен сипатталатын демократиялық құқықтық мемлекетті құру шарттары орындалады.

Ғылыми зерттеудің болжамы: Егер теңдік принципіне негізделген ұлттар мен ұлыстардың құқықтары мен бостандықтары заңдық тұрғыда қорғалмаса, ұлтаралық саясат та сәтті бола алмайды.

Сондықтан да, Қазақстан көпұлтты халықтың интеграциялық процестері қарқынды дамуы үшін этникалық алмасуды үдетіп, этникалық қарым-қатынастарды әлеуметтік реттеудің рөлін арттыру тиіс.

Заң мен мораль, адамгершілік, әділеттік және бостандық қағидалары аяққа тапталмайтын нағыз азаматтық қоғамда ғана тұрақтылық, тәртіп және шынайы адамгершілік қарым-қатынастар орнауы мүмкін. Ал адам немесе әлеуметтік топтың құқықтары мен бостандықтары қорғалмайтын қоғамда тұрақты этносаралық және дінаралық қатынастардың болуы неғайбыл.

Зерттеудің теориялық - методологиялық негіздеріне тұжырым жасайтын материалдар мен құжаттар:

Конституцияның II бөлім, 14 бабының, 2 тармақшасында. “Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне

байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды”.

Ал, 19 бапта “Әркімнің өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсетуге - көрсетпеуге хақылы. Ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық еркін таңдап алуға құқығы бар” делінген.

Ең қажетті құжаттардың ішінде “Адам құқығын қорғаудың жалпы Декларациясы” (БҰҰ-ң бас Ассамблеясында 1948 ж, 10 желтоқсанда қабылданған), ”Ұлттар мен ұлыстарды, этникалық – діни және тілдік ерекшеліктері бар азаматтарды қорғау туралы”(Азаматтарды қорғау Комитетінде 1993 ж.), №17 ”Тәуелсіз мемлекеттердегі тұрғылықты халық пен басқа халықтардың интеграциясы мен оларды қорғау туралы” Халықаралық Еңбек Ұйымының Конвенциясы қолданылды [2] .

Сонымен қоса, еліміздің және әлеміміздің басты мәселесіне айналған терроризм және экстримизмнің алдын алу мақсатында, азаматтарымыздың діни ар-ожданы мен азаматтығын қорғау негізінде бірнеше заңдар қабылданып отыр. Олар: (13.07.1999ж №416) «Терроризммен күрес туралы» ҚР Заңы; (29.06.1998ж) «Тәуелсіз мемлекеттер арасындағы терроризммен күрес туралы ратификациялық келісім»; (23.09.2000ж №93 алдында 04.06.1999ж Минск қаласында қол қойылған) « Терроризмге, діни экстремизмге, транс ұлттық қоғамдастықтарға және т.б. құқық бұзушылықтарға қарсы бірігіп күресу туралы ратификацияға Қазақстан Республикасымен Қырғызстан Республикасы, Таджикистан Республикасы, Өзбекстан Республикасы қол

қойды»; (09.11.2000ж №9711) «Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы күрес актісінің заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді» [3].

Ғылыми жұмыста 1995 жылдың 1 наурызында Қазақстан Республикасы Президентінің “Қазақстан Халықтары Ассамблеясын құру туралы” Жарлығын елдегі қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісімділік мақсатында және Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультативтік - кеңесші органда құрылған Қазақстан халықтары Ассамблеясы материалдары қолданылды. Ассамблея республикалық оқиғаларға баға беру, саяси жағдайларға болжам жасау негізінде қоғамдық татулықты қамтамасыз ететін практикалық ұсыныстарды ойластыру, және Қазақстан азаматтарының нәсілдік ұлттық әлеуметтік тегіне, діни сенім мен нанывдарына тәуелсіз құқықтары мен бостандықтарын сақтау кепілі ретінде қызмет жасайды. Сонымен бірге, Қарағанды облыстық әкімшіліктің Ұлттық – мәдени орталықтарды ұйымдастыру бөлімінің мониторинг құжаттары пайдаланылды [4].

Зерттеу барысында қолданылатын әдістер:

Ұлтаралық қатынас мәселесін талдауда Қарағанды облыстық әкімшілік аппаратындағы Қазақстан Кіші Ассамблея Секретариатының 2015-2017 жылдар аралығында жүргізілген зерттеу нәтижелері, Ұлттық – мәдени орталықтарының базасындағы ұлттар туралы жалпы мәліметтер, құжаттар, Қарағанды облыстық Әділет Департаментінің діни істер жөніндегі бөлімінің Қарағанды облысы мен жалпы Қазақстан бойынша діндер мен олардың қазіргі жағдайы, дәстүрлі емес діндер жөнінде мәліметтер алынды. Ұлттық - мәдени орталықтардың басшыларымен,

жетекшілерімен сұхбат өткізілді. Өртүрлі ұлт өкілдерінің қарым – қатынасы мен дінаралық қатынастардың қазіргі жағдайын анықтауда Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды мемлекеттік медицина академиясы, Қарағанды мемлекеттік техникалық университет және Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің студенттеріне жүргізілген арнайы зерттеулер сауалнамалар, социологиялық әдістер, анализдеу, жалпылау әдістері зерттеу барысында қолданылды.

Зерттеу барысында алынған база:

Қарағанды облысының “Вайнах” чешен – ингуш ұлттық - мәдени орталығы, “Литвуаника” Литва ұлттық – мәдени орталығы, “Намус” азербайжан ұлттық – мәдени орталығы, “Авги” грек мәдени орталығы, Қарағанды облыстық әкімшілік аппаратындағы Қазақстан Кіші Ассамблея Секретариаты, Қарағанды облыстық Әділет Департаментінің діни істер жөніндегі бөлімі. Сонымен қоса, ұлтаралық қатынас шеңберінде жүргізілген зерттеу базалары: Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды мемлекеттік медицина академиясы, Қарағанды мемлекеттік техникалық университет және Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті саналады.

Ғылыми зерттеу жұмысының құрылымы:

Ғылыми зерттеу жұмысы Кіріспеден, 2 тараудан, қорытындыдан, қосымшалар мен қолданылған әдебиеттер тізімінен құралған.

I ТАРАУ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ МЕН ТАТУЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Этносаралық қатынастарды құқықтық реттеудің теориялық мәселелері

Этносаралық қатынастар қоғам өміріндегі өзіне тән ерекше мінезімен, реттелуі барысында қат - қабат түрлі (экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени т.б.) факторларды ескеруді талап етуімен ерекшеленетін және қай - кезде де түпкіліктілігімен, қазіргі кезде (ғалымдық деңгейде) өзектілігімен, сондай-ақ, мемлекеттің қалыптасуы кезінде аса маңыздылығымен сипатталатын күрделі әрі жан - жақты, объективті және субъективті әлеуметтік қарым қатынастар. Бүгінгі күні этносаралық қатынастар әртүрлі деңгейде кез-келген мемлекетке тән құбылыс.

Қазақстан халқы этностық құрамы бойынша әртүрлі. Бұнда 160 шамасындағы ұлттың өкілдері тұрып жатыр. Этностық мәдениеттің саны бойынша ең үлкені байырғы этнос – қазақтар, олар республика халқының 53,4%, орыстар - 30%, украиндықтар -3,7%, өзбектер – 2,4%, немістер – 2,4%, татарлар – 1,7%, ұйғырлар – 1,4%, беларустар -0,7%, корейлер – 0,7% құрайды [5].

Көп ұлттар Қазақстанға өз еркімен емес, саяси қуғын-сүргіннің нәтижесінде келген. Сталиндік кезеңде Қазақстан Ресейден және ҚСРО-ның басқа аймақтарынан бір жарым миллион саяси жер аударылған тұтқындарды қабылдаған. Және тағы бір миллион үш жүз мыңға жуық қоныс аударғандар сенімсіз халықтар өкілдері ретінде Қазақстанға жер аударылды. Бұл адамдардың барлығы қазақ халқының түсіністігі мен қолдауын көрген, Қазақстан жерінде өзінің екінші Отанын тапқан.

Әрбір мемлекетке этносаралық қатынастар этникалық

топтардың құрамына, қалыптасу жолдарына және тұрғылықты ұлттың ұлттық сана сезіміне байланысты өзіндік ерекшеліктерге ие. Қазақстандағы этносаралық қатынастарды да өзіне тән ерекшеліктері бар.

Бұл өз кезегінде Қазақстан жағдайындағы этносаралық қатынастардың ерекшелігін ескере отырып өзіндік реттеу механизімін қалыптастыруды талап етеді.

Осы туралы Г.В. Малининнің „батыстың және шет елдердің тәжірибиесімен танысқан дұрыс-ақ, бірақ бәрібірде біз алдымен өз тәжірибиемізге сүйене отырып өзіміздің жалпы теориялық және методологиялық принциптеріміз бен пастулаттарымызды қалыптастыруымыз қажет” деп көрсетуімен әбден келісуге болады. Осы тұрғыдан алғанда этносаралық қатынастарды құқықтық реттеудің теориялық негіздерін зерттеу аса маңызды [6;9].

Этникалық қарым - қатынастардың пайда болуы адамзат қауымының этникалық қауымдастықтарға бірігуімен байланыстырылады. Және бұл қатынастар белгілі-бір кезеңге дейін, табиғи жолмен дамып отырды. Этникалық жағынан біртектес саяси одақтар ішіндегі этникалық қарым-қатынастар әртүрлі салт- дәстүрлер әсерінен дамып, мемлекеттік саяси реттеуді қажет етпеді.

Тек XX - ғасырға аяқ басқан кезден бастап философиялық - саяси талдау жасалып алғашқы теориялық тұжырымдама жасала бастады.

Мемлекеттер арасындағы тығыз байланыстың, одақтардың пайда болуы, сондай - ақ әртүрлі этникалық ерекшелікті топтар негізінде көпэтносты қоғамдардың пайда болуы, этникалық қарым-қатынастарға саяси, мемлекеттік ренк берді. Бұл этникалық қарым -

қатынастардың мемлекеттік- саяси реттеле бастауына түрткі болған еді.

Ал мемлекеттер арасындағы интеграциялық процесстердің қарқынды дамуы этникалық алмасуды үдетіп, этникалық қарым-қатынастарды әлеуметтік реттеудің ролін арттыра түсті.

Нәтижесінде табиғи объективті саналатын этникалық қарым-қатынастар әлеуметтік, мемлекеттік реттеудің талап ететін этносаралық қатынастарға айналды [6;17].

Ал этносаралық қатынастарды әлеуметтік реттеу дегеніміз - қоғам өмірінің сан саласына бойлай енген этносаралық қатынастарды нақты әлеуметтік өмір немесе өркениет талаптарына сай оның дамуына белгілі - бір бағыт беріле отырып және белгілі-бір қалыпқа түсіріле отырып, мақсатты реттелуі. Басқаша айтсақ, қоғамдағы этносаралық қатынастарды, “объективті негізделіп қалыптасқан нормативті - ұйымдастырылған реттеу”, тұтас ”әлеуметтік реттеу инфрақұрылымы” негізінде реттеу.

Екіншіден, этносаралық қатынастарды әлеуметтік реттеу ол, адам санасына тәуелді, шынайы, әлеуметтік қатынастардың объективті және саналы реттелуі.

Ең бастысы, этносаралық қатынастардың әлеуметтік реттелуі бұл, олардың күнделікті, әлеуметтік нормаларымен яғни құқықтық, моральдық, салт- дәстүрлік, діни, корпоративтік нормалармен реттелуі [6;6].

Дегенмен, қоғамдық қатынастардың сондай-ақ этносаралық қатынастардың әлеуметтік реттелуіне орталық әрі негізгі орынды мемлекеттік, құқықтық реттеу иеленеді.

С.С.Алексеевтің пікірінше, “алғашқыда әлеуметтік нормалармен реттеліп, қалыпты саналатын таптық,

этникалық және басқа да қатынастар қайшылықты /антогонистік/ түрде айнып, нәтижесінде көбінесе өзіндік мәнге ие бола бастады, бұл өз кезегінде құқық сияқты күшті нормативті реттеуші институтының қалыптасуын қажет етті” [7].

Ғалым, және “дәл осы құқықтық реттеуде әлеуметтік реттеу инфрақұрылымындағы (жоғарыда айтылған) процесстер орнығады, жүзеге асады және аяқталады деп көрсетті”.

Осы арада, этносаралық қатынастарды мемлекеттік, құқықтық реттеу тұтас алғанда, әлеуметтік реттеудің қорытыдысы, заңды нормативті, (позитивті) көрініс болмақ.
/1 кесте/

1 кесте

Қазақстан Республикасының барлық азаматтарының Заң алдындағы теңдік принципі қадағалана ма?

	Алматы	Оңтүстік	Солтүстік	Батыс	Шығыс	Орталық
Иә, қатал қадағаланады.	14,9	19,9	13,5	22,7	11,2	15,8
Қадағаланады деп ойлаймын	42,1	36,0	27,9	39,5	15,3	44,6
Қадағаланбайды деп ойлаймын	19,3	25,7	22,1	12,4	38,2	19,8
Жоқ, теңдік сақталмайды	7,0	13,4	20,7	6,5	30,0	9,9
Жауап беруге қиналамын	16,7	6,9	16,8	18,9	7,6	11,9
Басқа	0	0,4	0	0	0	0

Бұл кесте арқылы сұралушының 31% елде құқықтық принципке негізделген фундаментальды заң қатаң түрде

қадағаланбайтынын көрсетті. Пайыз бойынша Қазақстан Республикасында барлық азаматтардың заң алдындағы теңдік принципі қадағаланбайды деген жауап көбінесе Шығыс Қазақстан облысынан көрінеді. Ал, жоғарыда аталған принцип қатал түрде іске асады деп Алматы мен Батыс Қазақстандық респонденттері айтады [8].

Қазіргі кездегі этносаралық қатынастардың реттелуін зерттей келе бүгінгі күні ол Қазақстандық үлгі деңгейінде ғана деген қорытындыға келуге болады. Ал этносаралық қатынастарды реттеудің Қазақстандық механизмі туралы айту әлі ертерек. Өз кезегінде этносаралық қатынастарды мемлекеттік- құқықтық механизмі алдымен терең теориялық, методологиялық негіздеуді талап етеді [9].

Бірқатар авторлардың пікірінше, “ұлттық саясатты жасауда мемлекеттің ролі осы қатынастарды реттеуші заңдық базаны жасаумен өлшенеді”, және “этносаралық қатынастарды тиімді мемлекеттік - құқықтық реттелмейінше, бұл мағынасыз”, дей келе авторлар, осы саладағы заңдық базаның жеткіліксіздігіне көңіл бөледі.

Ал М.М.Сужиков “егер этносаралық қатынастарды жетілдірудің ұйымдастырылған мемлекеттік механизмі болмаса, оны жақсы қаулымен немесе жақсы заңмен реттеуге болмайды” деп есептейді [10].

Әрине осы тұрғыда, кез келген құқықтық реттеудің мақсаты әлде бір жақсы заңдық реттеу механизмін жасау ғана емес, нақты “объективті әлеуметтік өмір заңдылықтарын” (табиғи, тікелей әлеуметтік құқықты), шынайы әлеуметтік қатынастарды (яғни әрбір адамның және этникалық қауымның табиғи, әлеуметтік этникалық құқығын) заңдық немесе позитивті бекіту болмақ.

Этносаралық қатынастарға түсінікті алғашқылардың бірі болып М. М. Сужиков берді, оның пікірінше этносаралық қатынастар “бұл тек тәуелсіз мемлекеттер мен халықтар арасындағы қатынастар ғана емес. Бұл тағы, алдымен түрлі ұлттағы адамдардың күнделікті көшедегі, қалалардағы және ауылдардағы, мекемелердегі, еңбек ұжымдарындағы қатынасы”.

Сондай - ақ ғалым осы қатынастардың субъективті ұйымдастырылуына байланысты төрт деңгейін көрсетеді: біріншісі, әлемдік қауымдастықтағы халықтардың қарым-қатынасы; екіншісі, белгілі бір экономикалық, саяси ұйымға кіретін халықтардың қатынасы; үшіншісі, бір мемлекеттегі, оның аумақтық бөліністеріндегі этникалық қарым- қатынас, және төртіншісі, тұлғалар арасындағы яғни еңбек ұжымдарындағы т.б. қарым- қатынас. Мұнда этносаралық қатынастардың әлеуметтік шынайы болмысы, қарапайым көрінісі айтылғанымен, бұл толық түсінік емес екені анық [10].

Этносаралық қатынастарға нақты анықтама берудің қиындығын мұнда, мысалы, экономикалық қатынастарға меншік, тауар секілді жалпы ортақ мағыналық құндылықтың, эквиваленттің жоқтығымен түсіндіре келіп этносаралық қатынастарды этникалық субъектіліктің жоғары өлшемі ретінде этностардың “өзінің жеткіліктілігіне”(самодостаточность) ұмтылуы тұрғысынан түсінуді ұсынады [11].

Біздіңше этносаралық қатынастардың ішкі мәнін аша түсетін тағы бір өлшем, жеке тұлға мен оның ұлтының арасындағы тығыз рухани, идеялық байланыстылығы. Мұның ақиқатын “егер адам оның ұлтының құқығы

шектеліп отырса ол, өзін толық, еркін сезіне алмайтындығынан байқауға болады. Яғни тұлғаның құқығы және бостандығы мен ұлттың құқығы және бостандығы бір-бірімен біте қайнасқан байланыста”. Міне, жоғарыда айтылған әрбір тұлға мен оның ұлтының рухани байланыстылығы және әрбір этникалық топтың “өзінің жеткіліктілігіне” ұмтылуы, құқықтық реттеуде тек ескерілуі тиіс этносаралық қатынастардың ішкі мәнін, өзіндік мінезін, түпкі логикасын айқындайтын өлшемдер. Кез келген құқықтық реттеудің, әсіресе этносаралық қатынастарды құқықтық реттеудің маңызды мәселесі “субъектілік”, яғни қатынасқа қатысушылар мәселесі. Бір қатар авторлардың пікірінше этносаралық сондай - ақ әлеуметтік қатынастарда этникалық топтар субъекті бола алмайды. Яғни тек жеке тұлға ғана барлық қатынастарда субъекті болып табылады, сондықтан этникалық топтың құқығы туралы айтқанда әңгіме жеке тұлғаның айнымас құқығы туралы болуы керек [12].

Негізінен, этносаралық қатынастардың құрылуы көбінесе, сыртқы және ішкі, объективті және субъективті факторлардың әсерімен себептеледі.

Сыртқы факторлар әлемдік даму тенденцияларымен: ғаламда сумен бірге халықаралық интеграциямен т.б. байланысты болса, ішкі факторларды екіге бөлуге болады: алғашқысы, мемлекет тарапынан жасалатын жалпы ұлттық бірігу немесе ішкі интеграция саясаттың ықпалы болса, екіншісі, әрбір ұлттың өзінің этникалық қалпын сақтауға, ұлттық өзін-өзі анықтау құқығын жүзеге асыруға ұмтылуымен байланысты, немесе ішкі факторлар, мемлекет еркі және этникалық топтар еркі.

Ал объективті факторлар, яғни адам санасына тәуелсіз табиғи, әлеуметтік факторлар, (немесе этносаралық қатынастардың өзіндік табиғи даму заңдылықтары), субъективті факторлар керісінше. Бұл факторлар құқықтық реттеуде де өз әсерін тигізеді.

Тағы бір қалыптасқан пікір бойынша, этносаралық қатынастардың өзіне тән ерекшелігінің бірі, оның экономикалық, саяси, рухани, мәдени т.б. қоғамдық қатынастармен жанама түрде байланыстылығымен анықталады./2 кесте/

2 кесте

Егер сіздің ұлттық құқығыңыз бұзылған жағдайда өзіңізді қалай көрсетесіз?

	Алматы	Оңтүстік	Солтүстік	Батыс	Шығыс	Орталық
Ештеңе болмағандай сыңай танытамын	15,8	5,3	6,7	7,6	8,2	18,8
Жағдайды келісім арқылы жұмсартуға тырысамын	32,5	54,4	26,0	42,2	38,8	32,7
Өз ұлтымды жақтаймын	11,4	10,3	13,0	5,4	2,9	5,9
Зардап шеккен жақты қолдаймын	9,6	6,5	12,5	8,6	10,6	4,0
Құқық қорғау органдарына шағымданамын	7,0	19,8	4,3	12,4	2,4	18,8
Қазақстан ұлттар	8,8	19,0	6,3	2,2	1,8	16,8

Ассамблеясына, ұлттық мәдени орталықтарға шағымданамын						
БАҚ-қа шағымданамын	4,4	3,4	8,2	3,8	8,8	13,9
Қарсылық акциясына қатысамын	2,6	5,3	9,6	2,2	5,9	12,9
Жауап беруге қиналамын	14,0	8,0	23,6	29,2	6,5	4,0

Бұл кесте арқылы сауалнамаға жауап бергендердің әлеуметтік ұлтаралық қақтығыстарды шешудің заңдылық әдістеріне жүктеу жеткіліксіз мөлшерде екені байқалады. Тек 31%-ы ғана ұлттар арасында қақтығыс жағдайлардың байланыс жүргізу арқылы шешуді қолдайды. Өз ұлтын жақтауды 8,2%, оның ішінде көбісі Оңтүстік аймақтан.

Ал, Солтүстік және Орталық тұрғындары қарсылық акцияларына дайындығын сауалнама барысында көрсетті. Шығыс пен Оңтүстік аймақтарда беделді орынды ұлттық мәдени орталықтар иеленеді екен. Ұлттық сезімдері тапталған жағдайда көп ұлттар мен ұлыстар шағымдануға дайын. Оның ішінде татарлардың 28,6% мен. Чешендердің 18,8%, ал қазақтардың 4%, орыстардың 7,1% және беларустардың 7,1% ұлттық мәдени орталықтарды ұлт құқығын қорғау орындары ретінде көреді екен. Құқық қорғау орындары чешендер мен беларустар сенімсіздік туғызады екен. БАҚ-қа сұралған ұйғыр, грек, азербайжан ұлттарының көбі шағымданбайтынын көрсетті. Қарсылық

акцияларына ең басты гректер мен азербайжандықтар қатыспайтыны айқындалды [8].

Жоғарыдағы айтылғандарды ескере келгенде этносаралық қатынастарға анықтама беру үшін мәнісінде өзіндік қиындық тудырады.

Демек, оны түсінудің тиімді жолы оны құрайтын қатынастардың жүйесін анықтау “этносаралық қатынастардың жүйесі өзінің мазмұнында, объективті сөз түйінінде, осы саладағы қоғамдық қатынастарды реттеуші және құраушы барлық әлеуметтік феномендер, мемлекеттік–құқықтық институттар т.б. туралы объективті ғылыми ақпаратты қамтиды”. Әрине, бұл саяси, экономикалық, мәдени және өзге де әлеуметтік қатынастармен тығыз байланысты күрделі, әрі орасан ақпарат жүйесі.

Этносаралық қатынастар жүйесінің мемлекеттік - құқықтық аспектісіне назар аударсақ, ол негізінен: ұлттық егемендік, ұлттық мемлекеттік құрылыс нысаны, ұлттық өзін-өзі анықтау құқығы, ұлттық дамуға мемлекеттік құқықтық кепілдіктер, этикалық азшылықтың құқықтары мен кепілдіктері, адам және азаматтың этникалық құқығы мен кепілдіктері, этносаралық қатынастарды реттеуші мемлекеттік институттар, этносаралық қатынастар саласындағы азаматтық қоғам институттары, т.б. туралы ақпараттарды қамтиды. Бұл ақпараттар тізімін этносаралық қатынастардың мемлекеттік–құқықтық реттелуге жататын өзге де институттарымен толықтыруға болады [13].

Этносаралық қатынастар жүйесінің осы мемлекеттік - құқықтық аспектісіндегі институттар негізінен этносаралық

қатынастарды құқықтық реттеудің тікелей пәні болып табылады.

Ал жалпы этносаралық қатынастар тұтас алғанда, өзінің осынша күрделі қалпымен тікелей құқықтық реттеу пәні бола алмайды.

Себебі, құқықтық реттеудің пәні: әлеуметтік қатынастар, оның ішінде қоғамдық өмірдің объективті заңдылықтарымен емес, нақты түрде заңмен реттілуі мүмкін, нақты әлеуметтік қатынастар ғана бола алады. (Осы орайда, этносаралық қатынастар жүйесінде объективті табиғи заңдылықтардың да әсері жоққа шығарылмайды). Сондай - ақ құқық кез келген қоғамдық қатынастарды емес, неғұрлым қажет қатынастарды және адамдардың еркі мен санасы арқылы жүретін қатынастарды реттеу.

Ал Л.С.Явичтің пікірінше, құқықтық реттеу басқа әлеуметтік нормалардан, қоғамдық қатынастарға анықтылық және тұрақтылық сипат беруімен сондай- ақ белгіленген құқықтар мен міндеттерге мемлекеттік кепілдік беруімен ерекшеленеді, және ең бастысы құқықтық реттеу - ол, әдетте қоғамдық қатынастар субъектілеріне мемлекеттік әсер етудің заңдық нысаны [14].

Осыларды ескере келгенде, этносаралық қатынастардың құқықтық реттелуі, осы қатынастардың мемлекеттік-құқықтық аспектісіндегі қатынастардың қатысушыларының еркі мен санасына құқықтар мен міндеттерді, кепілдіктерді белгілеу арқылы құқықтық, мақсатта әсер ету, осы қатынастарды тәртіптеу, әрі қарай дамуының құқықтық ынталандыру деп түсіну қажет. Қазіргі кезде этносаралық қатынастарды мемлекеттік реттеуде басты негіз ретінде - саяси жүйенің, мемлекеттік биліктің роліне арқа сүйеніледі.

Осыған сәйкес Республикадағы қалыптасқан ішкі тұрақтылық пен қоғамдық келісім, бүгінгі күні жүргізіліп отырған этносаралық келісім мен тұрақтылық аясындағы ұлттық саясаттың нәтижесі.


Кез келген құқықтық реттеудің, әсіресе этносаралық қатынастарды құқықтық реттеудің маңызды мәселесі “субъектілік”, яғни қатынасқа қатысушылар мәселесі. Бір қатар авторлардың пікірінше этносаралық сондай - ақ әлеуметтік қатынастарда этникалық топтар субъекті бола алмайды. Яғни тек жеке тұлға ғана барлық қатынастарда субъекті болып табылады, сондықтан этникалық топтың құқығы туралы айтқанда әңгіме жеке тұлғаның айнымас құқығы туралы болуы керек.

Әрине, жеке тұлғаның этносаралық қатынастарды құқықтық реттеудегі субъектілігін, оның айнымас құқықтары мен бостандықтарын, жоққа шығаруға ешбір негіз жоқ, бұл жерде этникалық топтардың (автохонды ұлттың жетекшілігіне негізделген халықтың) субъектілігі даулы мәселе. Мәселен келесі бір автор: “ұлт тек, ұлттық өзін - өзі анықтау және ұлттық егемендік принциптерін жүзеге асыруға байланысты ғана мемлекеттік- құқықтық қатынастарда субъекті бола алады. Ұлт өз құқықтарын өзінің ұлттық мемлекеттік құрылымы немесе мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар сондай- ақ органдар арқылы жүзеге асырады” деп көрсетеді.

Ал А.К.Котов ұлттық егемендіктің иесі ретінде, ұлттық өзін-өзі анықтау құқығының субъектісі ретінде, тұрғылықты этностың жетекші роліне және диаспоралардың теңдігіне негізделген біртұтас субъектілік халық субъектілігін көрсетеді [15] /1, 2- ші диаграмма/

1 диаграмма

Егер ұлттық сезімдері тапталса ұлттар мен ұлыстар өкілдерінің мінез-құлық стратегиясы



1. қазақтар

2. орыстар

3. ұйғырлар

4. өзбектер

5. татарлар

6. гректер

7. чешендер

8. корейлер

9. украиндар

10. азербайжандар

11. беларустар


12. басқалар

■ өз ұйымымды жақтап, ашық конфликтіге шығамын
■ келісімдер жүргізе бастаймын

Диаграммада көрсетілгендей, конфликтілік жағдайларды күш қолдану әдістері арқылы шешуден бейбіт жолмен шешуді жақтаушылар басым дәрежеде. Бірақ, әр ұлт өкілдері өз ұлты үшін конфликтілерге дайындығын көрсетті.

2 диаграмма

Егер сіздің ұлтыңыздың құқығы бұзылған жағдайда өзіңізді қалай көрсетесіз?



2015ж.



2017ж.

1. Ештеңе болмағандай сыңай танытамын.
2. Келісімдер жүргізе бастаймын.
3. Өз ұлтымды жақтап, ашық конфликтіге шығамын.
4. Зәбір көрген жақты жақтаймын.
5. Құқық қорғау органдарына шағымданамын.
6. Қазақстан ұлттар Ассамблеясына ҰМО шағымданамын.
7. БАҚ-қа шағымданамын.
8. Қарсылық акциясына қатысамын.

Бұл диаграммада, 2015 ж. келісімдер жүргізу процестеріне респонденттер күрт көбейіп, ал құқық қорғау органдарына көмек сұрап баратын азаматтар саны соншалықты дәрежеде азайған. Яғни, экономикалық жағдайлардың өсуі көңіл-күйге әсер етті, ал коррупция, заң бұзушылыққа қатысты құқық қорғау органдарына сенімсіздіктері де көбейді. Басқа өзгерістерде 2015ж. мен 2017ж. респонденттердің 10/1-і өз ұлты үшін ашық конфликттерге дайындығын көрсетті.

Германия, Испания, Франция т.б. елдер конституцияларында ұлт субъекті ретінде танылады, және

“немістер”, “испандықтар”, “француздықтар” түсінігі “азаматтар” ұғымымен теңестіріле айтылады. Мұның мәнісі аталмыш мемлекеттерде “халық” және “ұлт” ұғымдары бір, ел азаматтары деген мағына білдіреді.

Себебі бұл мемлекеттер ұзақ тарихи процесстер барысында ішкі ұлттық топтасудың (интеграцияның) жоғары деңгейіне көтерілген. Сондықтан аталмыш мемлекеттерде азаматтың этникалық тегі араб не т.б. бола тұра француздық, испандық не т.б. деп айтылады. Ал Қазақстанды алсақ жағдай мүлдем басқаша, мұнда қазақ ұлты және бірнеше этникалық топтар бар, бұлар біртұтас Қазақстан халқын құрайды. Қазақстанның қазіргі этникалық құрамының қалыптасуынан бері бірқатар уақыт өтсе де, біздіңше жоғарыдағыдай жалпы ұлттық топтасу, интеграциялық процесстер әлі толық аяқталған жоқ [16].

Жоғарыдағы пікірлерді ескере отырып этникалық топтарды емес, тұтас халықты этносаралық қатынастардағы негізгі базалық мемлекеттік - құқықтық қатынастарда субъекті тану қисынды.

Мәселен, ҚР Конституциясында мемлекеттік құрылыс нысанын унитарлы етіп белгілеу, тұрғылықты ұлттың теңдікті қалыптастыруға жасалған Қазақстан халқының еркі. Немесе мемлекеттік тілді Конституциялық белгілеу кезіндегі процесстерді алсақ, тек қазақ тілін, мемлекеттік тіл ретінде бекіту, көптеген қоғамдық талқылаулардан кейін Қазақстан халқының еркі және таңдауы ретінде көрініс тапты. Одан қала берді, тіпті “әлемде Қазақстанды қазақ ұлтының, этникалық топтардың еркін, Республиканы мекендейтін барлық халықтың еркін, білдіруші дербес, егеменді мемлекет ретінде тану орын алды”.

Міне, осы арада біз көріп отырғанымыздай этносаралық қатынастарды құқықтық реттеуде негізінен екі деңгейдегі субъектілерді атап көрсетуге болады:

Алғашқысы ұжымдық субъектілік, іргелі және базалық этносаралық қатынастардың мемлекеттік құқықтық реттелуінде біртұтас Қазақстан халқының субъектілігі Ғ.С.Сапарғалиевтің пікірінше қазақ ұлтын “ерекше”, “тұрғылықты” ұлт ретінде бөлмей, оны Қазақстан халқының құрамдас бөлігі ретінде тану тарихи тұрғыдан әділеттілік және саяси тұрғыдан көрегендік болып табылады [17] .

Екіншісі, жеке тұлғалардың, этникалық құқықтарды, теңдікті қорғауда т.б. жағдай азаматтардың субъектілігі.

Осыған сәйкес, этносаралық қатынастардағы ұжымдық және жеке құқықтар:

- институционалды түрде, яғни мемлекеттік, құқықтық сондай- ақ азаматтық қоғам институттарының қызметі арқылы;

- заңды-нормативті, яғни этникалық құқықтарды, міндеттерді және кепілдіктерді, сондай- ақ кейбір шектеулерді заңмен бекіту арқылы, мемлекеттік- құқықтық реттеліп отырады.

Біздіңше, этносаралық қатынастардың мемлекеттік құқықтық аспектісі сипаты мен мазмұны жөнінен негізінен конституциялық құқық саласының пәніне кіреді. Өз кезегінде Қазақстан Республикасындағы конституциялық құқық кейбір тар мағынада “Қазақстан көпұлтты халқының конституциялық- құқықтық нормалар жүйесінде көрініс тапқан еркі” деп те айтылады. Оның үстіне конституциялық құқықтық реттеу пәніне “адам мен азаматтың қоғамдағы жағдайын, негізгі құқықтарын, бостандықтарын айқындайтын қатынастар” кіреді, ал бұның құрамында

адамның этникалық құқығы немесе “ұлттық қадір- қасиет құқығы” да бар екендігі даусыз [18].

Олай болса, этносаралық қатынастарды құқықтық реттеу әдістері, яғни “міндеттеу, тыйым салу, ерік беру, және құқық тану /мойындау/” әдістері қолданылады.

Этносаралық қатынастарды құқықтық реттеудің теориялық мәселелерінің тағы бір маңызды тұсы ол, этносаралық қатынастардың құқықтық реттелуінің қазіргі даму бағыттары. Осы саладағы қазіргі әлемдік даму тенденцияларына назар аударудың маңыздылығын, оны осы қатынастарды ұлттық құқықпен реттеуде ескеру қажеттілігімен түсіндіруге болады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасындағы құқықты халықаралық құқық принциптеріне жақындатудың қажеттілігін тудыратын екі негізгі себепті былайша көрсету қисынды деп білеміз:

- сыртқы аспект, Қазақстанның этникалық азшылыққа жататын тұлғалардың құқығын қамтамасыз ету саласындағы халықаралық міндеттемелерін орындау қажеттілігі;

- ішкі аспект, Қазақстан Республикасындағы этникалық азшылықтың құқықтық жағдайына арналған ұлттық заңнаманы қалыптастыру қажеттілігі.

Этносаралық қатынастардың заңды-нормативті реттелуінің қазіргі кездегі даму бағыттарына назар аударсақ бірі-бірімен байланыста екі бағытты байқауға болады:

Біріншісі, этникалық құқықтарды адам құқығы мен бостандығының ажырағысыз бөлігі ретінде тани отырып, адам құқығының теңдігі негізінде этникалық теңдікке қол жеткізу;

Екіншісі, осы адам құқығының тығыз байланыста, этникалық азшылықтың құқықтық жағдайын қамтамасыз

ету, теңдей дамуына кепілдіктер қалыптастыру. Екі бағыттың да ортақ мақсаты, этникалық теңдікке қол жеткізу және осы саладағы халықаралық өлшемдерге сай құқықтар мен бостандықтарды, кепілдіктерді қалыптастыру.

Ал этносаралық қатынастардың реттелуі саласындағы әлемдік тенденциялар, осы қатынастардың институционалды мемлекеттік реттелуіне “этникалық азшылық өкілдерінен орталық және жергілікті консультативті органдар құру”, “мемлекеттік жоғары органдар деңгейінде этникалық азшылық құқықтарын қорғауға бағытталған арнайы мемлекеттік құрылымдар құру” бағытында дамуда екенін көрсетеді.

Бір сөзбен айтқанда, қазіргі кездегі этносаралық қатынастарды құқықтық реттелудің әлемдік тәжірибесінде басты критерий “этникалық теңдік”. “Оның үстіне, халықаралық- құқықтық доктринада түпкілікті, шын мәніндегі ұлттық теңдікке, тек аталмыш мемлекетте ұлттық азшылық конституциямен және заңнамамен белгіленген, азшылдықтың жойылып кетуіне қарсы кепілдіктер беретін құқықтарға ие болғанда ғана қол жеткізуге болады деген ереже жалпыға танылған” [19].

Алайда, біздіңше осылармен қатар қазіргі Қазақстан жағдайында этносаралық қатынастарды құқықтық реттеуде, ұлттың өзін-өзі анықтау құқығы мен тарихи тұрғылықты ұлттың жетекші ролі, табиғи құқықтық тұрғыдан да, тарихи әділеттілік тұрғыдан да маңызды болып қала бермек.

Қазіргі кезде этносаралық қатынастарды мемлекеттік реттеуде басты негіз ретінде - саяси жүйенің, мемлекеттік биліктің роліне арқа сүйеніледі. Осыған сәйкес Республикадағы қалыптасқан ішкі тұрақтылық пен қоғамдық келісім, бүгінгі күні жүргізіліп отырған этносаралық келісім мен тұрақтылық аясындағы ұлттық

саясаттың нәтижесі. Бұл өз кезегінде қалыптасып келе жатқан мемлекет үшін едәуір жетістік қана емес оның әрі қарай дамуы үшін алғышарт және негіз болмақ.

Алайда бұл, этносаралық қатынастарды мемлекеттік реттеу тек ұлттық саясат жүргізумен ғана анықталады дегенді білдірмейді. Әрбір елде ондағы тарихи, дәстүрлік, құқықтық жағдайларға байланысты этносаралық қатынастарды реттеуші, оның басты бағыттарын айқындаушы мемлекеттік, конституциялық құқықтық тетіктер қалыптасып отырады.

Осындай мемлекеттік құқықтық тетіктің бірі мемлекеттік құрылыс нысаны институты болып табылады. Олай дейтініміз, кез- келген мемлекеттегі ұлтаралық қатынастар саясаты мемлекеттің ұлттық құрамымен қатар оның мемлекеттік құрылыс сипатына да тәуелді. Яғни, этносаралық қатынастардың реттелуіне Қазақстан тек көпэтникалық мемлекет ғана емес унитарлы (біртұтас) мемлекет ретінде де қарастырылуы тиіс.

Оның үстіне, барлық этникалық топтардың тарапынан Қазақстан мемлекеттігінің конституциялық құқықтық негіздеріне адал және құрметті қарым- қатынасымен анықталатын қоғамдық тұрақтылық аса маңызды.

Осы жерде этникалық пен мемлекеттік құбылыстардың бір- біріне қатынасы туралы “этногенез және мемлекет- бұл екеуі өзара тығыз байланысты процесстер, сондықтан да мемлекет пен этнос тарихы тығыз астасқан және оларды бірі- бірінен ажырату мүмкін емес” дегенге толық қосылуға болады. Демек, мемлекеттік құрылыста этникалық факторлардың ал, этникалық процесстерде мемлекеттің әсер етушілік ролінің болуы заңды құбылыс.

Осы тұрғыдан алғанда, мемлекеттік құрылыс нысанының этносаралық қатынастарды реттеудегі әсер етуші роліне сүйене отырып, бүгінгі таңдағы этносаралық қатынастарды мемлекеттік реттеудегі унитаризм принципінің ролін анықтау, сондай-ақ мемлекеттік құрылыс нысанының этносаралық қатынастарды реттеуші институт ретіндегі белгілерін саралау ерекше маңызға ие.

Жалпы ұлттық мәселенің мемлекеттік құқықтық реттелуінің тарихын зерттей келе, этносаралық қатынастар мәселесінің реттелуі тікелей сол мемлекеттің мемлекеттік құрылыс нысанымен байланысты, соның негізінде құрылып және содан бастау алады деген қорытындыға келуге болады (әсіресе социалистік жүйеде). Бұл заңдылықты, ұлттық мәселені мемлекеттік құқықтық реттеу туралы сөз болғанда кез-келген мемлекетке қатысты, ең басты назар алдымен аталмыш елдің мемлекеттік құрылыс нысанына аударылатындығынан байқауға болады. Мысалы, этносаралық қатынастар туралы кеңестік кезеңдегі еңбектерде (Кириченко М.Г; Копылов И. Я; Горбачев И.Г; Чхиквадзе В.М; Коваленко А.И; Кушниренко А.Г. т.б. еңбектерінде) кеңестік федерациялық және кеңестік автономиялық мемлекеттік құрылыс нысаны ұлттық мәселелерді шешудің тәсілі ретінде қарастырылған [20].

Қазақстан Республикасында ұлттық топтар аралас қаныстанған (Абдулгатипов Р.Г. этносаралық қатынастарды мемлекеттік реттеуде “мемлекеттік құрылыс сипатымен қатар мемлекетте халықтардың орналасуы да негізгі орынды иеленеді” деп көрсетті. Себебі, мемлекет аумағында балгілі-бір этникалық топтың топтасып орналасуы осы аумаққа қатысты ерекше ұлттық саясат

жүргізуге негіз болады.), сондай-ақ оның аумағында ешбір тарихи, мәдени ұлттық аумақ жоқ. Сондықтан Қазақстандық унитаризмнің сипатына сәйкес, «унитарлы мемлекет (франц. unitaire, лат. сөзінен шыққан unitas-бірлік) - өз ішінде қандай да бір басқадай мемлекеттік құрылым жоқ елді және халықты үйлесімді басқару үшін өз аумағын әкімшілік-аумақтық бөліністерге бөлген мемлекеттің құрылымдық түрі...» деген түсінікті толық сәйкес деп білеміз.

«Унитарлы мемлекет, осы мемлекетте тең құқықты толық пайдаланушы басқа да ұлт өкілдерінің бар екендігін жоққа шығармайтын халықтың біртектес және негізгі ұлттық құрамы жағдайында құрылады... Унитарлы мемлекеттік құрылыс нысаны ұлттың өзін өзі билеу құқығын жүзеге асыру тәсілдерінің бірі болып табылады».

Ел аумағында өзге ұлт өкілдерінің тұрақты тұруы және олардың сандық көрсеткіші мемлекеттік құрылыс нысанын қайта қарауға ешбір негіз тудырмайды.

Егеменді ел болғаннан кейінгі унитарлы мемлекеттік құрылыс нысанын зерттеген алғашқы еңбектерінің бірінде Сапарғалиев, Ғ. С. қазіргі кездегі мемлекеттердің пайда болу тарихы көрсетіп отырғандай унитарлы мемлекеттік құрылыс нысаны ғасырлар бойы бір ұлт ғана мекендеген немесе тұрғылықты ұлтпен бірге бір немесе бірнеше диаспорлық сипаттағы ұлттық топтар тұратын мемлекеттерде қалыптасқан, деген тұжырымға келеді.

Осы жерде атап көрсететін жағдай байырғы Қазақ жерінің, Қазақстан мемлекеттігінің шекарасы қандай өзгерістерге ұшыраса да ол ешқандай басқа мемлекеттің аумақтарының есебінен кеңейтілген емес.

Бұл дегеніміз унитарлы мемлекеттік құрылыс нысанын, оның негізгі қырларының бірі ретінде оны, өзі құрылған жерді тарихи мекендеген ұлттың «ұлттық мемлекеттігінің» заңды негідемесі ретінде тануға мүмкіндік береді. Бұл унитарлы мемлекеттегі ұлттық қатынастардың реттелуінің аса маңызды белгілерінің бірі [3;6].

Қазақстан Республикасының Конституциясының 2 - ші бабында (1 - тармақ) «Қазақстан Республикасы ... біртұтас мемлекет» деп көрсетілген. Бұл республика аумағында қандайда болмасын мемлекеттік, автономиялық құрылымдардың жоқ екендігін білдіреді. Ал Конституцияның 91 - ші бабына сәйкес «Конституцияда белгіленген мемлекеттік біртұтастықты өзгертуге болмайды». Бұл норма мемлекеттік біртұтастықты тарихи факті етіп бекіте отырып оны өзгертуді мәселе етіп көтерулі (референдумда) толық шектейді. Жоғарыдағылардан байқайтындығымыз, Қазақстан Республикасы аумағында қандай да болмасын мемлекеттік, автономиялық, құрылымдар жоқ және болмақ емес [21].

Осы тұрғыдағы ерекше, қызықты пікірді А.К.Котов ұсынады. Ғалымның пікірінше, бүгінгі күні Қазақстан Республикасының унитарлық аумақтық тұтастығын, болуы мүмкін автономиялық мемлекет құруға ұмтылуда, автаркизмнен және сепаратизмнен кепілдендіру үшін, Қазақстан Республикасы Конституциясында, жергілікті аумақтан айыру туралы референдум бойынша қазақ ұлтының ерекше құқығын бекіту қажет. Және де бұл, өзге ұлттық топтардың тең құқылығын шектемейді деп есептейді.

А.К.Котовтың пікірінше Қазақстан Республикасындағы егемендіктің этникалық- саяси негіземесі Қазақстанның

унитарлы сипатымен анықталады. Осы унитарлы тұтастық қана Қазақстан Республикасындағы қазақ ұлтының әрі қарай бірігуінің айнымас факторы болып қалуы тиіс. Осы жерде унитарлы мемлекет құрылысының байрығы ұлт өкілдерін этникалық мағынада біріктіру қызыметін атап өтуге болады.

Сонымен қатар, ұлтаралық қатынастардың унитарлы мемлекетте реттелуінің тағы бір белгісі ол,-унитарлы мемлекет өзінің қызыметінде тек тұрғылықты ұлттың ғана емес, өзгеде этникалық топтардың ілгерілемелі дамуын жүзеге асыруды мақсат етеді. Ұлттық топтардың тең құқылы дамуын қамтамасыз ету өркениетті, құқықтық мемлекеттің күнделікті міндеті болуы тиіс.

Сондай-ақ ұлттық топтар арасындағы теңдік пен ілгерілемелі даму қоғамдық келісім мен тұрақтылық үшін аса маңызды. Ал өз кезегінде бұлар кез келген қоғамдық дамудың алғышарттарының бірі болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, унитарлы мемлекеттік құрылыс нысанына тән ұлттық қатынастарды реттеу белгілеріне тоқталар болсақ:

Біріншіден, унитарлы мемлекет өзі құрылған аумақтың тарихи иесінің немесе мемлекет құрушы ұлттың өзін өзі билеу құқығының, «ұлттық мемлекеттігінің» заңды негіздемесі;

Екіншіден, ол өзінің аумағында ұлттық топтардың, түрлі ұлт өкілдерінің тең құқылығын қамтамасыз етеді, олардың тең және еркін дамуын мақсат тұтады;

Үшіншіден, унитарлы мемлекет өзінің аумағында ұлттық негізде әкімшілік аумақ және автономиялық, мемлекеттік құрылым құруға жол бермейді;

Төртіншіден, унитарлы мемлекет-мемлекетке атын берген тұрғылықты (байырғы) ұлттың этникалық мағынада бірігуін (консолидация) қамтамасыз етеді;

Бесіншіден, бір азаматтық пен азаматтардың теңдігі негізінде мемлекеттік биліктің қайсыбір әлеуметтік топтың, ұлттың ғана емес тұтас халықтың қолында болуын қамтамасыз етеді.

Сонымен, унитарлы мемлекеттегі ұлтаралық қатынастардың реттелуінің мәні онда жүргізілетін ұлттық саясаттың мемлекет құрушы ұлттың ерекшелігіне негізделген бірлігі (яғни республика аумағында жүргізілген ұлттық саясаттың біртұтастығы, бірегейлігі) деп толық айта аламыз.

1.2 Ұлтаралық қақтығыстар қауімен күресу аспектілері

Қазіргі кезде ұлтаралық қақтығыстар қауімінің себеп-салдарын зерттеу ТМД елдері үшін көкейтесті мәселелерге айналып отыр. Басқа елдермен салыстырғанда ұлтаралық қатынастарда өзіндік бағыты бар Қазақстан үшін де бұл өзекті мәселе. Елбасының Қазақстан халқына жолдауында айтылғанындай, стратегиялық ұзақ басымдықтың бірі - “этностық түсініспеушіліктің себептері жойылуын, барлық этностық топтар құқықтарының тең болуын қамтамасыз ету”.

Әлбетте, этноәлеуметтік шиеленістер мен қақтығыстар кездейсоқ, кенеттен туындамайды. Оның негізінде, ең алдымен, әлеуметтік-экономикалық және саяси факторлар жатады. Олар – ұлтаралық және ұлттық ішкі қарым-қатынастар қайшылығынан жанама түрде көрініс береді.

Бұл күнде туындап отырған қайшылықтар қаупінің сонау патша және кеңес империялары заманына кететін терең тамырлары бар. Ол кездері езілген халықтар, мысалы, ана тілінде сөйлеу сияқты ең қарапайым құқықтарынан бірте-бірте айырыла бастап еді.


Кеңес үкіметтің әкімшілдік-әміршілдік саясаты кезінде де көптеген жасырын және ашық түрдегі ұлтаралық тартыс қаупі орын алды, сөйтіп ол ұлтаралық қарым-қатынастарға келеңсіз әсерін тигізді [22].

Көптеген жылдар бойы этностық топтар өз ана тілін, ата - бабаларының салт-дәстүрін білу құқығынан айырылды. Шынайы және әділ тарихтың болмауы кейінгі ұрпақтың, жастардың революцияға дейінгі ұлттық мәдениет жетістіктеріне селқос қарауына әкеп соқтырды.

Ұлтаралық қатынастарды сөз еткенде, жалпы дүниежүзілік ғаламдық аяға көңіл аудармау мүмкін емес. Отарлау саясатының күйреуі, ондағы жаңа тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы ХХ ғасырдың екінші жартысына өз қолтаңбасын қалдырды. Ұлттық сана-сезімнің өткірленуі, ұлттық тепе-теңдікке қысым жасауға және ар-намысқа тиюге төзбеу қазір әр халықтың өкіліне тән қасиет. Ұлттық мәселе түбегейлі шешілді— ау деген жерлерде де (Канададағы Квебек, Ұлыбританиядағы Шотландия, Уэльс, Франциядағы Корсика, Испаниядағы баскілер және т.б.) ХХ ғасырдың екінші жартысында бұл мәселенің қайта көтерілуі сондықтан болар. Бұл үрдістер мен ерекшеліктер бұрынғы Кеңес республикаларының жағдайында да төте немесе жанама түрде көрініс тауып, халықтардың этностық табиғи болмысын сақтауға деген талпынысын күшейтті, әр ұлттың ұлттық мемлекет болу идеялары басым тұрды.

Яков Этингер “ТМД елдеріндегі ұлтаралық қақтығыстар мен халықаралық тәжірибе” деген мақаласында бұрынғы Одақ кеңесіндегі этносаралық тартыстар типологиясының төмендегідей нұсқасын беріп, олардың бірнеше негізгі түрін айтады. Олар қосып алумен тығыз байланысты аумақтық тартыстар; аз халықтың өзін-өзі сақтау ниетінен туындаған қарсыластар; жерінен қуылған адамдардың азаматтық құқықтарын қалпына келтіруге байланысты үн көтеруі; зорлықпен аумақтық өзгертулер жасау салдарынан болған қақтығыстар; тарихи сипаттағы факторлар негізінде туындаған дау-шар; өз жерінен қуылғандардың басқа республикалар аумағында көп жылдар бойы тұруынан шығатын жанжалдар; белгілі бір халықты кемсітушілікпен туындаған бас көтерулер; лингвистикалық таластарға байланысты болған шиеленістер. Әрине, “таза күйінде” бұл даулардың әр түрін мүшелеп беру қиынырақ. Бір жанжалдың үстінен басқа даудың туындап кетуі де жиі кездесетін жәйт. Көші - қонның объективті және субъективті себептерге байланысты күшеюі, соның салдарынан отбасылардың, уақытша болса да, бір-бірінен бөлектенуі, сәбилердің дүниеге келу уақытының кейіндеуі халықтың табиғи өсуінің төмендеуіне елеулі әсерін тигізді. [23]

3 диаграмма
Ұлттық қарама-қайшылықтардың әртүрлі ұлттардың арасынан көрініс табу мүмкіндігі



- мүмкін ■ мүмкін емес ■ білмеймін
 1. Қазақтар 2. Орыстар 3. Ұйғырлар
 4. Өзбектер 5. Татарлар 6. Гректер
 7. Чешендер 8. Корейлер 9. Украиндар
 10. Азербайжандар 11. Беларустар

4 кесте

Ұлтаралық қарым - қатынастарды 5 - балдық шкала бойынша бағалау

	Алматы	Оңтүстік	Солтүстік	Батыс	Шығыс	Орталық	Ортақ балл
Тұру мекеніне байланысты	4,4	4,3	4	4,5	4	4,5	4,3
Басқа аймақтарда	4,4	4,3	3,4	4,1	3,8	4,2	4

Кестеде көрсетілгендей ұлтаралық қатынас тұру мекеніне байланысты жоғары бағаланған. Бұған БАҚ - та айтылған кейбір объективті емес жағдайлар әсер еткені айқын. Жалпы ұлтаралық жағдай аймақтарда тұрақты болса да 2005 жылғы

зерттеу бойынша әрбір 10 - шы адам (9.4%) ұлтаралық қақтығыстарға қатысушы не куәгер болғандығы айқындалды.

Аталған қақтығыстар көбінесе халыққа қызмет көрсету саласындағы қызметкерлердің агрессивті мінез - құлықтарында, көшеде, демалыс орындарында, жұмысқа орналасу барысындағы мемлекеттік тілді білмеу т.б. себептерге байланысты болған. Шығыс Қазақстанда Орталық аймаққа қарағанда аталған жағдайлар жиі кездеседі, пайыз бойынша 17,1% - 5,9%, яғни 12% жоғары екендігін көрсетті.

Бұл диаграммада әртүрлі ұлттар мен ұлыстардың қауіптену деңгейлері әртүрлі деңгейде, бірақ та жағдайды қалыпты бағалау басымдылық көрсетіп отыр. (Беларус, татар, азербайжан)

Бұрынғы кеңестікте тоталитарлық жүйенің құлауына байланысты ұлтаралық қарым- қатынастардың тұрақсыздығы бел алды, этностық негіздегі тартыстар басталды. Мұның тамыры белгі бір этнос өкілдерінің мемлекетті басқару жүйесінде өзге ұлт өкілдеріне зиян келтірерліктей үстем болуында, белгілі бір ұлттың немесе этностық топтың құқығының бұзылуында, әділеттілік пен тең құқықтың болмауында еді. Кейбір есептер бойынша, бұрынғы КСРО аумағында этносаралық тартыстар өз “мөлшерінен” асып жатқан 180 нүкте болған.

Этносаралық араздықтың тұтануы бірнеше мың ғана адамның өмірін қиған жоқ, бұрынғы кеңес азаматтарының миллионнан астамы туған жерлерін тастап қашты. Ұлтаралық тартыстар жұрттың, “өзінікі” болмаса да бағзыдан тұрған республикаларынан жаппай көшуінің (мысалы, армяндардың Әзербайжаннан, Әзербайжандардың

Армения мен Карабахтан, ингуштардың Солтүстік Осетиядан, грузиндердің Абхазиядан, месхет- түріктерінің Күнгей Кавказ бен Орта Азия Республикаларынан) ең басты себептері болып табылады. Қазақстанда 130-ға жуық этностық қауымдастық өкілдері тұрады. Олардың көбінің орала алатындай тарихи отандары бар. Қазақстан унитарлық мемлекет болып табылады. Кавказдағы түрлі жанжалдар халықтарды жаппай жер аудару сияқты саяси процестермен астасып жатса, бізде мұндай жағдайлар болған емес және діни нанымдар өзге аймақтардағыдай күш алған жоқ. Бұл жағынан Қазақстан Орта Азия мен - Өзбекстан, Тәжікстан және Қырғызстан республикаларынан ерекшеленеді.[24]

Біз қауіптің тарихи тамырлары жөнінде сөз қозғаған кезде, патшалы Ресей тоталитарлық Одақ империясының ұлттық саясатының арасындағы айырмашылықты ажырата білуіміз қажет. Патшалы Ресей кезінде ешқандай ұлттық өзін-өзі билеу мен ұлттық мемлекеттілік болмағаны белгілі.

Ал Кеңес Одағы кезінде ұлт мәселесін шешуге деген ұмтылыс болмады деу әділетсіздік. Қазақстан Одақ құрамында жүріп Қазақ КСР ретінде мемлекет түріне ие болған. Осыған байланысты ғалым Т. С. Сәрсенбаев "... бұл уақытта қазақтарда мемлекеттік дейтіндей бұрын ештеңе болған жоқ деу орынсыз" деп дұрыс айтқан. Әрине, ұлт мәселесін шешуге ұмтылыста болған қателіктер мен кемшіліктер тоталитарлық саяси жүйе мен сол кезде үстемдік етіп тұрған теория мен идеологияға байланысты болды.

Он жыл бойы тәуелсіз дамып келе жатқан Қазақстан Республикасында ұлтаралық қақтығыстар мен шиеленістер туғызатын қауіптің тарихи тамырына балта шабылып, бұл мәселе негізінен шешілген сияқты. Дегенмен, бұған байланысты көптеген мәселелер әлі де баршылық. Алайда әлеуметтік өмірдің барлық салаларында кездесіп жататын тұлға аралық қақтығыстар этникалық сипатқа ие болуы ықтимал. Бұл жағдай көбінесе, Кеңес Одағы кезінде туындаған ”үлкен” және “кіші”, “аға” және “іні” халықтар мәселесіне қатысты.

Заң жүзінде мемлекеттегі барлық ұлттар бірдей құқықтар мен бостандықтарды иемденеді, бірақ, іс жүзінде көбінесе негізгі ұлт өкілдері құқықтық артықшылыққа ие болып ”кіші” халықтардың құқықтары мен бостандықтары тапталып, соның салдарынан әртүлі этносаралық қақтығыстар мен карама-қайшылықтар туындап жатады.

Бұл барлық халықтардың құқықтары мен бостандықтарына және қоғамның демократиялық негіздеріне нұқсан келтіреді.


Осы орайда И. Канттың жалпыға бірдей құқықтық императивінде бір адамның бостандығы басқалардың бостандығы есебінен іске асырыла алмайды, ол әрбір адамның баршаға бірдей заңмен ұштасатын бостандығымен сәйкес келуі тиіс делінген. Яғни бұл кіші халықтардың бостандығын аяққа басуымен үлкен халықтар өз бостандығына қол сұғады дегенді білдіреді.

Қазіргі кездегі этносаралық қатынастардың реттелуін зерттей келе бүгінгі күні ол Қазақстандық үлгі деңгейінде ғана деген қорытындыға келуге болады.

Ал этносаралық қатынастарды реттеудің Қазақстандық механизмі туралы айту әлі ертерек. Өз кезегінде этносаралық қатынастарды мемлекеттік- құқықтық механизмі алдымен терең теориялық, методологиялық негіздеуді талап етеді.

4 диаграмма

Этникалық тұрғыдағы конфликтілік жағдайларға ұшырау көрсеткіші



1. қазақтар- 3% 2. орыстар- 17% 3. өзбектер-7%
 4. татарлар- 22% 5. чешендер- 11% 6. украиндар-11%
 7. беларустар- 8% 8. басқалар- 20%

5 кесте

Ұлтаралық қатынас сферасындағы мемлекеттік саясатты бағалау

Мемлекет құрылады.	Алма-ты	Оңтүс-тік	Солтүс-тік	Ба-тыс	Шы-ғыс	Орта-лық	Барлы-ғы
Этностар ұлттық ерекшеліктерін сақтайтын	48,2	43,7	32,7	48,6	19,4	40,6	38,8

көпұлтты мемлекет							
Қазақ менталиті мен оған ұқсас ұлттар мүддесін қорғайтын	32,5	38,8	43,8	31,9	47,1	28,7	37,4
Басқа ұлттар ассимиляциясымен қосылған бір ұлтты	7,0	8,4	10,6	10,8	6,5	16,8	10,2
Басқа ұлттарды ығыстырушы бір ұлтты	9,6	8,7	15,4	7,0	27,1	13,9	13,4
Басқа	0,9	0	0	0	0	0	0,1
Жауап беруден қиналды	2,6	1,1	1,4	2,2	0	2,0	1,5


Кестеде көрсетілгендей аймақтарда мемлекеттің бағытталған құрылымдарын бағалаудың көрініс табуы шындық. Алматының жартысынан көп респонденттері мемлекет барлық ұлт өкілдері үшін ортақ үй деп санайды. Респонденттердің аз мөлшері бір ұлтты мемлекет құрылуы үстінде деп көрсеткен. Оңтүстік пен Батыста да бір ұлтты мемлекет құрылады деген ой пікір қалыптасқан.

Сонымен бірге мемлекеттік саясатты бағалау ұлттық негізде әртүрлі. 58,9% қазақтар- барлық ұлтқа ортақ үй болатын, әрбір ұлттың ерекшеліктері сақталатын мемлекет құрылады деп санайды.

Бірақ та азербайжан мен гректерден басқа ұлттардың 30%- 50%-ы Қазақстанда көпұлтты, бірақ қазақтарды қолдайтын мемлекет құрылады деп есептейді.

5 диаграмма

Ұлтаралық қатынас мәселесіне байланысты қандай саясат жүргізілуде?



- Қазақтарды қолдайтын көпұлтты мемлекет құрылуда
- Шектеу мен бір ұлтты дәріптеуге жол бермейтін көпұлтты мемлекет құрылуда
- Ығыстыруды көздейтін бір ұлтты мемлекет құрылуда

- | | | |
|-------------------|----------------|--------------|
| 1. Қазақтар | 2. Орыстар | 3. Ұйғырлар |
| 4. Өзбектер | 5. Татарлар | 6. Гректер |
| 7. Чешендер | 8. Корейлер | 9. Украиндар |
| 10. Азербайжандар | 11. Беларустар | 12. басқалар |


Қазіргі Қазақстан қоғамында өмірдің әр саласында діни факторлардың әсер етуі байқалуда. Сонымен бірге біздің елде халықтың діни шыдамдылықтарының дәстүрлі жоғары деңгейі сақталуда.

Заң мен мораль, адамгершілік, әділеттік және бостандық қағидалары аяққа тапталмайтын нағыз азаматтық қоғамда ғана тұрақтылық тәртіп және шынайы адамгершілік қарым - қатынастар орнауы мүмкін.

Ал адам немесе әлеуметтік топтың құқықтары мен бостандықтары қорғалмайтын қоғамда тұрақты этносаралық және дінаралық қатынастардың болуы неғайбыл.

6 диаграмма

Ұлттық тілдік сәйкестілікті талдаудың әртүрлі деңгейлері



Қазіргі Қазақстандағы этносаралық қарым-қатынастардағы тығыз байланыста тұрған ұлттардың нақты, әрі белсенді ынтымақтастығы деп сипаттауға болады, себебі республикада тәуелсіздікті бекіту барысында саяси тұрақтылық, бейбітшілік және ұлтаралық татулықпен сипатталатын демократиялық құқықтық мемлекетті құру шарттары орындалды.

Яғни, барлық ұлттардың тепе - тең және ерікті өмір сүруі үшін барлық экономикалық жағдайлар жасалып, барлық құқықтық құжаттарда ұлтына қарамастан, Қазақстанның

барлық азаматтары үшін бірдей құқықтық жағдайлар бекітілген.

Әртүрлі ұлт өкілдері өзара қарым - қатынастарында тепе - теңдікке, әлеуметтік серіктестік пен ынтымақтастыққа, сұхбатқа ұмтылу барысында төлеранттық, өзара шыдамдылық, кең пейілділік сияқты қасиеттерге талпыныс танытуда.


Сонымен қатар, Қазақстанда әртүрлі этникалық топтардың әртүрлі бірлестіктері, атап айтқанда, ұлттық мәдени орталықтар және Қазақстан халықтарының Ассамблеясы қызмет ететіндігін атап өту қажет .

Этносаралық қарым - қатынастарды реттеу процесі саясатта бірқатар жалпы шарттың міндетті түрде орындалуын талап етеді, олар:

- халықтар арасындағы тепе-теңдік пен әлеуметтік әділеттілікті бекіту;
- көпұлтты Қазақстан халқының барлық өкілдерінің өмірдің барлық салаларындағы, соның ішінде мемлекеттік басқару саласында да теңдігі мен бостандығын қамтамасыз ету;
- саяси - құқықтық және конституциялық негізде ерікті және тең өмір сүру жағдайларын дамыту;
- барлық азаматтардың заң және құқық талаптарын бұлжытпай орындауы;
- барлық ұлттардың біркелкі дамуы және өз ерекшеліктерін сақтау үшін оларға бірдей әлеуметтік-экономикалық, саяси және басқа да жағдайлар туғызу.

7 диаграмма

Сізге әртүрлі дін өкілдерімен бір қоғамда өмір сүру қалай әсер етеді?



6 кесте

Сізге басқа дін өкілдерімен бір қоғамда өмір сүру қалай әсер етеді?

Қазақтар	25,7	59,4	1,5	13,4
Орыстар	35,2	49,0	1,4	14,3
Ұйғырлар	52,2	39,1	0	8,7
өзбектер	43,6	43,6	0	12,8
Татарлар	37,0	48,7	3,4	10,9
Гректер	68,8	25,0	0	6,3
Чешендер	25,0	62,5	0	12,5
Корейлер	31,3	33,3	4,2	31,3
Украиндар	50,5	35,8	3,2	10,5
Азербайжандар	58,6	41,4	0	12,5
Беларустар	42,9	44,6	0	12,5
басқалар	48,1	50,4	0	1,5

Бұл кестеден Қазақстандағы әртүрлі ұлт өкілдері толеранттық деңгейі өте жоғары екендігін байқаймыз.


Егер ұлттардың діни сезімдеріне тиіскен жағдайда олардың конфликттілік жағдайларға дейін 6,6%-ға дайын екен.

Ал, 2,3% ештеңе болмағандай сынай танытады, 23,4% жергілікті діни қауымдастыққа шағымданатындығын, 37,3% келісім арқылы шешу жолдарын қарастырады екен.

Этноәлеуметтік шиеленістер мен қақтығыстар кездейсоқ, кенеттен туындамайды. Оның негізінде, ең алдымен, әлеуметтік-экономикалық және саяси факторлар жатады. Олар – ұлтаралық және ұлттық ішкі қарым- қатынастар қайшылығынан жанама түрде көрініс береді. Бұл күнде туындап отырған қайшылықтар қаупінің сонау патша және кеңес империялары заманына кететін терең тамырлары бар.

8 диаграмма

Егер менің діни сезімдерім тапталса, ашық конфликтіге шығамын



- | | | |
|-------------------|----------------|--------------|
| 1. Қазақтар | 2. Орыстар | 3. Ұйғырлар |
| 4. Өзбектер | 5. Татарлар | 6. Гректер |
| 7. Чешендер | 8. Корейлер | 9. Украиндар |
| 10. Азербайжандар | 11. Беларустар | 12. басқалар |

Қазіргі кезде этносаралық қатынастарды мемлекеттік реттеуде басты негіз ретінде-саяси жүйенің , мемлекеттік биліктің рөліне арқа сүйелінеді.

Осыған сәйкес Республикадағы қалыптасқан ішкі тұрақтылық пен қоғамдық келісім, бүгінгі күні жүргізіліп отырған этносаралық келісім нәтижесі.

Алайда бұл, этносаралық қатынастарды мемлекеттік реттеу тек ұлттық саясат жүргізумен ғана анықталады дегенді білдірмейді. Әрбір елде ондағы тарихи, дәстүрлік, құқықтық жағдайларға байланысты этносаралық қатынастарда реттеуші, оның басты бағыттарын айқындаушы мемлекеттік, конституциялық құқықтық тетіктер қалыптасып отырады.

Мыңжылдықтардың қиылысында әлемдік үрдістің дамуы адамзатқа көптеген қауіп-қатер әкелді. Соның бірі - ұлтаралық қатынастардың шиеленісуі.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев атап өткендей, халықаралық қауымдастықты толғандырған көптеген ұлтаралық қатынастардың негізінен 3 проблемасы бар:


- адамдардың ұлттық бірегейлігін, тілін, мәдениетін, дінін жоғалтуға қауіп тудыратын жаһандандыру;

- кез-келген мемлекеттің халықаралық ланкестік, діни экстремизм, есірткі тасымалы, адам саудасы және т.б. құбылыстарды реттеуге шамасының жетпеуі;

- елдердің және ел ішіндегі кедейшілік, жұмыссыздық, түрлі мүмкіндіктерге қол жеткізе алмау, әлеуметтік қолайсыздық, сауатсыздық тәрізді әлеуметтік – экономикалық проблемалардың шешілмеуі [25].

9 диаграмма

Қазақстанда діни фанатизм мен экстремизмнің таралуы мүмкін бе?



■ 2015ж.

■ 2017ж.

1. жоқ

2. әзірге жоқ

3. болуы мүмкін


4. жауап беруден қиналамын.

2015 жылы Шығыс аймақтың респонденттері Алматылықтарға қарағанда фанатизм мен экстремизмнің таралу мүмкіндігінен қорқады. (Шығыста- 43,5%, Алматы қаласында-24,6%)

Діни экстремизм мен фанатизмнің таралу мүмкіндігінің әртүрлі этникалық топтар арасында жүргізілген сауалнама барысында жауап деңгейлерінің шамалас келуі анықталды. / 10 диаграмма/

10 диаграмма

Ұлт өкілдерінің көзқарасы бойынша, діни экстремизм мен фанатизмнің таралу мүмкіндігі



- | | |
|----------------------|-----------------------|
| 1. Қазақтар (6%) | 2. Орыстар(10%) |
| 3. Ұйғырлар(9%) | 4. Өзбектер(7%) |
| 5. Татарлар (10%) | 6. Гректер(6%) |
| 7. Чешендер (10%) | 8. Корейлер (10%) |
| 9. Украиндар(8%) | 10. Азербайжандар(7%) |
| 11. Беларустар (10%) | 12. басқалар(7%) |

2015 жылы ұлтаралық қатынастарды тұрақтандыру мен келісімді сақтау келесі шаралар арқылы сапалы болатынын көрсетті.

- ұлттар арасындағы қарым-қатынастағы тәрбиелік-мәдени жүйелерді құру- 52%

- ұлттар мен ұлыстардың құқықтарын қорғайтын арнайы заңдарды қабылдау - 38,6%

Сонғы пункт бойынша 2015 жылы сұралушының 53,8% Қазақстанда екінші мемлекеттік тілге қажеттіліктің бар екендігін көрсеткен. Оның ішінде 27% қазақтар, 80,8% орыстар, 84,5% украиндар, 66,7% немістер, 69% өзбектер, 72,8% басқа этникалық ұлт өкілдері болған.

Қазақстанда барлық этникалық топтар арасында өзара құрмет пен шыдамдылық, Отанымыздың тағдыры үшін жауапкершілік пен патриотизм принциптеріне негізделген қалыпты қарым - қатынас тиімді үлгісі жасалғандығын атап

өту қажет. Түрлі ұлттық және діни қауымдастықтарға енетін Қазақстандықтардың философиясы: ”Өзіңе тілемегенді басқаға жасама” болып отыр.

1.3. Әлеуметтік бостандық - ұлтаралық татулық кепілі

Әртүрлі ұлттардың өзара достық қарым- қатынастары елдің саяси жағдайы мен әлеуметтік жүйесі тұрақтылығының факторы болып табылады. Кеңес Одағының ыдырауынан кейінгі ұлттар арасында қозған қақтығыстар этникалық, діни және басқа да белгілер бойынша әртүрлі әлеуметтік топтардан тұратын қазақстандық қоғамға әсерін тигізбей қойған жоқ.

Алайда басқа мемлекеттерге қарағанда, біздің елде қақтығыстар әскери сипаттан ада болды. Бұның себебі қазақ жерінің кең байтақтығы және қазақ халқының дәстүрлі қонақжайлығы мен менталитетінің арқасында сталиндік зұлмат пен Ұлы Отан соғысы кезеңі сияқты қиын - қыстау жылдарда Одақтың әр түкпірінен келіп қоныстанған әртүрлі ұлт өкілдерін құшақ жая қарсы алғанын да жатыр.

Осыған орай Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаев өзінің Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Біз өз мәдениетіміздің құндылықтарын, бірлігімізді, ұлт аралық және дінаралық татулығымызды, саяси тұрақтылығымызды сақтай отырып, байыппен алға жылжи беретін боламыз», - деп атап өтті [26].

Сонымен бірге қазіргі кезеңде қоғам өмірінде ара- тұра көрініс тауып тұратын әртүрлі этникалық, этномәдени және діни ерекшеліктер негізінде туындайтын күрделі мәселелер

мен қарама - қайшылықтарға да назар аудармасқа болмайды. Оларды ел халқының негізін құрайтын ұлттың жоғары дәрежеге ие болуы және оның мемлекеттегі рөлінің басымдылығы жалған идеясы ушықтырады. Бұл негативті стереотиптер мен көзқарастарда көбінесе әртүрлі саяси күштер билік үшін күресте өз мүдделерін көздей отырып тудырып, пайдаланып отырады.

Әрине, бұл өзге ұлт өкілдерінің бостандығын шектеп, олардың көңіл - күйіне кері әсерін тигізеді және олардың мемлекет саясатына, оның халықаралық қатынастардағы орын- дәрежесіне немқұрайлы қарауына себеп болмай қоймайды. Күрес барысында белгілі бір этникалық топтардың мақсат - мүдделеріне қайшы келетін құралдарды пайдаланудың нәтижесі этносаралық қатынас субъектілері арасында теңсіздіктің пайда болуына, одан барып әртүрлі ұлт өкілдері болып табылатын адамдар арасындағы жеке қарым - қатынастардың бұзылып, ұлттар арасындағы кіші - гірім қақтығыстардың ушықтырылуына апарып соғады.

Соның салдарынан әртүрлі қиындықтар туындап, жалпы халықтың өмір деңгейі төмендеуі де мүмкін. Сондықтан да этносаралық қарым - қатынастарды үйлестіру процесінде осы қатынастарды дамытудағы теңдік пен әлеуметтік әділеттілікке апаратын тенденция болып табылатын адамгершілік өлшемнің мәні артады.

Этносаралық қатынастардың теңдігі мен дамуына бір аумақта тұрып, бір - бірімен объективті байланыста тұрған халықтардың әлеуметтік - экономикалық қатынастары деңгейі және олардың ғасырлар бойы қалыптасып, этнос өкілдерінің мінез- құлқынан, өмір салтынан көрініс табатын саяси, мәдени және демографиялық даму ерекшеліктері әсер


ететіні белгілі. Алайда ұлттардың татулығы, өзара келісімі олардың заң алдындағы теңдігі мен құқықтық бостандығына негізделеді.

Бостандық ұғымы көп өлшемді, ол адам өмірі мен іс-әрекеттерінің барлығынан көрініс табады.

Бостандық дегеніміз – тарихи абсолютті, бір белгіленгеннен өзгеріссіз қалатын категория емес. Оның мәні адамның жеке ой-мақсаттарын өз мүдделері мен талпыныстарына сәйкес кедергісіз жүзеге асыру барысында өзгелердің де мүддесіне нұқсан келтірмеуінде.

11 диаграмма

Шектеулерге жол бермейтін, Қазақстандық қоғамды қолдайтын көпұлтты мемлекет құрылуда




Аталған көрсеткіш бойынша, ұлттардың жауаптары бойынша қалыпты нәтижелер көрсетіліп отыр. Ол – біздің Қазақстандық қоғамымыздың ешқандай шектеулерге жол бермейтін, ұлттар арасындағы өзара келісім мен түсіністік қоғамының құрылуын сипаттайды.

Демек, жеке адам немесе адамдар тобының бостандығы оларға қоғаммен қарым-қатынастары барысында қойылатын шектеулермен және артылатын жауапкершілікпен тығыз байланысты белгілі бір іс - әрекеттерге деген еріксіздікпен шартталып отырады. Яғни, бостандық белгілі бір заңдар мен нормалар ретінде ресми бекітілетін азаматтарға берілген құқықтар мен оларға жүктелген міндеттер жүйесінде нақты көрініс табады.

Сондықтан да назарымды бостандықты жеке жағдай деп түсінуден гөрі заңға негізделетін нағыз азаматтық бостандықты бекіту қажеттілігіне аударған дұрыс сияқты.

12 диаграмма

Қазақстандағы этностардың өз ұлтына деген қатынас



- 1. Қазақтар
- 2. Орыстар
- 3. Ұйғырлар
- 4. Өзбектер
- 5. Татарлар
- 6. Гректер
- 7. Чешендер
- 8. Корейлер
- 9. Украиндар
- 10. Азербайжандар
- 11. Беларустар

Бұл диаграмма арқылы әртүрлі ұлт өкілдерінің өз ұлтын бағалау көрсеткіші зерттелінді. Респонденттердің көбі, яғни 78,1% өз ұлтын мақтаныш тұтады және өгейшілік көрмейді. Ал, Шығыс Қазақстанда әрбір 4-ші сұраққа жауап беруші (22,8%) басқа ұлт өкілдері арасында өзін өгейсінеді. Барлық сұралғандар өз ұлтын өзгерткісі келмейді.

Адамның барлық бостандықтары мен құқықтарын азаматтық – саяси және әлеуметтік-экономикалық деп екі түрге бөлу қалыптасқан.

Бірінші түріне азаматтардың жеке бостандығы мен тәуелсіздігі, олардың ұлты, жынысы мен дініне қарамастан заң алдындағы теңдігі, сөз бостандығы, бірлестіктер құру, көші-қон бостандығы және т.б. бостандықтар жатады.

Ал екінші түрін еңбек ету және оның сапасы мен санына қарай ақы алу бостандығы, білім және медициналық көмек алу, қартаюына немесе еңбекке жарамсыздығына қарай зейнетақы алу, үй-жайды иелену және ақылы демалыс алу бостандықтары құрайды. Сонымен, бостандықтардың бірінші түрі саяси бостандықтар болса, екінші түрі – адам өмірін қорғаудың материалдық кепілдіктерін беруге бағытталған экономикалық бостандықтар. Әрине, бұл бостандықтар мазмұны мен мәні, бағыты, қызметі бойынша әртүрлі болғанымен, оларды бөлу шартты болып табылады, себебі олар бір-бірімен тығыз байланысты, олар бір-біріне әсер етіп, бірі екіншісінен шығып, бірі бірінің нәтижесін айқындайды.

Адамзат өзінің бүкіл тарихы барысында бостандық үшін, оның шегі мен шеңберін кеңейту үшін күресіп, әлеуметтік өмір заңдылықтарын табуға тырысқан.

Материалдық және рухани мәдениет салаларындағы, демократияны дамытудағы барлық жетістіктер ең алдымен адамды оның іс-әрекетін шектейтін әлеуметтік өмір жағдайлары мен қоғамдық өмір түрлерінің құбылыстарын босатуға арналған.

Өркениет прогресі дегеніміз – бостандық прогресі, сондықтан оның дамуында тек бостандық санасының ғана емес, адамның қоршаған орта қысымынан тәуелсіз, ерікті болу тәжірибесінің прогресі де бар. Алайда демократиялық құқықтар мен бостандықтар шеңбері кеңейтілген сайын олардың халық көпшілігінің материалдық жағдайы мен жалпы қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайына тәуелділігі әшкереленіп отырған. Еңбекті бөлу сипатына, меншік қатынастарына және биліктің бөлінуіне байланысты көптеген жағдайларда бір адамдардың бостандығы сыртқы қажеттілік ретінде басқа адамдардың бостандығын шектеуші болып табылады. Яғни бүкіл қоғамға формалды түрде берілген саяси құқықтар мен бостандықтарды пайдалану үшін қажетті құралдары бар азаматтар ғана ерікті бола алады.

Осы әлеуметтік бөліну мен материалдық теңсіздіктен өмірдің барлық саласындағы теңсіздіктер шығады. Демократиялық принциптер мен нормалар аз-кем әл-ауқаттыларға арналған артықшылық, ол бұқара көпшіліктің кедейлігімен ұштаспайтын қажетсіз ойыншық сияқты екендігі дүниежүзілік қоғамдық-тарихи тәжірибеден белгілі.

Себебі, демократия мен кедейшілік антиподтар болып табылады және оларды ымыраға келтіру әлі ешкімнің қолынан келмеген. Осыдан келіп, бостандықтар мен құқықтардың қай түрі болмасын, олар өзгелерінен бөлек,

өзімен-өзі өмір сүре алмайтындығы ақиқат. Әрбір бостандық басқа бостандықтармен жалпы байланыстар жүйесінде ғана, олармен бірлікте ғана өмір сүруі мүмкін.

Алайда бұл жағдайда бөлек әлеуметтік топтар немесе индивидтердің бостандығы туралы пікір түюге болмайды. Негізгі өлшем ретінде бүкіл қоғам бостандығы, оның азаматтары құқықтарының нақты қамтамасыз етілуі назарға алынуы тиіс. Жеке адамның құқықтары мен бостандықтарының көлемі прогресс өлшемі ретінде алынса, өз кезегінде оның мазмұны мен жылдамдығы көбіне- көп қоғамның әрбір мүшесінің бостандығы деңгейі мен оның демократиялық құқықтарды иемденуі тәуелді болып табылады. Осыдан келіп, адам құқықтары мен бостандықтарының деңгейі мен шеңберін олардың субъективті қалау - талпыныстары емес, қоғамдық өмірдің объективті жағдайлары айқындалатындығы шығады. Әрине, бұл тарихи заңдар мен әлеуметтік жағдайлардың объектісі ретінде адам оларға бағынышты болып, толығымен көнуі керек деген сөз емес. Өз мақсат- мүдделерін көздей отырып, адамдар саналы әрі бағытты іс- әрекеттерімен материалдық және рухани құндылықтарды жасап қана қоймай, белгілі бір әлеуметтік саяси режимдер, институттар, мен нормаларды тудырады.

Яғни адамды жағдайлар қалай туғызса, адам да тарихи процестің белсенді субъектісі ретінде жағдайларға соншалықты ықпал ете алады. Адамдар өздерінің алдына әртүрлі мақсаттар қойып, сол мақсаттарды жүзеге асырушы қызметімен көзделеген нәтижелерге жылдам жетіп, өз құқықтарының толық әрі жан-жақты іске асырылуына жетуге қабілетті.

Адам бостандығының негізі - өмір сүру бостандығы, онсыз басқа бостандықтардың болуы мүмкін емес. Адамдар саясатпен, өнермен, ғылыммен, мәдениетпен, білім алумен шұғылдандудан бұрын өздерінің тамақтану, киім кию, үй - жайға ие болу, тұрмыс бұйымдары мен өзге де материалдық жағдайларды пайдалануын ойлайды. Өмір сүру үшін қажетті жағдай туғызусыз адамға бостандық деген ұғым бос сөз болып қала бермек.

Себебі экономикалық фактор адамдардың әлеуметтік реңдігі немесе теңсіздігін айқындайды, ал одан барып олардың саяси теңдігі немесе теңсіздігі шығады. Белгілі бір демократиялық құқықтар мен бостандықтары бар адам оларды жүзеге асыру үшін материалдық мүмкіндіктері мен жағдайлары болған кезде ғана шынайы ерікті бола алады. Осыдан азаматтардың барлық құқықтары мен бостандықтарын қорғау әлеуметтік қамсыздандыру деңгейі және экономиканың тиімділігімен тығыз байланысты деген қорытынды шығады [27]

Азаматтарының көпшілгі өмірдің қажетті деңгейімен және сапасымен, білім және дәрігерлік көмекті еркін алумен қамтылмаған қоғамда демократиялық құрдылықтар формалды және декларативті сипатта болады. Формалды құқықтарға ие болу аз, оларды іс жүзінде пайдалану үшін материалдық мүмкіндіктерге ие болу қажет екендігінің ақиқаттығын түсіну қажет. Қазіргі әлеуметтік өзгерістер көрсеткендей, өндіріс құралдарына жеке меншікті және нарықтық экономикалық қатынастарды заңдастыру жағдайында қоғамның екі әлеуметтік жікке бөлініп, байлар мен кедейлердің екі қарама-қарсы топ болуы орын алады да, соның салдарынан азаматтар өздеріне бірдей берілген

конституциялық бостандықтар мен құқықтарын теңдей пайдалана алмайды.

Сонымен бірге, бостандықтың барлық көріністері жақсы бола бермейді, олардың қараңғы жақтары да, адамзатқа жамандық әкелетін тұстары да бар. Бостандық шексіз және шектеусіз бола алмайды. Егер «шексіз» бостандық орын тепсе, оның салдары ретінде қоғамның белгілі бір тобының бостандығын қандай да бір жолмен шектейтін де бостандық туындайды.

Сондықтан да барлық демократияланған өркениетті елдерде мораль нормаларын бұзып, жеке адамның арнамысына тиіп, басқа азаматтардың құқықтарына нұқсан келтіретін, сонымен бүкіл қоғамның мүдделері мен қауіпсіздігіне қарсы келетін бостандықтар үшін бұрыннан тексерілген әртүрлі заңды тыйымдар жүйесі бар, себебі қоғамда агрессивті индивидуализм мен аморальдылықтың орын алмауы үшін ондай бостандықтарға жол берілмеуі керек.

Бұл орайда тыйымдар мен шектеулер мәселесіне қажетті назар аударылмай келеді деп айтуға болады.


Шексіз бостандықтың жүзеге асырыла алмайтындығышынайы ақиқат. Өйткені ешнәрсемен, ештеңемен шектелменген бостандық ешқандай қауымдастықтың жоғын білдіреді.

Ал қоғам, яғни адамдар қауымы белгілі бір іс-әрекетті жасауға ерік берілген жағдайда тек қана мақсат-мүдделердің бірыңғай келуіне үміт арта алады. Сондықтан бостандықты шектейтін құбылыстың, яғни белгілі бір іс-әрекетті еріксіз түрде жасатудың немесе жасатпаудың қажетті нәрсе екендігін түйсіну қажет.

Сонымен қатар шексіз бостандық шексіз теңдікті қажет етеді, сондықтан да шексіз бостандықтың болу мүмкінлігі логикалық ойлау тұрғысынан дұрыс болып көрінгенімен, бостандықтың өзін жоққа шығарады, яғни оған тыйым салады. Екінші жағынан, шексіз теңдіктің өзі де мүмкін емес, себебі ол үшін шексіз бостандық керек. Ал құқықтық форма жалпылықтың, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары теңдігінің ішкі мәндік және мағыналық бірлігін көрсетеді.

13 диаграмма

Ұлтаралық қатынастар сипаты, %



Ұлтаралық қатынастар сипатының қазіргі жағдайын ұлт өкілдері жақсарды-39,7%, бұрынғы деңгейде-52,3%, нашарлады-7,0%, басқа жауап-1% көрсетті. Яғни, ұлттар көзқарасы бойынша, қоғам өмірінде ұлтаралық қатынастардың жақсару сипаты айқын көрініп отыр.

Барлық құқықтардың жалпы мақсаты - адам қалауының еріктілігіне, адамның индивид, қоғам мүшесі және белгілі бір ұлт өкілі ретінде өзін-өзі таныту бомтандығына қызмет ету.

Алайда, әрбір жағдайда өмір сұраныстары мен нақты мән-жайға байланысты белгілі бір қоғамда құқықтардың қай түрі маңызды болып, адам бостандықтарын сақтауға бағытталатындығын айқындап алу қажет.

Себебі, әр тарихи кезең мен әрбір нақты қоғамның осы сұраққа қатысты өз басымдылықтары бар. Құқықтық бостандықтың негізгі шарты этникалық ерекшелігіне қарамастан, әрбір жеке тұлғаның өзіндік құрдылығын тану болып табылады.

Соңғы жылдар ішінде ұлтаралық қатынастар қатынастардың бестен бір бөлігі жақсарды деп жауап берсе, 54%-ы бұрынғы деңгейде қалды деп, тек қана 5%-ы нашарлады деп көрсеткен.

Ұлтаралық қатынастар жақсаруына оң әсерін тигізген факторлар ретінде респонденттердің басым көпшілігі адамдардың қоғамда бейбітшілікке ұмтылуы (46,3%), Қазақстанда өмір сүретін халықтар арасындағы тарихи қалыптасқан ұлтаралық қатынастар (41,7%) мен қазақстан халқының көпұлтты құрамы (33,9%) сияқты факторлар белгіленген.

14 диаграмма

Ұларалық қатынастардың жақсаруына оң әсерін тигізетін факторлар



Қазіргі кездегі этносаралық қатынастардың реттелуін зерттей келе бүгінгі күні ол Қазақстандық үлгі деңгейінде ғана деген қорытындыға келуге болады. Ал этносаралық қатынастарды реттеудің Қазақстандық механизмі туралы айту әлі ертерек. Өз кезегінде этносаралық қатынастарды мемлекеттік-құқықтық механизмі алдымен терең теориялық, методологиялық негіздеуді талап етеді.

7 кесте

Қазақ тілі мемлекеттік тіл болғаннан қиыншылық көрдіңіз бе?

	Алматы	Оңтүс-тік	Солтүс-тік	Ба-тыс	Шы-ғыс	Орта-лық	Барлы-ғы
Иә, жұмысқа тұру кезінде	28,9	26,2	36,1	14,1	30,0	34,7	28,4
Иә, ресми мекемелерде	19,3	27,8	11,5	15,1	24,1	11,9	18,6

бланктар мен хабарлама-лар қазақ тілінде							
Кейде	29,8	24,0	13,9	8,1	0	0	12,3
Жоқ	21,9	21,3	37,5	62,7	45,9	53,5	40,4
Басқа /ұйым ішінде/	0	0,4	0	0	0	0	0,1
Жауап беруге киналады	0	0,4	1,0	0	0	0	0,3

Бұл кестеде көргеніміздей қазақ тілін білмегендіктен жұмысқа орналасу барысында Солтүстік және Орталық аймақтардың азаматтары қиыншылық көреді. Ал, Батыс аймақта бұл мәселе керісінше. Яғни Қазақстан халқының 25% орыс тілді болғандықтан қиындық көретіні анықталды.

Этносаяси, этноәлеуметтік қақтығыстардың әдетте ұлттық тілдер туралы мәселенің алға тартылуынан басталады. Бұл мәселе басқа мәселелерден бұрын ашық түрде талқыланып, белгілі бір ұлт тобының ортақ мүддесі болып табылатындықтан зор маңызға ие болады.

Содан кейін қақтығыс саяси- құқықтық салаға ауысып, таласушы жақтардың өз тарихы мен дәстүрлері фактілеріне жүгінуіне ықпал етеді.

Этносаралық қарым - қатынастарды реттеу процесі саясатта бірқатар жалпы шарттың міндетті түрде орындалуын талап етеді, олар: халықтар арасындағы тепе-теңдік пен әлеуметтік әділеттілікті бекіту, көпұлтты Қазақстан халқының барлық өкілдерінің өмірдің барлық салаларындағы, соның ішінде мемлекеттік басқару саласында да теңдігі мен бостандығын қамтамасыз ету; саяси-құқықтық және конституциялық негізде ерікті және тең өмір сүру жағдайларын дамыту; барлық азаматтардың заң және құқық талаптарын бұлжытпай орындауы; барлық

ұлттардың біркелкі дамуы және өз ерекшеліктерін сақтауы үшін лоарға бірдей әлеуметтік- экономикалық, саяси және басқа да жағдайлар туғызу [27].

Қазіргі Қазақстандағы этносаралық қарым-қатынастарды тығыз байланыста тұрған ұлттардың нақты әрі белсенді ынтымақтастығы деп сипаттауға болады, себебі республикада тәуелсіздікті бекіту барысында саяси тұрақтылық, бейбітшілік және ұлтаралық татулықпен сипатталатын демократиялық құқықтық мемлекетті құру шарттары орындалды.

Яғни, барлық ұлттардың тепе-тең және ерікті өмір сүруі үшін барлық экономикалық жағдайлар жасалып, барлық құқықтық құжаттарда ұлтына қарамастан Қазақстанның барлық азаматтары үшін бірдей құқықтық жағдайлар бекітілген. Әртүрлі ұлт өкілдері өзара қарым-қатынастарында тепе-теңдікке, әлеуметтік серіктестік пен ынтымақтастыққа, сұхбатқа ұмытлу барысында толеранттық, өзара шыдамдық, кең пейілділік сияқты қасиеттерге талпыныс танытуда.

Сонымен қатар Қазақстанда әртүрлі этникалық топтардың әртүрлі бірлестіктері, атап айтқанда, ұлттық мәдени орталықтар және Қазақстан халықтарының Ассамблеясы қызмет ететіндігін атап өту қажет.

Заң мен мораль, адамгершілік, әділеттілік және бостандық қағидалары аяққа тапталмайтын нағыз азаматтық қоғамда ғана тұрақтылық, тәртіп және шынайы адамгершілік қарым-қатынастар орнауы мүмкін.

Ал адам немесе әлеуметтік топтың құқықтары мен бостандықтары қорғалмайтын қоғамда тұрақты этносаралық және дінаралық қатынастардың болуы неғайбыл.

Этносаралық қатынастар қоғам өміріндегі өзіне тән ерекше мінезімен, реттелуі барысында қат-қабат түрлі, экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени т.б. факторларды ескеруді талап етуімен ерекшеленетін және сондай-ақ жан-жақты, объективті және субъективті әлеуметтік қарым-қатынастар.

Осы жайында Г.В. Малининнің “батыстың және шет елдердің тәжірибесімен танысқан дұрыс-ақ, бірақ бәрі бір де біз алдымен өз тәжірибемізге сүйене отырып, өзіміздің жалпы теориялық және методологиялық принциптеріміз бен пастулаттарымызды қалыптастыруымыз қажет” деп көрсетуімен әбден келісуге болады.

Осыған сәйкес, этносаралық қатынастардағы ұжымдық және жеке құқықтар:

➤ институционалды түрде, яғни мемлекеттік, құқықтық, сондай-ақ, азаматтық қоғам институттарының қызметі арқылы

➤ заңды-нормативті, яғни этникалық құқықтарды, міндеттерді және кепілдіктерді, сондай-ақ, кейбір шектеулерді заңмен бекіту арқылы, мемлекеттік-құқықтық реттеліп отырады.

Қазіргі кезде этносаралық қақтығыстар қауіпсіздік қоғамымыздың көкейтесті мәселесі болып отыр.

Яғни ұлтарлық қақтығыстар қауіпсіздік себеп-салдарын зерттеу, алдын-алу, талдау сипатындағы зерттеу жүргізіліп шиеленістер мен қақтығыстарды жою мақсатымен көздеп келеді.

Заң мен мораль, адамгершілік, әділеттілік және бостандық қағидалары сақталатын нағыз азаматтық қоғамда ғана тұрақтылық тәртіп және шынайы адамгершілік қарым-қатынастар арнауы мүмкін .

Сондықтан, барлық ұлттардың тепе-тең және ерікті өмір сүруі үшін барлық экономикалық жағдайлар жасалып, барлық құқықтық құжаттарда ұлтына қарамастан, Қазақстанның барлық азаматтары үшін бірдей құқықтық жағдайлар бекітілген.

Buketov university

II. ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН ЭТНОСТАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ҚАТЫНАСТАРДЫ ТҰРАҚТАНДЫРУДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС МЕХАНИЗМДЕРІ

2.1. Этносаралық қатынас мәселесіне байланысты әлеуметтік жұмыс мазмұны

Біздің мемлекетіміздің негізгі Заңында жарияланғандай: “Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады. Оның ең қымбат қазынасы-адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары”. Алайда, өндірістің құлдырауы, құнсыздану деңгейінің жоғарылығы, салықтар базаларының тарылуы, әлеуметтік қорғау жүйелерінің жаңа жағдайларға бейімделмеуі, басқа да факторлар тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мемлекеттердің алғашқы жылдарында мемлекеттердің азаматтарының алдындағы әлеуметтік міндеттемелерімен орындамауына жеткізді.

Сондықтан Президент Н. Ә. Назарбаев өзінің жыл сайынғы Жолдауында стратегиялық міндеттердің ең бастысының бірі етіп Әлеуметтік сала проблемаларын алға тартты. Әлеуметтік саладағы бүгінгі нақты өзгеріс қандай? Мемлекеттік деңгейдегі әлеуметтік қорғау елімізде енді қалыптаса бастады. Қаржы тапшылығы жағдайында әлеуметтік қолдаудың атаулы мақсатта жұмсалуды да заңды. Жарты жылдай Мәжілісте “Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы” Заң талқылануда. Жалпы, атаулы көмек туралы Қазақстанда сегіз жыл бойы айтылып келеді, ол іске асыруға келгенде көптеген қиындықтар шығады. Оның басты проблемасы - отбасының жан басына

шаққандағы орта табысын анықтаудың қиындығы.

Сондықтан, Біріккен Ұлттар Ұйымы атаулы әлеуметтік көмек идеясының шын мәнінде тиімсіз екендігін ескертіп отыр. Дүниежүзілік тәжірбие көрсеткендей, әлеуметтік саясатының басты бағыттары жұмыспен қамтамасыз ету, ақысыз білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік сақтандыру жүйесін дамыту болып табылады. Біздің еліміз үшін де бұл негізгі жол. Ал атаулы әлеуметтік көмек негізінен белгілі себептерге байланысты табыс таба алмайтын, қоғамның еңбекке жарамсыз топтарына берілуге тиіс. Олар: көп балалы отбасылар, жетімдер, 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар, 7 жасқа дейінгі бала тәрбиелеуші аналар, түберкүлез, онкологиялық, басқа да ұзаққа созылған емді қажет ететін аурулар, тағы басқа да кедей топтар.

Әлеуметтік – этникалық топпен әлеуметтік жұмыс жүргізудің екі негізгі аспектілері бар:

- Біріншіден, бұл барлық қоғам, әлеуметтік – этникалық қауымдастыққа конфликтілік жағдайлар мен құбылыстарды шешу мақсатын көздейтін іс - әрекеттер мен технологияларды тиімді қолданудағы әлеуметтік жұмыстың кең мағынасын құрайды;

- Екіншіден, бұл әлеуметтік – этникалық топтың мәселелерін шешуде сол қоғамның территориясында тұратын халықпен тең құқық беру (ауыл, аудан, облыс, аймақ бойынша);

Әлеуметтік жұмыстың этникалық топтармен жүргізілуі - әлеуметтік – этникалық топтардың өзіндік спецификасымен ерекшеленеді. Жалпы, этникалық топтармен жүргізілетін әлеуметтік жұмысты үш деңгейде қарастыруға болады:

1. Мемлекеттік - әртүрлі этникалық топтар мен олардың арасындағы қатынас мәселелерін ретке келтәретін, құқықтық қамтамасыз ететін деңгей. Бұл деңгейде азаматтардың құқық, заңдық және әлеуметтік кепілдіктері жүзеге асырылады, ұлтаралық қатынастарды тұрақтандыруда әлеуметтік саясат құрылады.

2. Аймақтық–Яғни материалдық, әлеуметтік, медициналық қамтамасыз ету – мемлекеттің шешімдерімен жүзеге асырылады;

3. Жергілікті – әлеуметтік – этникалық топ мүшелерінің әлеуметтік ортаға бейімделу мәселелерін шешу көзделеді.(медициналық, оқу, тұрғын – үй жағдайы және жұмыспен қамту) Бұл мәселелерді шешуде барлық жергілікті билік орындар, әлеуметтік институттар мен әлеуметтік қызмет көрсету орталықтары қызмет етуі қажет.

4. Әлеуметтік қызметкерлер – ұлтаралық қатынас мәселелерін шешуде тек жоғарғы кәсіби маман ғана емес, сонымен бірге гумандық, әділеттілік, теңдік идеяларын ұстанған, әртүрлі ұлт өкілдері арасындағы серіктестік қызметін атқарады.

Біздің Үкіметтің барлық кедейлерді, оның ішінде жұмысқа жарамды азаматтарды да әлеуметтік тұрғыдан қолдауға тырысуы еңбекке жарамсыз топтардың солардың көлеңкесінде қалып қоюына соқтыратыны анық.

Президентіміз айтқандай, біздің үлкен міндетіміз- заңның күші үстем тұратын ел орнату. Азда- көпті коррупциясыз мемлекет жоқ: жемқорлық пен өркениет егіз. Жемқорлықпен күрес дүниежүзілік проблема, әр ұлтқа, әр мемлекетке тән құбылыс.

Жемқорлық - елдің экономикалық, рухани деңгейінің индикаторы. Нарықтық экономикасы терең дамығын елде жемқорлық қауіпті көрініс ала алмайды, ал керсінше, экономикасы мардымсыз елде жемқорлыққа жол ашылады [28].

Жемқорлық - қылмыстың ерекше түрі. Тонау, қарақшылық сияқты қылмыстарға қарағанда, зорлық-зомбылықпен, адам өлімімен байланысты болмауы да мүмкін, бірақ одан оның қоғамға зияны азаймайды.

Жемқорлықпен күрес-күрделі де қиын іс. Бұл індеттен әкімшілік, заң жолымен ғана арыламыз деу утопия.

Сондықтан, ең басты мақсат-жемқорлыққа қарсы

әлеуметтік-рухани орта қалыптастыру. Отбасы, ғылым білім, дін, мәдениет, өнер бұқаралы ақпарат құралдары бұл індетке қарсы қоғамдық пікір қалыптастырғанда ғана жемқорлық жойылмағанымен, оның аясы тарылып, зияны азаяды [29].

Елде әлеуметтік қамту әлі де күрделі күйінде қалып отыр. 1 млн. 817000 адам зейнетақы алады, 625,3 мың адам мүгедектігіне байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, ал 4310 адам мемлекеттік арнайы жәрдемақы алады. Әлеуметтік қорғаудың өзге де әдістері аз емес: 60 мың мүгедек протез- ортопедиялық бұйымдармен және аяқ- киіммен жабдықталған: 70 интернат үйінде 15 мың адам мемлекеттің толық қарауында тұрып жатыр. Жалғыздық және жасы ұлғайған, еңбекке жарамсыз 31,6 мың адамға үйінде тегін көмек көрсетіледі. Мемлекет осы бір қиын кезде өмір сүру үшін бұған өзге де әр түрлі әлеуметтік жәрдем көрсетеді.

Үкімет маусым айының аяғында еліміздің тұрғындарын әлеуметтік қорғау концепциясын қолдады. Ол әлеуметтік саясатты әлсіз, қарт адамдарға және жұмыссыздарға көмек шаралары жүйесі ретінде тар позицияда қарайды [30].

Қазақстанның көпұлттылығы – біздің күш- қайратымыздың көзі, бірақ көпұлттылық біздің мемлекетіміздің ең нәзік те, ең осал да жері екені анық. Сондықтан да, көпұлтты қоғамда демократияның ерекше түрі көрініс алады.

Сөз жоқ, қазақ ұлты бұрын –соңды болып көрмеген қызықты да күрделі кезенді басынан өткізіп отыр. Реформаның әлеуметтік салдары зерттеуде. Ол үш көркішке негізделген: халықтың өмір сүру ұзақтығы, білім алуға қол жеткізуі және жан басына шаққандағы табысы. Осыны ескеріп, шетел сарапшылары мен социологтары адам дамуы тұжырымдамасымен қатар екінші бір көрсеткіш енгізген: ұлттық қауымдастықтың тіршілік күш- қуаты (жизненная энергия национальных общностей).

Әр ұлттың саны мен сапалы, демографиялық ахуалы, ұлт өкілдерінің өмір ұзақтығы, білім деңгейі, материалдық және рухани игіліктерге қол жеткізуі, жұмыссыздық пен жұмысқа тартылуы, әр ұлттың балалары мен аналарының денсаулығы, сәбилердің шетінеуі, суицид, тіпті, әр ұлттың жекелендіру процесіндегі үлесі және басқа да мәліметтер ұлттың қуатын, күш- жігерін, нарыққа бейімділігін, оның даму үрдістерін көрсетеді [31].

Қазақстаннан соңғы он жылда 83 750 қазақ көшіп кетті, сырттан 200 002 адам келген. Көші- қон процесі елімізде ұлттардың санына да, жас топтарына да үлкен ықпал жасады. Еліміздегі қазақ, орыс басқа да ұлттардың жас топтарына сәйкес пайызға шаққандағы үлесі /1999ж. Халық санағы бойынша

/8 кесте/ мынадай:

36-45	49,1	34,0	16,9
46-55	40,4	41,6	18,0
56-65	32,5	45,6	21,9
66-дан жоғары	27,5	51,2	21,3

Көріп отырғанымыздай, 26 млн. 45 жас аралығындағы орыстардың Ресейге және басқа елдерге қоныс аударуларына байланысты олардың көбі бүгін- 46 мен 66 жастан асқандар. Ал қазақтар әзірше ең жас ұлт, күш- қуаты, болашағы, іскерлік, кәсіби жағынан олар басымдырақ бола береді.

Қазақ ұлты үшін ең басты мұрат- ұлттық мемлекетке қол жеткізу.

Ресми деректер бойынша елімізде 240 мың жұмыссыз, ал жабық есеп бойынша жұмыссыздардың саны 940 мың адамға жетеді. Мұнымен бірге 900 мекемеде жалпы саны 127 мың адам толық емес жұмыс күнімен жұмыс істейді. 65 мың адам амалсыздан демалысқа жіберілген. Үстіміздегі жылы алты айдың ішінде 54 мың жұмыссыз еңбекке

орналастырылған. Тұтастай алғанда еңбек рыногы елде күрделі. Бір бос орынға 18 жұмыссыз үміткерден келеді, ал ауылдық жерде- 92. Жыл басынан қоғамдық жұмысқа жарты млрд. теңге аударылды [32].

Біздің облысымызға келер болсақ, соңғы 4 жылда енгізілген бағдарламалық басқару тәсілі әлеуметтік - экономикалық даму көрсеткіштерінің ырғақты дамуына ықпал етті. Соның нәтижесінде халықтың жағдайы жақсаруда. Қолданылған шаралардың нәтижесінде облысымызда ресми жұмыссыздық деңгейі 3%- тен 1,1%- ке дейін төмендеді. Үстіміздегі жылы 30 мың жұмыссыз азаматтардың еңбекке орналастыру, 14 мың адамды ақылы қоғамдық жұмысқа тарту, 17,2 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған. Оның үстіне облыс әкімінің бастамасымен көтерілген “Жұмыссыз жастар болмасын”, “Нақты адамның нақты проблемасын шешу” ұрандарына ерекше көңіл бөлінетін болды. Жұмыссыздықты жоюдың негізгі:

- Халықты жоғары жұмыс бастылығымен қамтамасыз ету үшін экономикалық жағдайды қалыптастыру;
- Мемлекеттік қолдау көрсету [33].

Жұмыс бастылықты іске асырудағы мемлекеттік бағдарламалар:

1. Аса ірі инвестицияны қажет етпейтін орта және кіші кәсіпкерлікті қолдау;
2. Жұмыспен қамтамасыз ету орталықтарында есепте тұрғандарды қоғамдық жұмыстарда тиімді қолдану;
3. Жұмысшыларды қайта мамандандыру негізінде, жұмыссыздардың санын азайту;
4. Аймақтарда жұмыспен қамтамасыз ететін жеке орталықтарды кеңейту.

Жұмыс бастылықты реттеу-бұл әлеуметтік саясаттың ең басты бағыттарының бірі. Мемлекет жұмыссыздарға мынадай әлеуметтік кепілдіктер береді:

1. Жұмыссыздарға жәрдемақы төлеу;
2. Біліктілігін арттыру, қайта даярлау;
3. Жұмыс ақысы төленетін қоғамдық жұмыстарға қатысу мүмкіндіктері;
4. Жұмысқа орналасу мақсатымен еңбекпен қамту орталығының орнын толтыру;
5. 12 айдан артық емес мерзімге уақытша жұмысқа жарамсыздығы бойынша, арнайы қордан жеңілдіктер мен төлемақылар тағайындау.

Ауылдық жердегі халықтың ең кедейлері Маңғыстау мен Атырау облыстарында. Көп жағдайда, әсіресе ер адамдар арасында маскүнемдік, ішімділікке салынушылықты жиілетті, өзіне-өзі қол жұмсау, әсіресе, 20-28 жастағы ер адамдар арасында өсіп келеді.

Күн көріс деңгейінің төмендігінен өмірінен күдер үзгендер өз жанын өздері қиюға дейін барып отыр. 100 000 адамға есептегенде өзін-өзі өлтірушілер саны Қазақстанда-26,9. Облыстардағы жағдай бірыңғай емес. Солтүстік Қазақстан облысында 100 000 адамға есептегенде өзіне-өзі қол салушылардың саны- 60, Шығыс Қазақстанда- 55, Қостанай облысында- 39,3, Ақмола облысында- 38,1, Оңтүстік Қазақстан облысында- 13,7, Маңғыстау облысында- 10,1, Алматы қаласында-9,7 [34].

Әлемдік практикада төменгі күнкөріс бюджетін құрудың ең негізгі 2 жолы қарастырылады:

1. Нормативтік әдіс - бұл ғылыми негізделген ең төменгі қажетті деңгейдегі тұтыну концепциясына бағытталады;
2. Статистикалық әдіс - бұл нақты қалыптасқан тұтыну заңдылықтары мен олардың ерекшеліктерін бейнелеуге

сүйенеді.

Әлеуметтік жұмыс практикасында аймақтардағы төменгі күнкөріс деңгейінің бюджеті кезеңділікпен есептеледі:

1. Халықтың жасы бойынша құрылымын есепке ала отырып, жанұяның орта есеппен бір мүшесіне келетін тұтыну қажеттілігі анықталады;

2. Жанұяның бір адамына келетін тұтыну қажеттілігіне кететін шығындардың ең төменгі жалпы мөлшері есептеледі;

3. Аймақтағы төменгі күнкөріс деңгейінің бюджетінің құндық бағасы құрылады.

Қазақстанда “Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету”, жәрдемақылар тағайындау, т.б. мемлекет тарапынан көмек көрсетіліп жатыр. Әлеуметтік проблемаларға кеңірек келу қоғамның денсаулық сақтау, білім салаларына, жалпы әлеуметтік әділдікке әлеуметтік қажеттілігін есепке алады.

Қазіргі Қазақстандағы этносаралық қарым-қатынастардағы тығыз байланыста тұрған ұлттардың нақты, әрі белсенді ынтымақтастығы деп сипаттауға болады, себебі республикада тәуелсіздікті бекіту барысында саяси тұрақтылық, бейбітшілік және ұлтаралық татулықпен сипатталатын демократиялық құқықтық мемлекетті құру шарттары орындалды. Яғни, барлық ұлттардың тепе-тең және ерікті өмір сүруі үшін барлық экономикалық жағдайлар жасалып, барлық құқықтық құжаттарда ұлтына қарамастан, Қазақстанның барлық азаматтары үшін бірдей құқықтық жағдайлар бекітілген.

Этносаралық қатынас мәселесіне байланысты еліміздегі әлеуметтік жұмыс мазмұны - ұлттық идеяға негізделуі қажет. Қазақстан қоғамын қазіргі таңда ұлттық

даму мәселесі алаңдатады. Біз 10-15 жылдық тәуелсіздігімізде ішкі тұрақтылық пен ұлттық бірлікті сақтап, рухани күншуақты нығайту барысында көздеген мақсатымыз - кедейшілік пен жұмыссыздық мәселесі бойынша ұлттық идеяны жүзеге асыру.

Бұл идея мемлекет саясатына етене араласып, еліміздің азаматтарының көңілінен шығуы керек. Кедейшілікпен, жұмыссыздықпен күресу аспектілері қоғам мүшелерінің қолдауына ие болары ақиқат. Бұл идея барлық ұлттарға, барлық әлеуметтік қабаттар мен жас ерекшелігінің әртүрлі топтарына жақын. Кедейшілікпен, жұмыссыздықпен күрес-адамзаттық мән-мағынанға ие.

Сондықтан да, бұл тек әлеуметтік мәселе ғана емес, саяси, экономикалық және рухани күрес. Ең бірінші-кедейлік пен жұмыссыздықты жеңілдету-адал еңбектің басым бағалануы мен экономикалық дамуымен тығыз байланысты. Сонымен бірге, қоғамды жалмап отырған-коррупция мен жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу-тек құқық қорғау органдарының ғана емес, барлық қоғам мүшелеріне де жүктелген міндет. Екінші жағынан-ауыл мен қаладағы орта және кіші бизнестің қалыпқа келтіру мәселесін ретке келтіру қажет. Бұл сфералар біркелкі дамымауы-жұмыссыздық ликвидациясына кері әсерін тигізеді.

Жұмыссыздық пен кедейшілікті жою-қоғамдағы саяси мәселелерді шешуге көмектеседі. Бір сөзбен айтқанда, елдегі саяси, әлеуметтік тұрақтылықты қамтиды. Азаматтардың патриоттық рухы күшейеді.

Ұлттық бірлік пен татулық кең етек алып, бір-бірінің дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына, тіліне, діни наным-сенімдеріне деген құрмет күшейеді.

Қазақстандағы жұмыссыздық пен кедейшілікке қарсы күрес ерекше күрделі, және оны ұлттық идея деңгейіне көтеруге әбден болады. Сонымен бірге, бізде басқа елмен салыстырғанда: байтақ территория, бай қор мен тығыз емес халықтың орналасуы- мүмкіндігіміз баршылық. Экономиканы басқарудағы дұрыс саясатты ұстану арқылы табиғи ресурстарын тиімді қолдана білу-ұлттық идеяны шындыққа айналдыруға толық мүмкіндік болар еді. Ол үшін барлық аймақтар мен орталықтардың қызығушылығын қолдайтын мемлекеттік бағдарлама құру қажет.

2.2. Қазақстан Республикасындағы ұлтаралық қатынастарды реттеудегі әлеуметтік жұмыс түрлері

Қазақстанның көпұлттылығы - біздің күш-қайратымыздың көзі, бірақ көпұлттылық біздің мемлекетіміздің ең нәзік те, ең осал да жері екені анық.


Мемлекетіміздің әлеуметтік және саяси даму мақсаттарын айқындағанда стратегиялық жалпы мемлекеттік мүдделер мерейінің үстемдігін ескеріп отыру өте қажет.

Ішкі экономикалық және саяси интеграция, жалпы Қазақстандық еңбек бөлнісінің тереңдеуі, бірыңғай экономикалық кеңістіктің қалыптасуы бөлінушілікке тойтарыс беріп, жаңа ортақ саяси күш-жігер, ұлттық мемлекеттің тірегіне айналады. Әлеуметтік саладағы бүгінгі нақты мәселелер төменде көрсетілген бағыттарды көрсетеді:

- I. Жұмыссыздық пен кедейшілік
- II. Білім беру және мәдениет
- III. Кіші және орта бизнесті дамыту
- IV. Ұлтаралық қарым-қатынастарды тұрақтандыру.

I. Жұмыссыздық пен кедейшілікке қарсы күрес жүргізу- біздің елдің ғана емес, бүкіл дүниежүзін алаңдататын мәселе. Ресми деректер бойынша елімізде 240 мың жұмыссыз бар екен. Үстіміздегі жылы алты айдың ішінде 54 мың жұмыссыз еңбекке орналастырылған. Тұтастай алғанда еңбек рыногы елде күрделі.

15 диаграмма
Аймақтар бойынша өзекті мәселелер



- 1. Орталық 2. Шығыс 3. Батыс
- 4. Солтүстік 5. Оңтүстік 6. Алматы

төмен табыс, қымбаттылығы,
 жұмыссыздық,
 қызмет түрлерінің
 жемқорлық,
 әлеуметтік әділдіктің жоқтығы,
 тіл мәселесі.

Егер біз 2015 жылы жүргізген зерттеулерді 2017 жылғы зерттеулермен салыстырсақ, аймақтар бойынша өзекті мәселелер сол күйінде қалуда: төмен төлемақы- 60,9%,

қызмет көрсетудің қымбаттылығы-58,4%, жұмыссыздық-42,2%, жемқорлық- 30,5%, қылмыс жасау- 20,7%.

Бірақ та, 2015 жылы алынған көрсеткіштер саны айқын жоғары, ал қылмыс жасау- керісінше төмендеген. Яғни, адамдардың қоғамдық өмірде тек өздерінің бақылауларына көп назар аударатындығы айқындалып отыр. БАҚ-тан коррупция жайында айтылған мәліметтер қоғамдық ой-пікірлерге де өз әсерін тигізеді.


Халықтың әл-ауқаттылық деңгейін негізгі төртке бөліп қарастыруға болады:

- Ауқаттылар
- Күнкөрісі бірқалыптылар
- Төменгі табыс алушылар
- Кедейлер.

Аталған топтардың динамикасы мен 2015-2017 жылдары аралығында өзгеруі төмендегі диаграммада айқын көрінеді.

16 диаграмма

Ұлттар мен ұлыстардың әл - ауқаттылық деңгейі бойынша классификациясы.



- 1 . Ауқаттылар 2. Күнкөрістері бірқалыптылар
3. Төмен табыс алушылар 4. Кедейлер

Бұл көрсетілген диаграммадан шығатын қорытынды: Қазақстан Республикасында күн көрістері бір қалыптылар мен ауқаттылар саны өсуде, төменгі табыс табатындар саны төмендеуде, бірақ нарықтық қатынасқа бейімделе алмай жүрген халықтың ең кедей қабаты сол күйінде қалуда.


Әртүрлі ұлттар мен ұлыстардың 2017 жылы «Қымбат заттарды сатып алу мүмкіндігіміз бар» позициясында сұралушылардың жауаптарының айырмашылықтары жоқ десе де болады.

Бұл Қазақстан қоғамындағы түрлі этникалық топтардың шексіз қамтамасыз етілгендерінің айғағы екенін айтуға болады. Сонымен бірге, күнкөрісі бір қалыптылар қатарына- грек, корей, ұйғыр ұлттары, ал аймақтық жоспар бойынша-Алматы, Оңтүстік және Солтүстік аймақтардың тұрғындары жоғары көрсеткіштер көрсеткен. 2017 жылы ақшаны азық- түлікке жұмсауда украиндар (60,7%), ал 2015 жылы социологиялық зерттеулерде өзбек ұлты (61,1%) жоғары көрсеткіш көрсеткен еді.

Ал күнкөрісі төмен, яғни табыстың жеткіліксіздігінен қиналатындар- 2017 жылы беларустар (41,1%), ал 2012 жылы өзбектер (36%), құраған еді. Бұдан шығатын қорытынды- аталған этникалық топтардан ауқаттылар мен күнкөрісі бір қалыпты адамдар азшылық.

Қазақстандық азаматтардың көбінің өмір сүру деңгейі төмен болып қалуда. Бірақ, Қазақстандықтардың жауап бергендердің жартысынан көбі (2012ж- 43%, 2005ж- 50,6%) өзінің болашағы үшін оптимизм танытқан. Өздерінің өмір сүру деңгейін орташа, яғни бір қалыпты деп көрсеткен.

17 диаграмма
Сіз өзіңіздің өмірлік бағытыңызды қалай бағалайсыз?



1. Айтарлықтай жоғары 2. Орташа
 3. Төмен 4. Жауап беруден қиналамын.

2017 жылы Қазақстан Республикасының орталық және шығыс аймақтарында тұратын беларус (57,1%) және чешен (56,3%) ұлттары өздерінің өмірлік бағыттарын өте төмен бағалайды.

Бұған себеп - беларус ұлтының нарықтық қатынастарға қабілеттене алмауы мен чешен ұлтының Республикамызда айқындалмаған жағдайы. Ал, бұл көрсеткіш корей (8,3%) мен ұйғыр (13,0%) ұлтарында аз дәрежеде, өйткені олар нарық қатынастарына жақсы икемделген болып табылады. Ал қазақ ұлтының арасынан (2015ж - 12%, 2017ж- 26,2%) өмір тіршілігін төмен бағалайтындығы социологиялық зерттеулер барысында екі есе өскен. Бұл қазақтардың патерналистік иллюзиясын өткізуімен байланысты.

Қазақстанның әрбір азаматы өздерінің мәселелерін шешуде алға үміттенеді. 2015ж. тек 4,8% респондент өз мәселелерінің шешілуінен күдерін үзген (2012ж. бұл көрсеткіш - 9,7%).

Әлеуметтік мәселелерін шешуден үмітті респонденттер 2015 жылы: экономикалық жағдайдың жақсаруымен

(49,0%), қолайлы жұмыс орнымен қамтылу (40,5%) және өздеріне сенімділік (42,2%) көрсеткен. Мемлекет көмегіне тек-19,5% (2012ж.-19,6%) үмітті.

Сонымен қоса, 2015жылы сұралушылардың 18,0%-ы мәселелерін эмиграцияға кетумен, немесе қазақстандық қоғамның шын демократизациясымен 17,7%-ы байланыстырады.

Нәтижесінде, барлық қазақстандықтар 2015 ж. мен 2017 ж. өзінің ауқаттылығына экономикалық жағдайдың жақсаруы мен жоғары табысты қызмет әсерінің ерекше екенін атаған.

Әртүрлі ұлт өкілдерінің жауаптарында мәселелерін шешу мақсатында, жақындар мен достардың көмегіне азербайжандар (41,4%), чешендер (28,1%) және қазақтар (22,8%) сүйенеді екен. Бұл негізінен топ ішіндегі бірігушілік пен тұтастыққа байланысты болып отыр. Ал басқа этностарда бұл жағдай (гректер мен ұйғырларда 0%-дан 13% дейінгі аралықты құрады) төменгі көрсеткіштерді көрсетеді.


II. Білім беру және мәдениет.

Қазақстанның білім жүйесінің трансформациялануы Қазақстан Республикасының “Білім туралы” (1992ж.), “Жоғарғы оқу туралы” (1993ж.), “Білім туралы” (1999ж.) Заңдары мен нормативтік және дерективтік актілер негізінде жүргізіледі. Этномәдени білім беруді дамыту бағдарламасы жасалып, мемлекеттік бағдарламалармен реттеледі. Социологиялық зерттеу барысында сұралғандардың “Білім реформасын білесіз бе?” деген сауалнамаға тек 22,4%-ы білетіні анықталды.

Басқалары реформа жайында не естіген (42,3%), немесе ол жайында хабарсыз (35,1%) екенін көрсеткен. Орталық аймақта 65,3% респондент реформа жайында ешқандай мәлімет білмейтіндерін айтса, Оңтүстік аймақтың тек 15,8%-ы ғана реформаны білмейтіндерін көрсеткен. Ұлттық топтарға келетін болсақ, чешендер - 75%, корейлер- 47,9%,

татарлар- 40,3%, белорустар-39,3%, қазақтар- 35,1%, гректер- 34,4%,украиндар- 32,6%, өзбектер- 31,0%, азербайжандар- 20,7%, орыстар- 26,3%, ұйғырлар- 17,4%, тағы басқа ұлттардан 38,1% респонденттер Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің реформасы жайында ештеңе білмейді екен. [2.44]

18 диаграмма
Қазақстандағы жүргізіліп жатқан Білім беру реформасымен таныссыз ба?



1. Қазақтар 2. Орыстар 3. Ұйғырлар
 4. Өзбектер 5. Татарлар 6. Гректер
 7. Чешендер 8. Корейлер 9. Украиндар
 10. Азербайжандар 11. Беларустар 12. Басқалар

Білім беру жүйесі жалпы адамзаттық құндылыққа байланысты болуы керек, деп- 53,1% респондент жауап қайтарса, 31,8%-ы құраған сұралушылар мемлекеттік негіздегі барлық халыққа бірдей болуы керек деп санайды. Аймаққа байланысты айырмашылықтар жоқ.

9 кесте

Білім беру жүйесі икемделетін құндылықтар

	2005ж.	2007ж.
Біз жаһандану кезеңінде өмір сүргендіктен, жалпы адамзаттық болуы қажет.	61,3	53,1
Мемлекеттік (ҚР барлық азаматтарына ортақ) болуы керек.	25,7	31,8
Мемлекет құрған ұлт-қазақтың құндылығына тиесілі болуы керек	4,8	3,5
Әрбір этнос мүшесіне этникалық арнаулы болуы керек	2,8	9,3
Жауап беруден қиналамын.	5	11,4

Социологиялық зерттеу барысында, қазақ мектептерін көбейтуді Оңтүстік аймақ (10,3%), ал орыс мектептері үшін- Солтүстік аймақ (8,2%) қолдайтыны анықталған. Қазақ мектебін ашуға - қазақ ұлты (16,3%), ал орыс мектебіне- өзбектер (8,1%) өтініш білдірген. Оған себеп- өзбек түлектерінің Оңтүстік Қазақстан облысында жоғары оқу орындарына түсу қиындығы.

III. Кіші және Орта бизнесті дамыту.

Қазақстанның 90 - шы жылдардан бастап нарықтық қатынастарға көшуі - әлеуметтік дифференциация, жіктер мен топтарға бөлінуіне, экономикалық өзгерістердің енуіне себепші болды.

Халықтың өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында қызмет еткен топтары нарықтық экономикаға бейімделіп, сауда-саттықпен айналасуға жаңа серпіліп берді.

Көптеген ұлттардың $\frac{1}{4}$ -і (27,8%) өздерінің мемлекеттік емес ұйымдарын, ассоциацияларын, мекемелерін құра бастады. Бұл фактіні 51,7% азербайжандар, 37,5% беларустар, 33,3% корейлер т.б. белгіледі.

10 кесте

Іс-әрекет сферасының қажеттілігі мен жету тиімділігі.

Іс-әрекет сферасы	Қажеттілік	Жету тиімділігі
өнеркәсіп	17,2	13,8
ауыл шаруашылығы	25,9	13,4
сауда-саттық	23,8	17,5
бизнес	14,5	30,2
ҒЫЛЫМ	16,9	19,6
мәдениет	16,7	19,2
басқа	0,2	0,1


Бұл кестеде қазақстандықтар үшін ең тиімді сауда-саттық пен ауыл шаруашылығы. Бірақ, $\frac{1}{3}$ бөлігі өзінің ісін ашқысы келеді екен.

Яғни, кәсіпкерлікті дамыту арқылы бәсекені көбейтіп, жеке тұлғалардың әлеуметтік өмірін жақсартуға жағдай

туады. Қазақстан Республикасының Президентінің “Орта және кіші бизнесті дамыту” бағдарламасының да орны ерекше екенін айтып өту қажет. Яғни, этникалық топтардың экономикалық бағдарламаға ұмтылысын келесі диаграммадан көруге болады:

19 диаграмма

Бизнес сферасындағы қажеттілік пен ұмтылыстар.




- | | | |
|-------------------|----------------|--------------|
| 1. Қазақтар | 2. Орыстар | 3. Ұйғырлар |
| 4. Өзбектер | 5. Татарлар | 6. Гректер |
| 7. Чешендер | 8. Корейлер | 9. Украиндар |
| 10. Азербайжандар | 11. Беларустер | 12. Басқалар |

Бизнес саласында ұйғырлар-30,7%, татарлар-18,4%, өзбектер-17,5%, қазақтар-16,2%, гректер-14,9%, орыстар-14,1%, украиндар-13,2%, басқа ұлт өкілдрі-12,8% бар екен.

20 диаграмма

Қызметтік өсу жағдайы. (5 балдық шкала бойынша)



- 1.Білім- 4,2
- 2.Кәсіби шебер- 4,2
- 3.Ауқаттылық- 4,3
- 4.Ұлты- 4,2
- 5.Тамыр- таныстардың болуы- 4,6
- 6.Мақсатшылдық- 4,1
- 7.Мақсатқа жетуге ұмтылушылық- 4,1
- 8.Еңбексүйгіштік- 4,1.

Еңбектену арқылы жоғарғы беделге ие болу басым адамдардың пікірінше мүмкін емес. Көпшіліктің ойы бойынша ауқаттылық пен қызметтік өсу білімге де, еңбекке де, жоғары квалификацияға да байланысты емес. Барлығы да- тамыр- таныстың болуында (4,6).

Сонымен, кәсіпкерлікті Республикамыздағы барлық ұлт өкілдері қолдайды, оған ұмтылыстары мен қажеттіліктері де баршылық.

IV. Ұлтаралық қарым-қатынастарды тұрақтандыру.

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында айтылғандай, стратегиялық ұзақ басымдықтың бірі- “Этностық түсініспеушіліктің себептері жойылуын, барлық этностық топтар құқықтарының тең болуын қамтамасыз ету”.


Қазіргі Қазақстандағы этносаралық қарым-қатынастардағы тығыз байланыста тұрған ұлттардың нақты, әрі белсенді ынтымақтастығы деп сипаттауға болады, себебі

республикада тәуелсіздікті бекіту барысында саяси тұрақтылық, бейбітшілік және ұлтаралық татулықпен сипатталатын демократиялық құқықтық мемлекетті құру шарттары орындалды.

Яғни, барлық ұлттардың тепе-тең және ерікті өмір сүруі үшін барлық экономикалық жағдайлар жасалып, барлық құқықтық құжаттарда ұлтына қарамастан, Қазақстанның барлық азаматтары үшін бірдей құқықтық жағдайлар бекітілген [35].

21 диаграмма

Ұлтаралық келісімді сақтауға бағытталған шаралар



1. Орыс тілінің беделін қолдайтын заң қабылдау қажет.
2. Ұлттар мен ұлыстардың құқықтарын қорғайтын арнайы заң.
3. Қарым-қатынастағы мәдени-тәрбиелік жүйелерді құру.

Өртүрлі ұлт өкілдері өзара қарым-қатынастарында тепе-теңдікке, әлеуметтік серіктестікке, ынтымақтастыққа, сұхбатқа ұмтылу барысында өзара шыдамдылық, кең пейілділік сияқты қасиеттерге талпыныс танытуда.

2.3. Қазақстан Халықтары Ассамблеясы - этносаралық төзімділік пен қоғамдық келісімнің Қазақстандық үлгісі

Тоқсаныншы жылдар басында, біздің тарихты қайта қарап, 1992 жылы Қазақстан халықтарының 1-ші

форумында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев басты мақсатты халықтар достығын сақтау үшін бұл форумды үнемі негізге алу туралы ой айтты. Қазақстан Республикасы Президентінің “Қазақстан Халықтары Ассамблеясын құру туралы” Жарлығымен елдегі қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісімділік мақсатында және Қазақстан Республикасы Конституциясының 78 - бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы консультативтік - кеңесші органда 1995 жылдың 1-ші наурызында қоғамдық-саяси аренада жаңа ұлттық саясат саласындағы институт – Қазақстан халықтары Ассамблеясы пайда болды.

Барлық азаматтардың құқықтары сенімді Конституциямен қорғалған. Ассамблея қазақстандық қоғамның терең мәнін айқындады - әртүрлі ұлттардың түсінушілігі негізінде дәл қазір Қазақстанның суверенитеті нақты мазмұнға толған кезде, біздің тәжірибе мемлекеттің әрі қарай нығаюына үлкен рөл атқарады.

Бүгін Ассамблея ұлтаарлық келісімге жетудегі дара институт ретінде саналады, өз қызметімен реформа курсы қолдай отыра қоғамның барлық деңгейіне кіріп оның негізі болып келеді.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының қызметі барысында үлкен позитивті тәжірибе жиналған, ол әлемдегі ұлтаралық мәселелерді шешуде қолданылады. Бұл үлес әлемдік деңгейдің ең жоғарғы бағасымен бағаланды. Өткен 10 жыл Ассамблея үшін үлкен жетістіктерге толы болды.

Ассамблея мақсаты- республикалық оқиғаларға баға беру мен саяси жағдайларға болжам жасау негізінде қоғамдық татулықты қамтамасыз ететін практикалық ұсыныстарды ойластыру, сондай - ақ Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан азаматтарының нәсілдік-ұлттық әлеуметтік тегін, діни сенімі мен нанымдарына тәуелсіз құқықтары мен бостандықтарын

сақтау кепілі ретінде қызметіне ат салысу[36].


Қазақстан халықтары Ассамблеясының атқаратын қызметтеріне мыналарды жатқызуға болады: мәдени-ағартушылықты, ұлттық мәдениеттерді, тілдер мен дәстүрлердің тәрбиелік мазмұнын, Қазақстанға деген ұлттық патриотизмді қалыптастыру және дамыту, ұлтаралық қатынас мониторингі негізінде ұлттар арасындағы бірлік пен татулықты күшейту, этносаралық достық қарым-қатынастарды дамытудағы мемлекеттік саясатты ұштастыру.

Қазіргі кезде Ассамблея 398 адамнан құралған. Ассамблея төрағасы- Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев.

Өзінің дамуы барысында Ассамблеяның ролі мен үлесі өте зор./22 диаграмма/

22 диаграмма

Қазақстан Республикасының мәдениетін дамыту бағыттары



2015 жыл

2. 2017 жыл

- өзара байланыс
- бір-біріне тәуелсіз
- бәрі бір қалыпта.

Тек қана ұлттық білім саласында 100 астам этникалық мектептер, 170 жексенбілік тіл орталықтары жұмыс атқарады.

Ұлтты қайта жаңғырту мектептерінде 11 тілді үйрену жөнінен 29 бөлімше жұмыс жасайды.

Мемлекет 19 республикалық және аймақтық ұлттық газет, радио және телебағдарламалардың, 6 ұлттық театрдың қызметіне қолдау көрсетеді. Үкімет жексенбілік мектептерді қаржылай қолдау үшін жыл сайын 12 млн. теңге бөледі. Бұдан басқа оларға жергілікті бюджеттен көмек көрсетіледі. Мемлекеттік деңгейде корейлердің, немістердің, поляктардың бірнеше съездері, ұйғұр, түрік, дүнген, күрд, өзбек этностарының мәдени күндері, татарлардың құрылтайы және сабантуйы, неміс балалар шығармашылық фестивальдері өтеді. Республика бойынша 373 музыкалық, 41 сурет мектебі және 97 өнер мектебі бар. Барлық аймақтарда жас ақындар, жыршылар, термешілер авторлық мектептерін құру жұмыстары жүріп жатыр. Балалардың ұлттық аспаптарға деген қызығушылығы артты, Қазақстаннан тыс жерлерде мамандардың тартылуымен фольклорлы этнографиялық ансамбльдар, топтар құрылған. Ассамблея өзінің он жылдық қызметі барысында жиырмадан аса сессия өткізді, онда маңызды елдің ұлтаралық қатынас төңірегіндегі әлеуметтік-саяси мәселелері қарастырылды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиялары:

26 сессия (28.04.2018) - «Бес әлеуметтік бастама - қоғамның әлеуметтік бірлігінің тұғыры».

25 сессия (26.04.2017) - «Жаңғырудың негізі – тұрақтылық, бірлік, келісім»

24 сессия (26.04.2016ж.) - "Тәуелсіздік. Келісім. Болашағы біртұтас ұлт"

22 сессия (23.04.2015ж.) - «Қазақстан-2050» Стратегиясы: бейбітшілік, руханият және келісім мәдениеті»

21 сессия (18.04.2014ж.) - «Қазақстан-2050» стратегиясы» : бейбітшілік, рухани және келісім мәдениеті».

20 сессия (24.04.2012ж.) - «Қазақстан-2050» стратегиясы: бір халық – бір ел – бір тағдыр».

19 сессия (27.04.2012ж.) - «Қазақстандық бағыт: тұрақтылық, бірлік, жаңғыру».

18 сессия (16.01.2012ж.) – «Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Қазақстан Республикасы Мәжіліс депутаттарының кезектен тыс сайлауы».

17 сессия (18.04.2011г.) - «Тәуелсіз Қазақстан: бейбітшіліктің, келісім мен жасампаздықтың 20 жылы».

16 сессия (20.10.2010 ж.) - «Қазақстан халқы Ассамблеясы: Сенім. Дәстүрлер. Ашықтық. Төзімділік».

15 сессия (2009 ж.қазан) – «Ұлттық бірлік – біздің стратегиялық таңдауымыз».

14 сессия (қазан 2008ж.) – «Еліміздің күші – халықтың бірлігінде».

13 сессия (2007ж.тамыз) – «Бейбітшілік, тұрақтылық және келісім біздің ең басты ұлттық басымдықтардың айналасында қоңамды біріктіруіміз керек».

12 сессия (2006ж.қараша) – «Әр жүректе – бір ел».

11 сессия (2005ж. қараша) – «Бейбітшілік, ұлтаралық келісім мен жасампаздықтың 10 жылы».

10 сессия (2003ж. желтоқсан) – «Ұлтаралық келісімнің қазақстандық моделі: тәжірибе және болашақ».

9 сессия (2002ж. қараша) – «Қазақстан халқы Ассамблеясының стратегиясы: ұлттық келісім, қауіпсіздік, азаматтық әлем».

8 сессия (2001ж. қазан) – «Тәуелсіздікке 10 жыл: бейбітшілік, прогресс және қоғамдық келісім».

7 сессия (2000ж. желтоқсан) – «Халықтың рухани мәдени дамуы – Қазақстанның тәуелсіздігін тұрақтандырудың негізі».

6 сессия (1999ж. желтоқсан) – «Достық пен келісіммен ХХІ ғасырға».

5 сессия (1999ж. қаңтар) – «Ұлттық келісім – Қазақстанның дамуы мен тұрақтылығының негізі».

4 сессия (1997ж. маусым) – «Тарихи зерде, ұлттық келісім және демократиялық реформалар – Қазақстан халқының азаматтық таңдауы».

3 сессия (1996ж. сәуір) – «Қоғамдық келісім – Қазақстанның демократиялық дамуы».

2 сессия (1995ж. маусым) – «Өткенді ұғыну және қоғамның демократиялық реформалануы».

1 құрылтай сессиясы (1995ж. наурыз) – «Біздің ортақ үйіміздегі бейбітшілік пен келісім үшін».[2.37]

Қазақстан халықтар Ассамблеясының мерекелік X съезінде мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев сөзінің басында біздің тарихымыздың екінші он жылдығы жаңа ғасырмен орайласкеліп, бұл ғасыр бұрын-соңды болмаған ұлтаралық және дін.и қақтығыстардың куәгері болып отырғанын айтып, көз алдымызда тұтас мемлекеттердің күйреп жатқанын, оның басты себебі- ұлттық мүдделердің қақтығысы екендігін атап көрсетті. сондықтан да біздің еліміздің ең басты жетістігі-ортақ Отанымыздағы ұлтаралық келісім, бейбітшілік және тұрақтылық дейтін болсақ, бұл уақыт шындығы.

Планетадағы этностық қақтығыстардың себептері сан алуан. Алайда, олардың көпшілігінің негізінде үш басты проблема жатыр.

Біріншіден, жаһандану халықтардың өзара ықпалдасуын кеңейтеді. Ол барлық қоғамдардың технологиялар жетістігін білуіне мүмкіндік береді, экономикалық құрылымдарды түбегейлі өзгертеді, дүниені біртұтас коммуникациялық жүйеге айналдырады. Бірақ, сонымен бірге ол көптген адамдардың бойында өздерінің тарихи негіздерінен-ұлттық біртктілігінен, тілінен, мәдени және діни дәстүрлерінен айырылудың табиғи қаупін туындатады.

Екіншіден, жаһандану салдарынан кейбір ұлттық мемлекеттерде ішкі қарама-қайшылықтар өршуде. Әлемнің көптеген елдерінде этностық тақырыпта “ойнайтын” әрқилы ұлттық қозғалыстар мен партиялар белсенді бола түсуде. Бұған сондай-ақ, осы заманғы бірқатар мемлекеттер ішкі этносаралық шиеленістерге байланысты ұзақ уақыттан бері жартылай ыдыраған күйде екенін қосқан жөн.

Үшіншіден, ұлтаралық қақтығыстардың көпшілігіне әлеуметтік - экономикалық проблемалардың шешілмегендігі себеп болуда. Кедейлік, жұмыссыздық, ресурстарға қол жеткізудің шектеулілігі, әлеуметтік орнықтылықтың жоқтығы, сауаттылықтың төмен деңгейі қатал жауаптарды туындатуда. Планетада сегіз жүз миллионға жуық аш адамдар бар, миллиардтан астамы-бестен бір бөлігі-күніне бір доллардан кем жағдайда өмір сүреді. Ал орасан зор байлықтар халықтың бар болғаны жиырма пайызының қолында [37].

XXI ғасырдың басты проблемаларының бірі-адамзаттың ұлтаралық келісімнің әмбебап формуласын талдап жасамағанында болып отыр деуге болады. Бұл проблеманың орасан зор қиратушылық әлеуеті бар, ол бейбітшілікке төнген көптеген жаһандық қатерлер мен сынақтардың негізінде жатыр.

Біздің ұлттық келісім - бүкіл осынау жылдардың бойында азаматтық қоғам институттарының қолдауы жағдайындағы мемлекеттің тынымсыз жүргізген жұмысының нәтижесі. Ол қазақтардың көне жерінде тұратын барлық этностар

өкілдерінің бойындағы өзара түсіністік пен төзімділікке, отаншылдық пен ел тағдыры үшін азаматтық жауапкершілікке негізделген. Ең бастысы, бізде этносаралық өзара ықпалдастықтың басты тетігі ретіндегі бірегей әлеуметтік-саяси институт-Қазақстан халықтарының Ассамблеясы құрылған. Облыстар деңгейінде халықтардың өңірлік Ассамблеясы жұмыс істейді.

Қазіргі Қазақстанда үш жүз елуден астам республикалық және жергілікті ұлттық- мәдени орталықтары әрекет етеді. Олар өз этносы тілінің, мәдениеті мен дәстүрлерінің сақталып, дамытылуына мүдделі жүз мыңдаған адамдарды біріктіреді. Мемлекет бұл процестерге қолдау білдіреді.

Бүгін және таяудағы болашақта Қазақстандағы этносаралық қатынастар үшін қауіп төндіретін қандай қатерлер бар екендігі туралы бізде толық түсінік болуы маңызды.

Бірінші сынақ- бұл дінді халықаралық лаңкестік пен экстремизм құралы ретінде пайдалану әрекеттері. Адамның санасында діни және ұлттық сезімдер әрдайым тығыз астасып жатады. Сондықтан да бүгінде дін халықтың моральдық, мәдени және рухани негіздерін жоғалту қаупінен қорғанудың маңызды тетігі ретінде қарастырылады.

Еліміздегі этносаралық келісімге түсетін **екінші сынақ** - ұлтаралық қатынастар саласында туындайтын проблемаларды ырықтанған қоғам жағдайында шешу күрделілігінің тоталитарлық жағдайдағыдан кем түспейтіндігіне байланысты. Демократия жолымен алға баса отырып, біз қоғамда болуы мүмкін кез- келген этносаралық шиеленісті дер кезінде еңсеруге әзір болуымыз керек. **Үшінші сынақ** - біз болашақта қазақ ұлты және көптеген ұрпағы Қазақстанда тұрып келе жатқан ондаған этностық диаспоралар мүдделерінің ақылға сыйымды үйлесімін сақтай аламыз ба, соған байланысты болады.

2002 жылмен салыстырғанда қазақ тіліндегі газеттер саны 25 пайызға, журналдар 12 пайызға көбейді. Барлық электрондық БАҚ-тардың 95 пайызға жуығы уақыттарының жартсында хабарларды қазақ тілінде жүргізеді. Осымен бір мезгілде мемлекет елдегі барлық халықтардың тілдерін, мәдени дәстүрлерімен салттарын сақтау және дамыту жөніндегі міндеттерді шешуде.

2004 жылы бізге жұмыстың бес бағыты бойынша міндеттерді шешуге күшті шоғырландыру көзделді:

Бірінші. Этносаралық салада, негізінен сыртқы жағдайлардың ықпалы салдарынан шиеленістің ықтимал өсуіне үн қатудың алдын-алу тетіктеріне талдау жасау керек. Бұл ең алдымен, елдегі конфессия аралық келісімді сақтау және нығайту мәселесіне қатысты.

Екінші. Жуырда ғана қабылданған "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасын іске асырудағы Ассамблеяның орны мен рөлін анықтап алу керек.

Мәдениетті түлету-біздің ортақ ісіміз. Қазақстанның мәдени мұрасы қазақ мәдениетін ғана емес, сонымен бірге елімізде тұратын әрбір этностың мәдениетін қамтиды. Сондықтан, ұлттық-мәдени орталықтар бұл бағдарламаны іске асыруға белсене қатысуы тиіс.

Үшінші. 2004 жыл - бұл Ресейдің Қазақстандағы жылы болды. Қазақстанның Ресейдегі жылының негізгі шаралары аяқталды. Жылдың қортынды аккорды Қазақстан халықтары Ассамблеясының Мәскеудегі өткен күндері болды. Бұл шаралардың бәрі біздің халықтарымыздың арасындағы достық байланыстар мен өзара түсіністікті нығайтуға бағытталды.

Төртінші. 2004 жылы Қазақстандағы тың және тыңайған жерлерді игерудің елу жылдығы атап өтілді. Дәл осы тыңның игерілуі жарты ғасыр бұрын Қазақстанда ауыл шаруашылық өндірісін дамытудың серпінді ұмтылысындағы шешуші шарт болды. Әрине, тың игеру жылдарында экологиялық және экономикалық сипаттағы

қателіктер аз болған жоқ, ұлттық мәселелерде бірқатар асыра сілтеулерге жол берілді. Яғни тың эпопеясының плюстері мен минустерін салыстыруға келмейді.

Бесінші. Әлемдік және дәстүрлік діндер съезінің барысында Астанада Ұлттар сарайын және Мәдениеттер мен діндер сарайын атаулары әзірге шартты - салу идеясы. Осынау күдіретті құрылыс Қазақстандағы ұлтаралық және дінаралық келісімнің нышанына айналады. Онда Қазақстан халықтары Ассамблеясының, республикалық ұлттық-мәдени орталықтардың штаб-пәтерлерді орналасады. Ғимараттар кешеніне мешіт, шіркеу, синагога, буддалық храм кіреді. Кез келген, тіпті ең шағын ұлттық топтың мүдделеріне назар аудару, ұлттық дәстүрлер мен салттарға деген шынайы құрмет - бұл әділ ұлтаралық тыныштықтың негізі.

Қазақстанда елімізде тұрып жатқан ұлттардың теңдік принципі қатал сақталады. Әрбір қазақстандық үшін толықұлттық өзін білдіруге барлық жағдайлар жасалған және өз этномәдениеттік мүдделерін жүзеге асыруға құқықтар берілген.

Республикада қолданылатын барлық тілдерге құқықтық кепілдіктер мен көрсетілетін құрмет кез келген ұлттың өз тілі мен мәдениетін дамытуға ажырамас құқығын қорғайды. Республиканың 40%-ке жуық орта оқу орындары мен 70% жоғары оқу орындары оқу процесін орыс тілінде жүзеге асырады. Аз ұлттардың жинақы тұратын жерлерінде ұйғыр, өзбек, тәжік, украин, неміс, поляк және басқа тілдерді оқытатын мектептер жұмыс істейді.

Ұлттық-мәдени бірлестіктер жанындағы демалыс мектептері ана тілін оқуға мемлекеттік қолдау алды. Қазіргі кезеңде 170 демалыс мектептерінде және 3 ұлттық жаңғыру

мектептерінде Қазақстанның этностық топтарының 23 тілі оқытылуда.

Қазақстанның барлық түкпірлерінде құрылған ұлттық ерекшелігін қолдайтын ұлттық-мәдени орталықтары сияқты нысан кең даму үстінде. Оның ең жоғары трибунасы – Қазақстан халықтарының Ассамблеясы.

Бүгінгі күні бұл ауқымды әлеуметтік күш өз көзқарасын Парламент палаталарында, саяси партияларда, бұқаралық ақпарат құралдарында, мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдарда білдіре отырып азаматтық қоғамның дәстүрлі институттарына толығынан сіңісіп кетті. Қазақстан халықтарының Ассамблеясы Қазақстанның саяси жүйесінің маңызды элементі болды. Ол барлық этностардың мүдделерін біріктірді, барлық азаматтардың, олардың ұлтына және діни наным-сеніміне қарамастан құқықтары мен бостандықтарын сақтауды мүлтіксіз орындауды қамтамасыз етті.

Айтылған орган этностық аралық қатынастар келісуі мен Қазақстанда бұл салада балансты құрудың өте маңызды құралына айналды.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының құрамына 27 республикалық және аймақтық, 300-ден жоғары облыстық ұлттық-мәдени бірлестіктер кіреді. Үш республикалық ұлттық-мәдени орталықтардың халықаралық мәртебесі бар.

Ассамблея ұлттық-мәдени және қоғамдық бірлестіктер өкілдерінен құрылған аймақтар әкімшіліктері басшыларының жанында консультативтік-кеңес органдары сияқты қызмет істейтін Қазақстан халықтарының 16 Кіші Ассамблеяларымен өзара іс-қимыл жасайды.

Халықтар Ассамблеясының қызметінде Қазақстан этносаралық мәселелерді шешуді дүниелік іс-тәжірибесіне енгізген үлкен оң тәжірибе жатыр. Бұл үлеске өте жоғары деңгейде лайықты баға берілген. 2002 жылы күзде біздің елімізге сапарға келген БҰҰ-ның Бас хатшысы Кофи Аннан Қазақстанды ұлтаралық келісу, дүниенің басқа мемлекеттері үшін тұрақты, орнықты дамуының үлгісі екенін білдірді.

Тәуелсіздік таңы атып, еліміз өз алдына даму жолына түсіп, демократияға бет бұрған кезде-Қазақстанда жана қоғамдық институттар өмірге келе бастады. Солардың бірі-тұңғыш Президентіміз Н. Ә. Назарбаевтың бастауымен құрылған Қазақстан Халықтарының Ассамблеясына былтыр 10 жыл толды. Еліміздегі татулық пен достықтың, келісімнің негізі болған Ассамблея жүздеген ұлттың мүддесін, тілек- мұратын қорғайтын ұйымға айналды. Соның құрамында Қарағанды облысының Кіші Ассамблеясы да бар.

Қарағанды облысының Кіші Ассамблеясы 1995 жылы наурыз айында құрылған. Бұл өзінің алғашқы күнінен бастап, маңызды қоғамдық саяси және облыстың әлеуметтік- экономикалық проблемаларын талқылау кезінде тең құқылы пікір алысу принципін басшылыққа алды. Облыс әкімінің жанындағы Кіші Ассамблеяның құрамында 67 адам бар. Олар ұлттық- мәдени орталықтардың өкілдері зиялылар, ардагерлер кеңесінің, мемлекеттік ұйымдардың өкілдері.

Он жылдың ішінде Кіші Ассамблеясының көптеген сессиялары, кеңес отырысы, ғылыми- практикалық конференциялар, семинарлар, дөңгелек столдар өткізілді. Осының бәрі облыста тұратын халықтардың мәдениеті мен тілін сақтау одан әрі дамыту, ұлтаралық келісімді нығайтуға бағытталды[38].

Облыстағы түрлі ұлттар өкілдерінің арасында достық пен түсіністік ахуалы қалыптасқан. Ұлттық-мәдени

орталықтардың шаралары біріктіруші роль атқарып, халықтардың тілі мен мәдениетін жаңғыртуға ықпал етеді. Осы жылдар ішінде ұлттық-мәдени орталықтар өздерінің қабілеті мен ізгі ниеттерін өз отандастарына дәлелдеп берді. Сенімді актив қалыптасты. Бұл жұмыстар мен қана диаспора үшін ғана емес, бүкіл қоғам үшін қажет.

Біздің облысымызда 115 ұлттың өкілі тұрып, өмір сүруде. Олардың арасында достық, өзара түсіністік және келісім ахуалы қалыптасқан. Мұны социологиялық зерттеуден байқауға болады. Мысалы, мониторинг нәтижесі бойынша тұрғындардың 78,1%-і облыстағы жағдайды тұрақты деп санайды. 25,5%-і қалыпты, 36,9%-і этносаралық қатынастар достық жағдайда деп бағалайды. Бұл өте жақсы көрсеткіш. Сұрау салынғандардың 40%-і осындай оң көрсеткіштерді экономика мен әлеуметтік өмірдегі болып жатқан өзгерістермен байланыстырады [39].

Облысымызда соңғы 4 жылда енгізілген бағдарламалық басқару тәсілі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің ырғақты дамуына ықпал етті.

Соның нәтижесінде халықтың жағдайы жақсарды. Қолданылған шаралардың нәтижесінде облысымызда ресми жұмыссыздық деңгейі 3%-тен 1,1%-ке дейін төмендеді. Үстіміздегі жылы 30 мың жұмыссыздарды еңбекке орналастыру, 14 мың адамды ақылы қоғамдық жұмысқа тарту, 17,2 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған.

Облысымызда Ресейдің, Украинаның, Беларусьияның, Қырғызстан мен Өзбекстанның түрлі аймақтарымен сауда-экономикалық байланыс жасауға келісімдерге қол қойылды. Біздің облысымызда ұлттық-мәдени бірлестіктердің 90-шы жылдардың басында құрыла бастаған. Бүгінде олардың саны 52 - ге жетті.

Соңғы үш жыл олардың филиалдары екі есе көбейді. Олардың жұмысы халықтар арасындағы достықты нығайтуға негігі тұрақтылық факторы екендігін өмір дәлелдеді. Ұлттық - мәдени бірлестіктер мемлекеттік

құрылымдар және қоғамдық ұйымдармен тығыз қарым-қатынасты жасайды. Соның нәтижесінде олар әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді белсенді жүргізуші, ұлтаралық келісім мен конфессияаралық тыныштықты нығайтушылар дәрежесіне жетіп, өз кезегінде облыс басшылығына көмекші болып отыр.

Қазақстан мен ТМД елдерінде 1 мамыр - Бірлік пен Ынтымақтастық күні болып аталып өтіледі.

Яғни, достық, бірлік, ынтымақтастық бар жерде - береке де, татулық та жүрері ақиқат.

Қазақстан Халықтарының Ассамблеясымен Мәдениет Министрлігінің өзара байланысу бағыттары:

1. Ұлттық-мәдени орталықтарға этникалық топтардың өз тілін, әдебиетін, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін тануына жағдай жасауға;

2. Қазақстан халықтарының ұлттар мәдениеті арасында өзара байланыс пен іс- әрекетті дамыту процесіне жағдай жасауға бағытталды.

Яғни, Қазақстандағы этномәдени сфераның қаншалықты дәрежеде кенін көруге болады.

Жалпы, өткенді саралай келе және ұлттық саясат саласында атқарылған жұмыстарды айта келе, мына позитивті қортындыларды айтуға болады:

1) Қазақстан халқы Ассамблеясының, ұлттық ұйымдардың интеллектуалды потенциалы және тәжірибе жинағы олардың үлкен біріккен мүмкіндіктері.

2) Қазақстандағы азаматтық жағдай және келісім бұл азаматтардың этникалық топтардың әдет-ғұрыптарына, тіліне, мәдениетіне деген құрмет көрсету және толеранты қарау қажеттілігінен туған саналы позициясы.

3) Ассамблея Қазақстан Республикасының этникааралық қатынастар мәселесін тиімді шешуші ел ретінде халықаралық авторитетінің өсуіне болысты. Бұл бағытта ол озық орын алады.

4) Әртүрлі ұлттардың өзара түсінушілігі, рухани және

мәдени құндылықтарын нәзік қабылдау қазақстандық қоғамның терең мазмұнын құрайтын халықтың менталитетінде позитивті бейнеленді, барлық этностардың идеалдарын және құндылықтардың қалыптастырды.

5) Мемлекеттік ұлттық саясат қоғамның рухани өмірінің өсуіне үлкен үлес қосты. Әсіресе қазақстандықтардың этноқұрылысына және мәдениетіне. Ассамблеяның секретариаты Қазақстан халқы Ассамблеясының халықаралық байланыстарын нығайту және кеңейту жұмыстарын жалғастыруда және де Қазақстанның ұлттық мәдени орталықтары және азаматтық қоғам құрылыстарын құру жұмыстарын жүзеге асыруда орасан зор еңбек атқаруда. Қазіргі таңда ерекше назар қазақстанның этносаралық қатынастарының шет елдегі үлгісін халықаралық институттар арқылы насихаттауға аударылып жатыр.

Қоғамдық келісімді одан әрі нығайту, сайып келгенде, еліміздің серпінді дамуын қамтамасыз ету мен өзіміз алдымызға қойған асқақ міндетті ойдағыдай орындаудың негізі болып табылады.

Сондықтан да Қазақстан халықтары Ассамблеясының практикалық қызметі мен жауапкершілігі аясын кеңейтіп, оның беделін барынша арттыра беру, әсіресе, заңнамалық деңгейде арттыру қажет.

Ассамблея еліміз дамуының жаңа кезеңінде мынадай міндеттерді дәйекті түрде шешуге тиіс:

Біріншіден. Халықтардың бірлігін нығайту және Қазақстан қоғамын жаңартудың саяси идеология мен ағымдағы “сұраныстан” биік тұратын негіз қалаушы құндылықтары бойынша арналы қоғамдық келісімді қолдау мен дамыта беру.

Екіншіден. Қазақстанның барлық азаматтары үшін олардың ұлттық, әлеуметтік, былайша айтқанда,

“зәузаттық” шығу тегіне қарамастан, тең мүмкіндіктерге негізделген біртұтас азаматтығын нығайту.

Үшіншіден. Қоғамдағы этносаралық және конфессияаралық келісім мен ықыластылықты одан әрі нығайтуға қажетті қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету.

Төртіншіден. Қоғамдағы экстремизм мен радикализмнің кез келген көріністеріне және біздің азаматтарымыздың конституциялық құқықтарына қысым жасауды көздейтін әрекеттерге қарсы қатаң әрі дәйекті қарсы тұру [40].

Қазақстанда полиэтникалық және поликонфессиялық консолидациясын қамтамасыз ететін ұлтаралық келісім стратегиясы қалыптасқан және белсенді жұмыс жасалуда.

2.4. Қазақстандағы ұлттық-мәдени орталықтарының жұмысының ерекшеліктері

Этносаралық қатынастардың теңдігі мен дамуына бір аумақта тұрып, бір-бірімен объективті байланыста тұрған халықтардың әлауметтік экономикалық қатынастары деңгейі және олардың ғасырлар бойы қалыптасып, этнос өкілдерінің мінез құлқынан, өмір салтынан көрініс табатын саяси, мәдени және демографиялық даму ерекшеліктері әсер ететіні белгілі. Алайда, ұлттар татулығы өзара келісімі олардың заң алдындағы теңдігі мен құқықтық бостандыққа негізделеді.

Әр түрлі ұлттардың өзара достық қарым - қатынастары елдің саяси жағдайы мен әлеуметтік жүйесі тұрақтылығының факторы болып табылады.

Басқа елдермен салыстырғанда Қазақстан жер көлемі бойынша алтыншы (2717300км²) және халық саны бойынша (15млн. адам) елу екінші орынды иеленді. Біздің елдің тәуелсіздігін 150-ге тарта мемлекет мойындап, 115 елмен дипломатиялық қарым - қатынастар қабылдаған.

Келесі көрсетілген кестеде еліміздегі 1999 – 2009 жылдар аралығындағы жүргізілген санақ бойынша Қазақстан халық саны көрсетіледі.

11 кесте

1999 – 2009 жылдар аралығындағы жүргізілген санақ бойынша Қазақстан халық саны

	1999ж.	2009ж.
Барлық халық	14953,1	16196, 8
Қазақтар	7985,0	1098.6
Орыстар	4479,6	3.797
Украиндар	547,1	332.2
Өзбектер	370,7	457.2
Немістер	353,4	178.2
Татарлар	249,0	203.3
Ұйғырлар	210,3	223.1
Басқа этностар	311,2	314. 2

Тоқсаныншы жылдардың ортасынан бастап біз ұлттық - мәдени орталықтарды, халықтардың үлкен шағын ассамблеяларын құруға кірістік. Бұл дұрыс бағыттағы қадам болды.

Іс жүзінде ұлттық - мәдени орталықтар азаматтық қоғамның алғашқы бір өздігінен ұйымдасқан институттар болды. Сонымен бірге, олар Қазақстандағы этносаралық келісімнің негізінен айналды.

Жалпы елімізде 471 ұлттық - мәдени орталықтар тіркелген.

Елімізде содан бері түрлі этностық топтардың әрқилы шығармашылық бірлестіктері пайда болды, ұлттық тілдегі БАҚ - тар шығады, мемлекеттік емес білім беру мекемелері - жексенбілік мектептер жұмыс істеуде.

Бүгінде елімізде қазақ, орыс, ұйғыр, неміс, корей және өзбек театры мен шығармашылық ұйымдары жұмыс істейді.

/12 кесте/

12 кесте

Сіздің мәдени сұраныстарыңызды қанағаттандыруда билік қандай көмек береді ?

Ұлттар жауаптары	2015 ж	2017 ж
Бізге қажетті, әрі толық көмек береді	22,7	11,9
Көмектеседі, бірақ толық емес	36,4	36,30
Біздің мәселеге немқұрай қарайды	24,4	26,0
Біздің сұраныстарға шектеулер байқалып тұрады	1,0	4,5
Кедергі жасайды	0,3	1,6
Жауап беруден қиналамын	15,2	21,3


Эфирге этностық топтардың он бір тілінде теле және радиохабарлар шығады, жиырмаға жуық орталық және өңірлік баспа БАҚ-тары жарық көреді.

Мемлекеттік тапсырыс аясында ғана жыл сайын ұлттық тілдерде таралымы сексен мың данадан асатын отызға дейін кітап басылады.

Бізде жүз жетпістен астам жексенбілік мектептер жұмыс істеп, оларда балалар мен жасөспірімдер жиырма үш ұлттық тілді үйренуде. /23 диаграмма, 24 диаграмма/


23 диаграмма

Бізге қажетті, әрі толық көмек көрсетіледі.



- | | | |
|-------------------|----------------|--------------|
| 1. Қазақтар | 2. Орыстар | 3. Ұйғырлар |
| 4. Өзбектер | 5. Татарлар | 6. Гректер |
| 7. Чешендер | 8. Корейлер | 9. Украиндар |
| 10. Азербайжандар | 11. Беларустар | 12. Басқалар |

24 диаграмма
Біздің мәдени сұраныстарымызға немқұрайлы қарайды



- | | | |
|-------------------|----------------|--------------|
| 1. Қазақтар | 2. Орыстар | 3. Ұйғырлар |
| 4. Өзбектер | 5. Татарлар | 6. Гректер |
| 7. Чешендер | 8. Корейлер | 9. Украиндар |
| 10. Азербайжандар | 11. Беларустар | 12. Баскалар |

Жоғарыдағы диаграммаларда көрсетілгендей, азербайжан ұлт өкілдері ғана биліктің көмегіне қанағат білдіреді, ал басқа ұлттар мен ұлыстарда (беларустар мен гректерде 0% - 18,8%) да аз болса да көрсетіледі деп көрсетілген. Бірақ, басым көрсеткіштер биліктің көмегіне көңілдері толмайды, не болмаса мемлекет олардың мәдени сұраныстарына немқұрай қарайды деп көрсеткен.

Әр халықтың өз тарихы мен мәдениетіне азаматтық ынтасының артуы- жаңа бірлестіктер құрылуынан байқалды. Үш жылдың ішінде қалалық және аудандық филиалдардың саны екі есеге өскенін мақтаныш етуге болады. Қарағанды облыстық 56 ұлттық- мәдени орталықтың 18- і облыс орталығында, қалғандары Жезқазған, Теміртау, Сәтпаев, Саран, Шахтинск, Балқаш қалалары мен Нұра, Бұқар жырау аудандарында жұмыс істейді. Германия, Украина, Беларусь Республикасы, Литва, Польша, Армения елшіліктерімен тұрақты байланыс жасауда [41].

Елімізде азаматтардың, олардың этностық және діни наным-сенімдеріне қарамастан теңдік құқықтары мен

бостандықтарын қамтамасыз ететін құқықтық база құрылды.

Ұлттық саясат пен ұлтаралық диалогты іске асыратын Қазақстан халықтары Ассамблеясы ретінде тиімді тетік құрылды. Жалпы адамгершіліктік құндылықтары бар көп мәдениетті қоғам құрылды. Рухани сәйкестік біздің отандастарымыздың азаматтық және саяси тұтастығын толықтырады.

Тепе-тең тіл саясатын өткізуге қол жеткізілді. Қазақстанның лингвистикалық байлығы жалпы қазақстандық мәдениетті байытады және көпұлтты Қазақстанның тұтастығын нығайтуда маңызды фактор болып табылады. Конфессиялар аралық келісім мен төзімділік қамтамасыз етілді.

Қазақстандық қоғамның демократиялануы ана тілдеріндегі бұқаралық ақпарат құралдар санының өсуіне әкелді. Республикада 11 ұлт тілдерінде газет-журналдар басылады, теле және радио хабарлар береді. Жыл сайын мемлекеттік тапсырыс бойынша Қазақстанның этностық аз халықтарының тілдерінде жалпы тиражы 80000 данадан жоғары кітаптар басылып шығады. Қазақ, орыс театрларынан басқа ұйғыр, неміс, корей театрлары қызмет істейді. Ұлтаралық қатынас саналуандық тұтастығы принципіне негізделген. Қазақстандағы азаматтық бейбітшілік пен келісім – бұл мемлекеттің, барлық қоғамның мұқиятты жұмысының нәтижесі.

Облыстың ұлттық-мәдени бірлестіктері жергілікті атқарушы органдардың үнемі назарында. Аудандар мен қалалар әкімдігі жанынан олардың қызметін үйлестіретін қоғамдық кеңес жұмыс жасайды. Оларға материалдық және моральдық қолдау көрсетіледі.

Облыс орталығында “Сарыжайлау” Достық үйі жұмыс жасайды. Оның күмбезінің астында корей, поляк, еврей,

украин, грек, азербайжан облыстық ұлттық-мәдени орталықтары жиналып, өз қызметтерін жандандыра түсті. Олар келісілген кесте бойынша арнаулы бөлмелерді кездесу өткізуге, жексенбілік мектеп сабағы үшін пайдаланады.

Кіші Ассамблея Қазақстан Халықтары Ассамблеясының стратегиялық міндеттерін іске асырып, облыста тұратын халықтардың мәдениетін жаңғыртып, дамытуға ықпал жасайды. 1996 жылдан бері облысымызда ұлттық мәдениеттің фестивалі өткізіліп келеді [42].

Мәдени біртұтастық ұлттыққа тікелей байланысты. Сондықтан да, сұралған ұлт өкілдерінің көзқарастары бойынша, ұлттық жалпы білімдік мектептер - 13,8%, балабақша - 17,1%, ұлттық-мәдени орталықтар—4,9%, кітаптар мен газет - журналдар - 6,8%, радио мен телебағдарламалар - 9,2%, жоғары оқу орындарына квота - 18,8%, өз тілінде құжаттану - 28,4%, ұлттық - мәдени күндер мен дәстүрлі мерекелер - 4,2% деңгейде қажетін өтеген.

Жалпы, Қарағанды облысында 18 ұлттық - мәдени орталықтар тіркелген. Оның ішінде кейбір орталықтарына тоқталсақ:

- “Намус”- азербайжан ұлттық - мәдени орталығы қоғамдық бірлестігі 2001 жылдың 6-шы тамызында тіркелген. Бірлестіктің атауында маңызды мазмұн бар: “Намус”- ол ар-намыс. Орталық азербайжан халқының дәстүрін, салтын, тілін, мәдениетін жаңғыртып, сақтап, дамытуды мақсат етеді. Орталықтың қасында азербайжан тілін оқытатын жексенбілік мектеп бар. Оған мол тәжірибесі бар Мамедов Жұман-оглы сабақ береді. Аталмыш орталықтың төрағасы- Мамедов Агиф Гамил-оглы.

- “Эребуни” армян ұлттық - мәдени орталығы әділет басқармасында 1994 жылы тіркелген. Армян диаспорасының белсенділері, “Эребуни” армян ұлттық -

мәдениет орталығы кеңесінің мүшелері өз күш-жігерлерін Қазақстан Республикасы тұрғындарының барлық топтарын біріктіруге, армян тілін, тарихын, әдебиетін, армянның халықтық қол өнерін үйренуге жағдай жасауға, армян мәдениетін сақтап, дамытуға, өздерінің тарихи отандарының салт - дәстүрін насихаттауға бағыттауда. Минасян Владимир Арамович басқарады.

-Беларус диаспорасы “Спадчына” беларус мәдени қоры түрінде 2002 жылы 17 қаңтарда заңды түрде тіркелген.оны құруға бастама көтерген Анатолий Васильевич Фарино. “Спадчына” орталығын құру беларустардың басын біріктіріп, беларус мәдениетін, тілін, салт-дәстүрін үйренуге орай түрлі шаралар өткізуге мүмкіндік берді.

- “Авги” грек мәдени орталығы (орысшаға аударғанда “Рассвет” деген сөз) 1996 жылы тіркелген. “Авги” орталығының негізгі мақсаты - Қазақстандағы гректердің ұлттық мәдениетін жаңғыртып, ана тілін дамыту, олардың азаматтық, саяси, әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен бостандықтарын қорғау мен іске асыруға көмек көрсету. Мәдениет орталығының қасында жексенбілік мектеп жұмыс жасайды.

- 1990 жылы еврей мәдениетінің Қарағанды орталығы құрылған. Еврей қауымының төрағасы-Фалилович Михаил Яковлевич. Еврей қауымының жұмысы мынадай бағдарламалық сипатта: жалпы білім беру, қариялар мен аз қамтылған адамдарға қайырымдылық жасау, медициналық көмек, ақпараттық қолдау, ритуалдық қызмет көрсету және еврей зираттарын ретке келтіру, бас бостандығынан айыру орнында отырған еврейлерге болашақта көмектесу. Орталықтың мақсаты мен міндеті-ұлттық мәдениетті дамыту, еврей халқының дәстүрлерін жаңғырту, ұлтаралық қатынас мәдениетіне тәрбиелеу, қоғамдық бірлестіктер және орталықтар ынтымақтастық дамыту, ивритті оқу[43].

-Қарағанды облыстық корей мәдени орталығы 1989 жылдың қыркүйегінде құрылған. Оны Ким Лилия

Михайловна басқарады, қоғамдық ұйымның негігі міндеті: корей мәдениеті мен тілін, салт- дәстүрін одан әрі дамытып, жаңғырту, қоғамның демократиялық жаңаруына диаспораның белсенділігін көтеруге көмек беру. Орталықтың басты жетістігі оның жоғары беделі, жинақталған тәжірибе, ұрпақтар жалғастығын бекітетін, үлкендерге, ана тілі мен мәдениетіне құрмет көрсетуге тәрбиелейтін дәстүрлер.

-“Литвуаника” Литва ұлттық – мәдени орталығы, бұл орталықтың төрағасы-Тварионас Виталий Иванович. Литва ұлттық – мәдени орталығы жұмысы мынадай бағдарламалық сипатта: жалпы білім беру, қазақ тілін үйрену, оқытушылық курстар, қариялар мен аз қамтылған адамдарға қайырымдылық жасау, медициналық көмек, ақпараттық қолдау.

-Чешен мен ингуш диаспоралары енетін Қарағанды облыстық “Вайнах” ұлттық - мәдени орталығы 1995 жылдың қаңтар айында құрылған. Ол құрылған алғашқы күннен бастап өзінің алдына ұлтаралық келісімді сақтау, аймақта тұратын басқадай этникалық топтардың өкілдерімен мәдени және қоғамдық байланыстарды нығайту, ұлттық мәдениет пен дәстүрді, тілді жаңғырту және тарату міндетін қойған. Облыстық “Вайнах” ұлттық мәдени орталығы 1995 жылдың қаңтар айында құрылған. Ол құрылған алғашқы күннен бастап өзінің алдына ұлтаралық келісімді сақтау, аймақта тұратын басқа да этникалық топтардың өкілдерімен мәдени және қоғамдық байланыстарды нығайту, ұлттық мәдениет пен дәстүрді, тілді жаңғырту және тарату міндетін қойған. Облыстық “Вайнах” чешен-ингуш ұлттық – мәдени орталығының төрағасы – Тутаков Альви Алаудинович.

Сонымен бірге, Қарағанды облысында: “Видергебурт” неміс орталығы Қарағанды облыстық қоғамы, Қарағанды облыстық “Поллония” роляк қоғамы, “Дания” румын мәдени қоғамы, облыстық “Согласие” орыс мәдени

орталығы, татар – башқұрт ұлттық – мәдени орталығы, республикалық ұйғыр ұлттық – мәдени орталығының Қарағанды филиалы т.б. ұлттық орталықтар мәдени өмірімізде біте қайнасып өмір сүруде.

2.5. Дінаралық түсіністік пен сыйластық Қазақстан халықтарының толеранттылық басымдықтарының негізі.

Қазіргі кезде ұлтаралық қақтығыстар қаупінің себеп – салдарын зерттеу ТМД елдері үшін көкейтесті мәселелерге айналып отыр. Басқа елдермен салыстырғанда ұлтаралық қатынастарда өзіндік бағыты бар Қазақстан үшін де бұл өзекті мәселе. Елбасының Қазақстан халқына жолдауында айтылғанындай, стратегиялық ұзақ басымдықтың бірі – «этностық түсініспеушіліктің себептері жойылуын, барлық этностық топтар құқықтарының тең болуын қамтамасыз ету» [44].

Әлбетте, этноәлеуметтік шиеленістер мен қақтығыстар кездейсоқ, кенеттен туындамайды. Оның негізінде, ең алдымен, әлеуметтік - экономикалық және саяси факторлар жатады. Олар – ұлтаралық және ұлттық ішкі қарым-қатынастар қайшылығынан жанама түрде көрініс береді.

Қазіргі ақпараттың көпке аян ауқымы адам қабілеті қорыта алар мүмкіндіктен анағұрлым асып кеткен тұста, қауіп - қатердің жаңа түрі бой көтеріп, сыни зердеге зәрулік айқын аңғарылуда.

Қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарында, тіптен кейбір саясаткерлердің көпшілік алдындағы мәлімдеулерінде жана мағына жамылған - «исламдық қауіп - қатер» деп аталатын жаңа сөз жиі – жиі қайталанатын болып жүр. Яғни әңгіме діни экстремизмнің, сепаратизмнің немесе терроризмнің жалғыз – жарым оқиғалары туралы емес, керісінше діни

ағым ретінде қауіп – қатер тікелей исламның өзінен туындайды дегенге сайып отыр.

Әлемнің көптеген бөліктерінде, әсіресе, Еуразияның азиялық бөлігінде діни экстремизмнің күшейе түсуі, әр қилы себептерге орай туындауымен мүмкін болатын салдары тұрғысынан да, әрі ескерту саясаты мен ауыздықтау әрекеттерінің нұсқасы тұрғысынан да, бұл құбылысқа бізді ыждағатпен қарауға мәжбүр етеді.

Қазақстанда діни экстремизм – үлкен аяда көрініс таба қоймаған құбылыс, алайда түптің түбінде, конфессиялық тұрақсыздық процесі бізде де төбе көрсетуі мүмкін – ау деген қауіп белгілі дәрежеде бар. Әрине мұндай қуатты қауіп – қатер, оны дер кезінде сезінбеген немесе алдын алмаған жағдайда төбе көрсетпек [45].

Демек, біздің көпұлтты және көп конфессиялы қоғамымызда конфессиялық экстремизмнің төбе көрсету мүмкіндігіне үстірт қарауға тіпті де болмайды, олай ету мейлінше қауіпті. Қазірдің өзінде Орталық – Азиялық аймаққа халықаралық экстремистік және террористік топтар ықпалының тарай бастауы біздің аймақ үшін де айқын қауіп болып отыр.

Соңғы кездері Орталық Азия республикаларында, осы елдердің саяси тұрақтылығын бұзуға қауіп төндіретін үгіт – насихат тактикасы халықаралық террористік ұйымдар тарапынан мейлінше қарқын алып отырғанын байқамауға болмайды.

Сондықтан да конфессиялық қауіпсіздік дегенді кең мағынасында – мемлекеттік кепілдіктер мен халықтардың және ұлттардың рухани әлуетін қорғаудың, сондай-ақ діни сенім еркіндігіне қауіп төндірушілік пен дін аралық келісімге бір мезгілде қарсы тұрушылық әрекеттерінің жүйесі деп білу қажет.

Біріншіден, Құдайға құлшылық ету және белгілі бір діндердің канондарына сәйкес ырым жораларды сақтау, үшін ұлтына қарамастан, Қазақстанның әрбір азаматының діни

толық еркіндігі мен бостандығын алдағы уақытта қамтамасыз ету үшін мемлекеттің кепілдігі мен қолдауы қажет.

Екіншіден, Қазақстан, зайырлы мемлекет ретінде, конфессия аралық қақтығыстарға қарсы әрекет ететін шаралар қабылдауға кепілдік етеді. Мұның белгілі бір діннің конфессиялық ағымдарға нұқсан келтіруіне әкеп соқтыратын ішкі саяси шешімдерге де, сондай-ақ заң шығару бастамаларының баптары мен акттеріне қатысы бар.

Үшіншіден, мемлекет ұлттық қауіпсіздікке қазақстандық азаматтардың өмірі мен сау-саламаттылығына қатер төндіретін діни экстремизмнің кез-келген көрінісі мен мақсатты түрде және нәтижелік пен күрес жүргізіп, оны жүзеге асырады.

Бүгінгі күнде Қазақстанда 2993 діни бірлестіктер (40-тан жоғары конфессиялардан тұратын) қызмет етеді, соның ішінде 2563-і заңды тұлғалар мен филиалдар.

Діни бірлестіктердің жалпы саны ішінен 1638-і мұсылмандық, 237 – православандық, 949 – протестанттық, 73 – католиктік, 21 – иудейлік және 75 -өзге, негізінде, дәстүрлі емес болып табылады.

Республика аймағында 262 шетел миссионерлері уағыз таратады, 2225 діни құрылыстар орналасқан.

Мемлекет пен діннің өзара іс-қимылының негізгі принциптері, сондай-ақ әртүрлі конфессиялар арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының Конституциясында анықталған. Оның бірінші бабында біздің республикамыз демократиялық, зиялы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет болып жарияланады.

Діннің мемлекеттен бөліну принципі заңды түрде бекітілген. Соған сәйкес:

- ❖ Мемлекет пен оның органдары өз азаматтарының дінге

деген көзқарасын бақылауға құқығы жоқ және осы белгі бойынша азаматтардың есепке алуды жүргізбейді;

❖ Мемлекет конфессиялардың ішкі қызметіне (егер іс жүзіндегі заңдар бұзылмаса) араласпайды;

❖ Мемлекет діни бірлестіктерге материалдық немесе қандай да болмасын өзге, соның ішінде қаржылай, көмектер көрсетпейді. Діни бірлестіктер қандай да болмасын мемлекеттік қызметтерді атқармайды;

❖ Діни бірлестіктер мемлекет істеріне араласпайды, тек қана азаматтардың діни мұқтаждықтарын қанағаттандыру мәселелерімен айналысады;

❖ Мемлекет діни бірлестіктердің заңды қызметін қорғауға міндеттеме алады, олардың мәртебесін заңды реттеуден бас тартпайды, олардың қызметін заңды түрде ресімдеумен айналысады. Бұл конфессиялар мен өкімет арасында белгілі балансты қамтамасыз етеді;

❖ Қазақстанда өкімет конфессиялар аралық диалогтың дамуына, әртүрлі діни нанымдар өкілдерінің арасында өзара түсіністік пен төзімділік жағдайын тудыруға ықпал жасайды.

Бұл мақсаттарда Үкімет жанындағы Діни бірлестіктермен байланыс бойынша Кеңес, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі конфессиялар аралық диалог пен дінитөзімділіктің мәселелері бойынша дөңгелек үстелдер, семинарлар, конференциялар өткізуге көмек көрсетеді.

Мемлекет пен дін арасындағы қазіргі әртүрлі байланыстар дінге өкіметтік институттар мен қоғам өміріне ықпал етуге рұқсат береді.

Діни қайраткерлер Ел Президенті (Қазақстан халықтарының Ассамблеясы) және облыстық әкімдер (Кіші Ассамблеялар) жанындағы консультативтік органдардың жұмысына қатысады.

Бұл діни бірлестіктер қызметтің заңды негізін анықтайтын базистік принциптер - өткен жылдары атқарылған ұзақ жұмыстың нәтижесі екенін атап өту керек [46]

Тоқсаныншы жылдардың басында тәуелсіз Қазақстанға кеңестік жауыққан атеизмнің ауыр мұрасы – іс жүзінде заңнан тыс қалған және ресми өкіметтің реттелген қызметіне толығымен бағынған діни қауымдардың тең құқықтан айырлуы қалған болатын. Бұл жағдайларда нақты ұждандық бостандығы мен діни нанымдар туралы сөз қылуға да болмайтын. Кеңес уақытынан кейінгі Қазақстанда діни бірлестіктер мен дін адамдарына ресми көзқарас радикалды түрде өзгерді: бірінші рет олардың тек қана міндеттері емес, сонымен қатар құқықтары да нақты белгіленді. Олар әлеуметтік және құқықтық өзара іс-қимылдың толық субъекттары болды.

1992 жылы дін адамдарына діни мұқтаждықтарын қанағаттандыру үшін көптеген мүмкіндіктер беретін «Діни наным бостандығы мен діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Халықаралық- құқықтық актілерге, халықаралық құқықтың принциптері мен нормаларына сәйкес қабылданған бұл заң мемлекеттің конфессиялар кеңістігінде барынша либеральдық саясатты белгіледі. Осы саладағы мемлекет саясатының негізіне рухани келісім мен конфессиялар аралық ынтымақтастық салынды.

Айта кетерлік, Қазақстан – ТМД елдері кеңістігінде алдыңғы қатарлы елдердің бірі болып ғаламдық қайшылықтардың қиын кезеңінде рухани келісім идеясын нақты күшке әкелді. Тәуелсіздіктің бірінші жылдарындағы

қиыншылықтарына қарамастан біздің республика 1992 жылы Рухани келісімнің 1 Әлемдік конгрессін өткізген орын болды.

Содан бері 18 қазан күні Қазақстанда Рухани келісім күні болып белгіленді. Жалпы алғанда Қазақстанның дін саласындағы ресми саясаты конфессиялардың тәуелсіздігіне және тұрақты дамуына кепілдік береді, барлық дінге сенушілерге қоғам өміріне толық қатысуға, тең құқылық болуына қарсылық жасамайды. Осы саясатты рухани жетекшілер, соның ішінде Иоанн Павел II Папасы мен Мәскеу және барлық Ресей Патриархы Алексей II мақұлдады. Еліміздегі халықтардың дінге еріктілік құндылықтарының, конфессиялар диалогы мен мәдениеттерінің жолын ұстаушылығы дін саласындағы мемлекеттік ойластырылған саясат. Сондай-ақ, әртүрлі дін өкілдерінің қоғамның тұрақтылығын нығайту және Рухани келісім күндері кезеңдерінде нақты көмек көрсету үшін бірігу дәстүрлері Қазақстанда рухани келісімнің абстаркты идея емес, шын мәнінде нақты өмірлік жағдай екеніне әкелді [47].

Қазақстан зайырлы мемлекет ретінде дін істеріне мемлекеттің араласпауы, осыған сәйкес мемлекеттің тікелей басқару процестеріне діннің де араласпауы принциптерін ұстанады. Дей тұрғанмен, мұның өзі, конфессиялық құрылыс пен мемлекет дамуының проблемаларынан мемлекет сырт қалады немесе сырт қалуға тиіс еместігі сияқты, діндар адамдар мен діннің өзі де қоғаммен мемлекет өміріндегі қоғамдық, керек болса, саяси мәнді рөл атқармау керек немесе атқармайды дегенді де мүлде білдірмейді. Қалай дегенмен де, діндарлардың азаматтық құқығын кемсітпей-ақ, жеке дінді немесе конфессиялық ағымды шектен тыс саясаттандырған жағдайда,

конфессиялық қауіпсіздіктің сыңға түсуі кәдік екенін айту қажет.

Бұл жерде мемлекеттің зайырлы дәрежесімен тепе – теңдікті сақтауы мүмкін немесе сақтауға тиіс формула айтарлықтай қарапайым: діндар адамдардың азаматтық құқықтары және демократиялық еркіндіктері бар. Ел ішінде экстремизмнің айтарлықтай бұқаралық сипат алуына саяси ерік – жігер ережелерді ғана тосқауқыл емес, сонымен бірге, ең алдымен, Қазақстанның тұрғылықты этносының табиғатындағы конфессиялық діни кеңшілігі де себептің зоры. Қазіргі Қазақстанда үш жүз елуден астам республикалық және жергілікті ұлттық - мәдени орталықтары әрекет етеді. Олар өз этносы тілінің, мәдениеті мен дәстүрлерінің сақталып, дамытылуына мүдделі жүз мыңдаған адамдарды біріктіреді. Мемлекет бұл процестерге қолдау білдіреді.

Әлем сарапшыларының зерттеулері бойынша діни, саяси экстремизм мен терроризмнің түпкі тамыры үлкен геосаясатта жатыр. Өзінің астыртын саясатын жүргізу үшін, әсіресе діни экстремизмді қолшоқпар ету қазіргі заманда ғана емес, жүздеген жылдар бұрын да болған.

Экстремизмнің өркен жаюуына әр мемлекеттегі экономикалық - әлеуметтік жағдай да өз әсерін тигізеді. Мамандардың сараптауынша, күнкөрісі төмен, жұмыссыздық пен кедейшілік жайлаған елдер мен халық күмәнді ұйымдардың қағидаларына еліктегіш келеді. Үкіметтен, биліктен көңілі қалған, болашақтан үмітсіз қарапайым халық діни экстремистердің үгіт-насихаттарына сеніп, олардың қатарына оңай қосыла кетеді. Інжілдік, буддистік және ислам бағытындағы дәстүрлі емес әртүрлі діни ағымдардың ықпалында адасып жүрген қандастарымызға, оның ішінде, әсіресе, жастарымызға

қауіптісі — бабаларымыз ұстанған мұсылман дінін жамылып, әрекет етіп жүрген исламдық ұйымдар. Осы ұйымға қазақ жастарының қатарының көп екені алаңдатады.

Жалпы Қазақстанда 46 конфессия және деноминация бар екен. Халықтың көпшілігінің діни сауатының таяздығын өз орайларына сай пайдалана білген олар ұтымды қимылдауда.

Қазақстан Республикасының құқық қорғау құрылымдары өзге елдердің тиісті органдары мен бірлесе отырып, республика аумағына тіркелместен жұмыс істеп жатқан радикалды діни ағымдарды насихаттайтын бірлестіктерді, шет ел миссионерлерін анықтап, олардың жолын кесуде. Біз қазір төрткүл дүниенің Батысы мен Шығысы, Солтүстігі мен Оңтүстігі арасындағы тайталастың тым өршіп кеткенінің куәсі болып отырмыз.

Әрине, жер бетіндегі адамзат қауымы біртұтас. Бірақ олардың ұстанатын діни сенімі де, ділі де, дүниетанымы да, ойлау машығы да сан алуан. Әрбір ұлт пен ұлыс жаһанданудың нәтижесінде жұтылып кетпей өзіндік ұлттық ерекшелігін сақтап қалғысы келеді. Біреулер күрестің тым ұшқары түрі - жанкештілік (шаһиттік) пен ланкестікті (терроршылдық) таңдап алуда. Экстремизм мен терроризмге қарсы мемлекеттер біріге ғана тиімді күрес жүргізе алады [48].

Көбінесе ұлтаралық қақтығыстардың дамуы халықтың өз материалдық және әлеуметтік жағдайының нашарлауын, белгілі бір этнос мүшелерінің құқықтары мен бостандықтарының аяққа басылғандығын сезініп, түйсінуінен басталады. Соңғы он бес жыл бедерінде

дәстүрлі дінімізді баса-көктеп халық үшін беймәлім, жаңа «дәстүрлі емес» діни ұйымдар пайда болды.

Атап айтар болсақ, пресветриандық және методизм, протестанттық конфессиялар, сондай-ақ «Агапе» «Жаңа аспан» сияқты протестанттық шіркеулер, «Бахаи» «Шайтан шіркеуі», «Саентология шіркеуі» сияқты қаптаған діни бірлестіктер идеологиясыз бос кеңістігімізге лап қойды (діни бірлестіктердің өсу динамикасы туралы ресми мәліметі көрсетілген 13-і кестеге назар аударыңыз).

13 кесте

Жылдары	1989	1993	1995	1996	1997	1998	2001	2002	2005	2007
Барлығы	661	977	1180	1503	1642	2100	2502	2987	3072	3259
Ислам	46 (4)	296	483	679	826	1000 (1)	1282	1633	1652 (1)	1766 (1)
Орыс православие шіркеуі	62 (3)	131	165	185	196	220 (3)	221	222	241 (4)	255 (4)
Рим католик шіркеуі	42	66	66	73	74	77	68	74	378 (2)	90
Евангелие-шіл христиан-баптистер	168 (2)	161	130	140	141	242 (2)	268	281	378 (2)	291 (3)
Лютерандар	171 (1)	152	117	110	84	84	100	100	100	28
Жетінші тун адвентисте-рі	36	36	34	41	45	64	101	104	104	62
Иегова куәгерлері	27	33	27	45	52	97	117	124	131	104
Елушілер	42	36	19	18	19	37	32	42	45	50
Жаңа құрушылар	13	21	82	175	131	166 (4)	293	313	342 (3)	450 (2)
Басқалары	81	92	91	96	108	110	139	94	93	159

Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктер саны

Қазіргі Қазақстандағы дәстүрлі емес діни қауымдарға төмендегілер енеді: 5 буддистік қауым, 24 индуистік, 12 кришнаиттік, 23 бахаи, 2 трансценденталдық медитация

қауымы, 2 ұлы ақ бауырластық қауымы, 6 саентлогия шіркеуі қауымы және т.б. [49].

Қайырымдылық қоры болып тіркеліп алған діни ұйымдар артынша ашық түрде діни уағыздарын емін-еркін насихаттауға көшеді. Діннен сауаты аз қарапайым халық қай діндерге сенерін білмей, дал. Бұл ретте ислам атын жамылған аты шулы террорлық діни ұйымдардан дер кезінде іргесін аулақ салған абзал. Мәселен, «Әл-Каида», «Шығыс Түркістан ислам партиясы», «Өзбекстан Ислам қозғалысы», «Күрд халық конгресі» Жоғарғы соттың 2004 жылғы 15 қазан айындағы шешімімен террорлық ұйым болып танылды [50].

Сонымен бірге, «Асбат әл-Ансар», «Мұсылман бауырлар», «Боз құрт», «Орталық Азия моджахедтер жамағатты», «Лашкар-и-Тайба», «Талибан», «Синрике», «Шығыс Түркістанды азат ету ұйымы», «Азия мұсылмандары комитеті», «Ислам даму орталығы» діни бірлестіктерінің қызметіне Астана қалалық соты тарапынан шектеу қойылды. Одан өзге 2005 жылдың 28 наурызынан бастап «Хизб-ут Тахрир» ұйымы экстремистік деп танылып, қызметіне тосқауыл қойылған. Жалған дін жайған кейбір діни ұйымдар тарапынан құқық бұзушылық пен азаматтардың бостандығына нұсқан келтіру фактілері жиілеп кеткен.

Мысалы, 2006 жыл бойына жаңартылған «Діни сенім бостандығы» заңын діни бірлестіктер тарапынан бұзылғаны туралы 1911 ұсыныстар келіп түскен. Сол жылы әділет органдарына есепке кірмеген діни бірлестіктер мен миссионерлерге 178 әкімшілік іс қозғалған. Алайда, «Діни сенім бостандығы» туралы заңнамамыздың әлсіздігінен ішкі

істер органдары әбден басынған миссионерлерге еш тосқауыл қоя алмай отыр. Халық арасында дін тақырыбындағы әлеуметтік зерттеулердің қорытындысы бойынша, «Миссионерлердің жұмысына шектеу қою керек пе?» деген сұраққа сұралған 500 адамның 46 пайызы миссионер атаулыға түбегейлі қарсы болса, 5 пайызға жуығы «қажет емес» деп жауап берген [51].

1999 жылы діни бірлестіктердің құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатымен Қазақстанның діни бірлестіктер қауымдастығы құрылды. Бұл қауымдастық 200-ге жуық діни бірлестіктерді біріктіреді. Елімізде евангелшіл христиан-баптистердің қауымдары 10 мыңнан аса сенушілерді біріктіреді. Бірлестіктің орталығы Қарағанды облысының Саран қаласында. Евангелистер 2010 жылға дейін Қазақстан мен Орталық Азия елдерін евангелшілдендіру жоспарын басшылыққа алуда.

Сонымен бірге "Кришна санасы" қоғамы елімізде әрекет етіп отырған жаңа діни ағымдардың бірі. Бұл діни ағым жастар арасында кеңінен таралып жатыр.

Елімізде "Әл-Каида", "Мұсылман бауырлар", "Талибан", "Лашкар", "Боз-күрт", "Өзбекстан ислам қозғалысы" және т.б лаңкестік ұйымдардың қызметіне тыйым салынған.

Миссионерлер баратын ел халқының дінін, тарихын, әдет-ғұрпын, ділі мен психологиясын зерттеп біліп барады.

Көптеген миссионерлер жергілікті халық басым елді мекендерде тұрып, сол халықтың тілін, әдет-ғұрпын, мінез-құлықтарын өз қызметтерін табысты атқару үшін жетерліктей деңгейде зерттеп, үйренеді. Жұмыссыздар, өмірден өз орнын таппағандар, рухани ізденісте жүргендер, жеке басы және отбасындағы психологиялық

қиындықтарға төзе алмағандар, Ислам дінін терең білмейтіндер, әсіресе жастар миссионерлердің үгіт-насихатына тез ілігеді.

"Жаңа" культтардың бірі - Бахаи сенімінің бастауында "Баб" деген лақап атымен белгілі болған Сейд Әли Мұхаммед тұр. Ол өзін пайғамбар деп жариялаған. Бахаи сенімінің ең жоғарғы ұйымы - дүниежүзілік әділдік үйі Израиль мемлекетінің Хайфа қаласында орналасқан. Бахаи сенімінің ұлттық рухани мәжілісі елімізден 1994 жылы тіркелген. Қазіргі уақытта Бахаи сенімінің 80-нен аса қауымы бар.

Қазақстандағы тұрғындар арасында экстремизмнің қалыптасып, дамуына көп мүмкіндіктер бар. Оның ішінде Қазақстан жастары арасында діни экстремизмнің таралу қорқынышы жоқ емес. Жас адамға қоғамдық қадағалау мен жақсы көзқарас қажет. ҚР әлеуметтанушылар ассоциациясы мен бірқатар саясаткерлердің сауалнама мәліметтеріне сүйенсек, 18ден - 29 жас аралығындағы жастар арасында 39% - ислам дінін ұстанушылар, 26% христиан, 0,2% синогогқа сенеді, ал 0,5% - буддистер, 27,5% - ешқандай дін ұстанбайды екен.

Халық арасында дін тақырыбындағы әлеуметтік зерттеулердің қорытындысы бойынша, «Миссионерлердің жұмысына шектеу қою керек пе?» деген сұраққа сұралған 500 адамның 46 пайызы миссионер атаулыға түбегейлі қарсы болса, 5 пайызға жуығы «қажет емес» деп жауап берген [52].

Дегенмен мемлекетіміздің ел басшысы және ел басқарып отырған органдар, Қазақстан

Республикасының ынтымақтастығы мен бірлігін қорғау мақсатында өзіндік заң аясын бекітіп, күшіне енгізуде.

Яғни, Қазақстан жерінде тұратын 160 шамасында ұлттар мен ұлыстардың діні мен салт-санасын құрметтеу және әрқайсының діни ар-ождан бостандығын қорғау мақсатында бірнеше шаралар қолдануда. Оларды мысалға алар болсақ, Қазақстан Республикасы Ата Заңы бойынша діни қауымдарды реттеу үшін (15.01.1992 жылы қабылданған өзгертулер мен толықтырулар 5.11.1995ж) «Діни қауымдар мен олардың діни бостандығы» туралы заңы қабылданды. Бұл Заңды «Ұлты, нәсілі, жынысы, дініне қарамастан адамның құқықтары және негізгі ерекшеліктерін ойлау, ар-ождан, дін немесе өзіндік сенім тандау, еріктерін сыйлайтын боламыз» деген Қазақстан Республикасының Ата Заңындағы (14,20,22.баптар) мәлімдемелер негізінде қабылданған болатын.

Бұл құқықтар адам өз діни немесе өзіндік сенімін жекелей, сол сияқты басқалармен бірігіп ауыстыруға, жариялы түрде немес басқа жолмен Құдайға құлшылық ғибадаттарын атқаруға, діни салт - ғұрыптарын орындауда өзінше дәстүр ұстануына ерік берді.

«Бостандық» деген ұғым «қажеттілік» деген ұғым арқылы түсіндіріледі. Қандай бір құқық болмасын, ол екі жақта: бірінші адамдарға ақылға сыйымды «еркіндік» берсе, екінші жағы ондай «еркіндікке» шек қояды. Ата Заң әрдайым осы екі жақтылықты ескеріп отырады.

Сонымен қоса, еліміздің және әлеміміздің басты мәселесіне айналған терроризм және экстримизмнің алдын алу мақсатында, азаматтарымыздың діни ар-ожданы мен азаматтығын қорғау негізінде бірнеше заңдар қабылданып

отыр. Олар: (13.07.1999ж №416) «Терроризммен күрес туралы» ҚР Заңы; (29.06.1998ж) «Тәуелсіз мемлекеттер арасындағы терроризммен күрес туралы ратификациялық келісім»; (23.09.2000ж №93 алдында 04.06.1999ж Минск қаласында қол қойылған) «Терроризмге, діни экстремизмге, транс ұлттық қоғамдастықтарға және т.б. құқық бұзушылықтарға қарсы бірігіп күресу туралы ратификацияға Қазақстан Республикасымен Қырғыстан Республикасы, Таджикистан Республикасы, Өзбекстан Республикасы қол қойды»; (09.11.2000ж №9711) «Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы күрес актісінің заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді»; (19.02.2002ж №295) «Терроризм, экстремизм және сеператизмге қарсы күрес негізінде құрылған Шанхай конвенциясының ратификациясы туралы»; (18.04.2002ж №316) «Халықаралық терроризммен күрес конвенциясына Қазақстан Республикасының қосылуы туралы»; (2002) «Терроризмді аластау және өркениеттер арасындағы үн катуға жәрдемдесу туралы декларация», және тағы да басқа толып жатқан заң негіздері мен келісім шарттар бар. Олардың саны Қазақстан Республикасы бойышша 30-дан асады. Сонымен қоса, (18.05.2001ж) Қазақстан Республикасының Министрліктерінің терроризмге қарсы күрес негізінде көмек көрсетуге қатысы бар министрлер бұйрықтарына қол қойды.

Біздің мемлекетіміздің негізгі Заңында жарияланғандай: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады. Оның ең қымбат қазынасы-адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.»

Сондықтан да, ұлтаралық қатынастарды тұрақтандыруда

әлеуметтік жұмыстың мазмұны-ұлттық идеяға негізделуі қажет. Қазақстан қоғамын қазіргі таңда ұлттық даму мәселесі алаңдатады. Яғни, ішкі тұрақтылық пен ұлттық бірлікті сақтау барысында көздеген мақсатымыз-кедейшілік пен жұмыссыздық мәселесі бойынша ұлттық идеяны жүзеге асыру.

Кедейшілік пен жұмыссыздықты жою-қоғамдағы саяси мәселелерді шешуге көмектеседі.

Бір сөзбен айтқанда, елдегі саяси, әлеуметтік тұрақтылықты қамтиды. Азаматтардың патриоттық рухы жоғарылайды.

Ұлттық бірлік пен татулық кең етек алып, бір-бірінің дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына, тіліне, дініне деген құрмет күшейеді.

Қазақстандағы этнос аралық саясаттың негізгі жиынтығы:

➤ Елімізде азаматтардың, олардың этностық және діни наным-сенімдеріне қарамастан теңдік құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ететін құқықтық база құрылды.

➤ Ұлттық саясат пен ұлтаралық диалогты іске асыратын Қазақстан халықтары Ассамблеясы ретінде тиімді тетік құрылды. Жалпы адамгершіліктік құндылықтары бар көп мәдениетті қоғам құрылды. Рухани сәйкестік біздің отандастарымыздың азаматтық және саяси тұтастығын толықтырады.

➤ Тепе-тең тіл саясатын өткізуге қол жеткізілді. Қазақстанның лингвистикалық байлығы жалпы қазақстандық мәдениетті байытады және көпұлтты Қазақстанның тұтастығын нығайтуда маңызды фактор болып табылады.

➤ Конфессиялар аралық келісім мен төзімділік қамтамасыз етілді.

➤ Қазақстандық қоғамның демократиялануы ана тілдеріндегі бұқаралық ақпарат құралдар санының өсуіне

әкелді. Республикада 11 ұлт тілдерінде газет -журналдар басылады, теле және радио хабарлар береді. Жыл сайын мемлекеттік тапсырыс бойынша Қазақстанның этностық аз халықтарының тілдерінде жалпы тиражы 80000 данадан жоғары кітаптар басылып шығады. Қазақ, орыс театрларынан басқа ұйғыр, неміс, корей театрлары қызмет істейді.

Сонымен бірге, қазақстандық ұлттар мен ұлыстар арасындағы келісім үлгісіне-Ассамблея мен Ұлттық-мәдени орталықтардың қызметінің маңызы зор. Олар мәдени-ағартушылықты, ұлттық мәдениеттерді, тілдер мен дәстүрлердің тәрбиелік мазмұнын, Қазақстанға деген ұлттық патриотизмді қалыптастыру және дамыту, этносаралық қарым-қатынастарды дамытудағы мемлекеттік саясатты ұштастыру қызметтерін атқарады.

Яғни, татулық пен бірлік жалауы желбіреген қазақ жерінде-ұлтаралық қатынас достық пен ынтымақтастыққа негізделген.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстандағы макроэкономикалық жағдайдың жақсаруы күшейгенімен, көптеген қазақстандықтардың өмір сүру деңгейі төмен дәрежеде қалуда. Елімізде халықтың мүлдіктік белгілеріне қарай жіктерге бөлінуі әлі де көрініс беруде. Кейінгі жылдары болашақ алдындағы қорқыныш, уайымдаушылық халықтың айрықша бөлігінде анықталған. Тек Алматы тұрғындары ғана өздеріне сенімділік көрсетіп отыр. Өйткені, басқа аймақтармен салыстырғанда бұл аймақтың өмір сүру деңгейі жоғары.

Қарсыласу, жеккөрушілік белгілерінің ұлтаралық қарым – қатынаста көрініс беруі - елдегі халықтардың көңіл – күйі қиын жағдайда екенін көрсеткен.

Дегенмен де көптеген қазақстандықтар экономикалық жағдаймен жұмысбастылықты іске асыруда оптимизм көрсетіп отыр. Халықтың патерналистік иллюзиясы кейінге қалып, өз күшіне сенген топтар көбеюде. Шыдамдылық пен ұлтаралық сенімділік жоғарылап, өзін басқа ұлттардан шектеу – көрінбейді.

Барлық аймақтарда ұлтаралық жағдай қалыпты, ал ұлттар мен ұлыстар арасындағы қарым-қатынас келісімділік жағдайда екені анықталған. Осыларды ескере келгенде, этносаралық қатынастардың құқықтық аспектісіндегі қатынастардың қатысушыларының еркі мен санасына құқықтар мен міндеттерді, кепілдіктерді белгілеу арқылы құқықтық мақсатта әсер ету, осы қатынастарды тәртіптеу, әрі қарай дамуының құқықтық ынталандыру деп түсіну қажет. Этносаралық, саяси, рухани, мәдени т.б. қоғамдық қатынастармен жанама түрде байланыстылығымен анықталады.

Барлық ұлт өкілдерінің мәдениетіне деген қатынасы өзгеріп отыр. Халықтың айтарлықтай бөлігінде мәдени шектеулік, бір мәдениеттің басқа мәдениетті ығыстырушы

көріністері бар деген ой-пікір қалыптасқан.

Бүгінгі күні бұл ауқымды әлеуметтік күш өз көзқарасын Парламент палаталарында, саяси партияларда, бұқаралық ақпарат құралдарында, мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдарда білдіре отырып азаматтық қоғамның дәстүрлі институттарына толығынан сіңісіп кетті. Қазақстан халықтарының Ассамблеясы Қазақстанның саяси жүйесінің маңызды элементі болды. Ол барлық этностардың мүдделерін біріктірді, барлық азаматтардың, олардың ұлтына және діни наным-сеніміне қарамастан құқықтары мен бостандықтарын сақтауды мүлтіксіз орындауды қамтамасыз етті.

Айтылған орган этностық аралық қатынастар келісуі мен Қазақстанда бұл салада балансты құрудың өте маңызды құралына айналды.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының құрамына 27 республикалық және аймақтық, 300-ден жоғары облыстық ұлттық-мәдени бірлестіктер кіреді. Үш республикалық ұлттық-мәдени орталықтардың халықаралық мәртебесі бар.

Ассамблея ұлттық-мәдени және қоғамдық бірлестіктер өкілдерінен құрылған аймақтар әкімшіліктері басшыларының жанында консультативтік-кеңес органдары сияқты қызмет істейтін Қазақстан халықтарының 16 Кіші Ассамблеяларымен өзара іс-қимыл жасайды.

Халықтар Ассамблеясының қызметінде Қазақстан этносаралық мәселелерді шешуді дүниелік іс-тәжірибесіне енгізген үлкен оң тәжірибе жатыр. Бұл үлеске өте жоғары деңгейде лайықты баға берілген. 2002 жылы күзде біздің елімізге сапарға келген БҰҰ-ның Бас хатшысы Кофи Аннан

Қазақстанды ұлтаралық келісу, дүниенің басқа мемлекеттері үшін тұрақты, орнықты дамуының үлгісі екенін білдірді.

Мемлекет пен діннің өзара іс-қимылының негізгі принциптері, сондай-ақ әртүрлі конфессиялар арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының Конституциясында анықталған. Оның бірінші бабында біздің республикамыз демократиялық, зиялы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет болып жарияланады.

Сонымен бірге, республикада барлық мәдениет өзара байланыс пен өзара байытушылық мақсатта дамып отырғанын көп мөлшердегі азаматтар көрсеткен.

Әртүрлі ұлт өкілдерінен құралған қазақстандықтар көрші ұлт мәдениетіне қызығушылық танытқан. Сонымен бірге, олардың арасындағы келісімділік пен сенімділік орнатқан.

Бірақ, ұлттар мәдениетіне билік кедергі жасамаса да, қаржылай көрсетіп отыр. Ұлтаралық қарым-қатынастарда әлеуметтік мәселелер де өзекті болып көрініс табуда.

Егер біз 2015 жылы жүргізілген зерттеулерді 2017 жылғы зерттеулермен салыстырсақ, аймақтар бойынша өзекті мәселелер сол күйінде қалуда: төмен төлемақы –60,9%, қызмет көрсетудің қымбаттылығы- 58,4%, жұмыссыздық- 42,2 %, жемқорлық –30,5 %, қылмыс жасау – 20,7%-ды көрсеткен.

Студент жастардың Қарағанды облысы бойынша әртүрлі ұлт өкілдерінің дінге, ұлтаралық қатынасқа байланысын анықтау мақсатындағы социологиялық зерттеу Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде, Қарағанды мемлекеттік медицина академиясында, Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті мен Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінде өтті.

Студент жастарды зерттеу нәтижесінде 100 респондент, оның ішінде жас ерекшелігі бойынша 17-22 жас аралығындағы қалалық ЖОО студенттері сұралды.

Кездескен келеңсіздіктер мен дұрыс емес жауаптар жастардың дінге қатысты заңды толық білмеуі нәтижесінен көрініп жатты. Сауалнама нәтижесінде жастардың бұл орайда ақпараттары аз мөлшерде білетіндігі көрінді.

Әрбір төртінші сұралушы облыс халқының діни түсінушілікке ұмтылысы айқын көрінеді, сонымен қоса, 43% жастар дінге сену сұрақтарына бей-жай қарайды деп белгіледі. Тек 16% жастардың дін сұрақтарына жоғарғы қызығушылықпен қарайтыны көрінді.

Діни ұйымдардың облыстың қоғамдық-саяси өміріне етене араласатынын 51% респондент атаса, соның нәтижесінде ұлттар арасында өзара келісім мен татулықты күшейтетінін белгілейді.

Сұрақнаманың нәтижесі жастардың дінге деген қатынасы белсенді-танымдық түрде. 78% жастар «Дінтану» курсына қызығушылық танытса, оның ішінде 14% діннің тарихын оқу орындарында оқу керек деп санайды. Тек 13% респондент қана аталған пәннің енгізілуіне қарсылық білдіреді.

Қазақстан Республикасында күн көріністері бірқалыптылар мен ауқаттылар саны өсуде, төменгі табыс табатын азаматтар саны төмендеуде. Бірақ, нарықтық қатынасқа бейімделе алмай жүрген халықтың ең кедей қабаты сол күйінде қалуда.

2017 жылы Қазақстан Республикасының орталық және шығыс аймақтарында тұратын беларус (57,1%) және чешен (56,3%) ұлттары өздерінің өмірлік бағыттылығын өте төмен бағалайды. Бұған себеп-беларус ұлтының нарықтық

қатынастарға қабілеттене алмауы мен чешен ұлтының Республикамызда айқындалмаған жағдайы.

Ал бұл көрсеткіш корей (8,3%) мен ұйғыр (13,0%) ұлттарында аз дәрежеде, өйткені олар нарық қатынастарына жақсы икемделген болып табылады. Қазақстанның әрбір азаматы өздерінің мәселелерін шешуде алға үміттенеді. Әлеуметтік мәселелерін шешуден үмітті респонденттер 2007 жылы: экономикалық жағдайдың жақсаруымен (49,0%), қолайлы жұмыс орнымен қамтылу

(40,5%) байланыстырып және өздеріне сенімділік (42,2%) көрсеткен. Мемлекет көмегіне тек 19,59% (2012ж-19,6%) үмітті.

Сонымен қоса, 2017 жылы мониторинг нәтижесі бойынша сұралушылардың 18,0%-ы мәселелерін эмиграцияға кетумен, немесе қазақстандық қоғамның шын демократизациясымен 17,7%-ы байланыстырады. Нәтижесінде, барлық қазақстандықтар 2015 жылы мен 2007 жылы өзінің ауқаттылығына экономикалық жағдайдың жақсаруы мен жоғары табысты қызмет әсерінің ерекше екенін атаған.

Әртүрлі ұлт өкілдерінің жауаптарында мәселелерін шешу мақсатында, жақындары мен достардың көмегіне азербайжандар (41,4%), чешендер (28,1%) және қазақтар (22,8%) сүйенеді екен. Бұл негізінен топ ішіндегі бірігушілік пен тұтастыққа байланысты болып отыр. Ал басқа этностарда бұл жағдай (гректер мен ұйғырларда 0%-дан 13% дейінгі аралықты құрайды) төменгі көрсеткіштерді көрсетеді.

Зерттеулер көрсеткендей, еңбектену арқылы жоғарғы беделге ие болу басым адамдардың пікірінше мүмкін емес. Көпшіліктің ойы бойынша, ауқаттылық пен қызметтік өсу

білімге де, еңбекке де, квалификацияға да байланысты емес. Барлығы да, тамыр-таныстың болуында (4,6).

Қазақстанда елімізде тұрып жатқан ұлттардың теңдік принципі қатал сақталады. Әрбір қазақстандық үшін толықұлттық өзін білдіруге барлық жағдайлар жасалған және өз этномәдениеттік мүдделерін жүзеге асыруға құқықтар берілген.

Республикада қолданылатын барлық тілдерге құқықтық кепілдіктер мен көрсетілетін құрмет кез келген ұлттың өз тілі мен мәдениетін дамытуға ажырамас құқығын қорғайды. Республиканың 40%-ке жуық орта оқу орындары мен 70% жоғары оқу орындары оқу процесін орыс тілінде жүзеге асырады. Аз ұлттардың жинақы тұратын жерлерінде ұйғыр, өзбек, тәжік, украин, неміс, поляк және басқа тілдерді оқытатын мектептер жұмыс істейді.

Ұлттық-мәдени бірлестіктер жанындағы демалыс мектептері ана тілін оқуға мемлекеттік қолдау алды. Қазіргі кезеңде 170 демалыс мектептерінде және 3 ұлттық жаңғыру мектептерінде Қазақстанның этностық топтарының 23 тілі оқытылуда.

Қазақстанның барлық түкпірлерінде құрылған ұлттық ерекшелігін қолдайтын ұлттық-мәдени орталықтары сияқты нысан кең даму үстінде. Оның ең жоғары трибунасы – Қазақстан халықтарының Ассамблеясы.

Әртүрлі ұлттардың өзара достық қарым-қатынастары елдің саяси жағдайы мен әлеумет құрған кезде елдегі ұлт өкілдерінің өзара түсінушіліктері мен өзара келісім дәрежесін айқындап алу керек.

Жалпы ұлтаралық жағдай жекелеген аймақтарда тұрақты болса да, 2005 жылғы зерттеу бойынша әрбір 10-шы адам ұлтаралық қақтығыстарға қатысушы не куәгер болғандығы

айқындалды. Аталған қақтығыстар көбінесе халыққа қызмет саласындағы қызметкерлердің агрессивті мінез-құлықтарында, көшеде, демалыс орындарында, жұмысқа орналасу барысындағы мемлекеттік тілді білмеу т.б. себептерге байланысты болған. Шығыс Қазақстан Орталық аймаққа қарағанда аталған жағдайлар жиі кездеседі, пайыз бойынша 17,1 % - 569%, яғни 12% жоғары екендігін көрсетті.

Сонымен бірге елдегі мемлекеттік, орыс және шетел тілдері білім беру жүйесінде толық оқытылады. Бұл жердегі ерекше мәселе – ұлттардың өз ана тілін оқу мәселесі күрделі болып отыр.

Қазақстандағы тұрғындар арасында экстремизмнің қалыптасып, дамуына көп мүмкіндіктер бар. Оның ішінде Қазақстан жастары арасында діни экстремизмнің таралу қорқынышы жоқ емес. Жас адамға қоғамдық қадағалау мен жақсы көзқарас қажет. ҚР әлеуметтанушылар ассоциациясы мен бірқатар саясаткерлердің сауалнама мәліметтеріне сүйенсек, 18ден - 29 жас аралығындағы жастар арасында 39% - ислам дінін ұстанушылар, 26% христиан, 0,2% синогогқа сенеді, ал 0,5% - буддистер, 27,5% - ешқандай дін ұстанбайды екен.

Халық арасында дін тақырыбындағы әлеуметтік зерттеулердің қорытындысы бойынша, «Миссионерлердің жұмысына шектеу қою керек пе?» деген сұраққа сұралған 500 адамның 46 пайызы миссионер атаулыға түбегейлі қарсы болса, 5 пайызға жуығы «қажет емес» деп жауап берген.

Дегенмен, мемлекетіміздің ел басшысы және ел басқарып отырған органдар, Қазақстан Республикасының ынтымақтастығы мен бірлігін қорғау мақсатында өзіндік заң аясын бектіп, күшіне енгізуде.

Яғни, Қазақстан жерінде тұратын 130-дан астам ұлттар мен ұлыстардың діні мен салт-санасын құрметтеу және әрқайсының діни ар-ождан бостандығын қорғау мақсатында бірнеше шаралар қолдануда. Оларды мысалға алар болсақ, Қазақстан Республикасы Ата Заңы бойынша діни қауымдарды реттеу үшін (15.01.1992 жылы қабылданған өзгертулер мен толықтырулар 5.11.1995ж) «Діни қауымдар мен олардың діни бостандығы» туралы заңы қабылданды. Бұл Заңды «Ұлты, нәсілі, жынысы, дініне қарамастан адамның құқықтары және негізгі ерекшеліктерін ойлау, ар-ождан, дін немесе өзіндік сенім тандау, еріктерін сыйлайтын боламыз» деген Қазақстан Республикасының Ата Заңындағы (14,20,22.баптар) мәлімдемелер негізінде қабылданған болатын.

Ұлттық топтардың басқа ұлттар мәдениетіне де қатынасы айқындалған. Ұлттық топтардың басқа ұлттар мәдениетіне қызығушылығын анықтау мақсатында жүргізілген зерттеулерде 2015 ж-36,1% 2007 ж- 38,5% көрсеткіштерді көрсеткен. Басқа да мәдениетпен танысу арқылы ұлттар мен ұлыстар бір – біріне түсінушілікпен қарайды (2005 ж-18,4%, 2007 ж- 21%).

Оның ішінде 2007 ж: қазақтар – 18,7% беларустар-14,3% чешендер –10,5%, украиндер- 10,9% , татарлар – 8,7% , ұйғырлар- 8,6% , өзбектер – 8,2% , орыстар – 7,2 % , гректер- 6,3%, корейлер- 4,2%, азербайжандар- 3,2 % және басқа ұлт өкілдері – 9,7 %-ы құрайды.

Яғни Қазақстан ұлттары арасында бір-бірінің мәдениеттеріне деген қызығушылықтары бар деп айтуға әбден болады. Бірақ, еліміздің нарықтық қатынасқа көшуі нәтижесінде - мәдени ошақтарының (кітапхана, мәдениет

үйлері, клубтар, секциялар т.б.) мемлекет тарапынан қаржылануы күрт төмендеп кетуіне әсер етті.

Ресми деректерге сүйенсек, елімізде 178 жексенбілік мектеп, 23 ұлттық тілдерді оқытады екен. Әр жыл сайын 80 мың данадан астам ұлттық кітаптар шығарылып, 332 ұлттық топтардың өз ұлттық орталықтары бар.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 1 бөлімі, 7 бабының 3 тармақшасында: “Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды” деп көрсетілген.

Бірақ та, зерттеулер көрсеткендей бұл елімізде жеткіліксіз болып отыр. Ұлттар мен ұлыстардың көбі өз тілінде білім алуына толық құқық иеленбеген. Сондықтан да, елімізде ұлттар мен ұлыстар аралық қатынастарды тұрақтандыру, мәдениет пен өнер, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарды таныстыру, этносаралық бірлікті, достықты қалыптастыратын этникалық бағдарлама құруымыз қажет.

Бағдарлама ретінде «Ұлттану» пәнін мектептер мен т.б. білім мекемелері мен институттарда енгізіп, жалпы қазақ халқына басқа ұлт мәдениетін түсінуге, тануға қызығушылығын туғызатын, басқа ұлт мәдениетіне достықпен, құрметпен қарауына жағдайлар туғызу керек.

«Ұлттану» пәнін білім беру жүйесіне енгізу – ұлтаралық қарым-қатынастарды тұрақтандырып, ынтымақтастық пен бірлікке, достық пен келісушілікке жеткізеді. Сол арқылы этноәлеуметтік ортада ұлттар мен ұлыстар мәдениетін тарататын, танытатын, гүлдендіруге өз үлесін қосатын мекемелер-мектептер, орталықтар т.б. институттарды дамытуға барынша үлесін қосады.

Оның нәтижесінде, ұлтаралық қақтығыстарға жол бермейтін, өзара түсінушіліктер мен келісімге негізделген біртұтас қоғам қалыптасып, дамитыны ақиқат. «Біз ұлтына және діни нанымына қарамастан, әрбір Қазақстандыққа салт-дәстүр, мәдениет пен дінді таңдауға ерік беретін еркін, әрі ерікті қоғамның негіздерін нығайтуға тиіспіз» деп елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында атап көрсеткен.

Яғни, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары қорғалатын қоғамда – тұрақтылық, әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы көрініс берері өмір шындығы.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. https://countrysmeters.info/ru/kazakhstan#population_2018
2. “Адам құқығын қорғаудың жалпы Декларациясы” БҰҰ-ң бас Ассамблеясы, 1948 ж. 10 желтоқсан.
3. «Терроризммен күрес туралы» ҚР Заңы. 13.07.1999ж. №416
4. Қазақстан Республикасы Президентінің “Қазақстан Халықтары Ассамблеясын құру туралы” Жарлығы, 1995ж.
5. Джамалиева Г.Ж. Специфика культурной идентичности: социально-философский анализ// Kazakhstan Innovations: Кокшетау.- 2017.- № 4 (4). - С.46-52
6. “Теория и практика межэтнического и межкультурного взаимодействия в современном Казахстане” Под ред. Малинин Г.В.
7. С.С. Алексеев Философия права: история и современность, проблемы, тенденции, перспективы. — М.: Норма, 1999. — 329 с.
8. “Мониторинг прав этносов в Казахстане” научно-исследовательский отчет. Алматы-2003г.
9. Абыль Е.А. “Этногенез казахов: опыт системного подхода” Кустанай-1997г.
10. Сужиков М. “Напряженность или гармонизация?: Развитие межнациональной отношений в Казахстане” Алматы-1991г.
11. Джамалиева Г.Ж. Роль культуры в сохранении идентичности// Социальная работа и социальная педагогика: реалии и перспективы: Материалы II Республиканской научно-практической конференции.- Караганда, 2018. – С. 150-152
12. Ахметова И.А., Иманбеков М.И. Дәстүрлі емес діни бірлестіктердің ұлтаралық қатынастарға ықпалы // Қазақстандық қоғамды модернизациялау процессінің өзекті әлеуметтік мәселелері: Республикалық ғылыми-тәжірибелік

конференциясының материалдары. –Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2007. –Б. 90-95

13. Джамалиева Г.Ж. Структура ценностных ориентаций молодежи в современном казахстанском обществе// Наука и ее роль в современном мире: Материалы международной научно-практической конференции.- Караганда, 2011. – Б. 101-105

14. Л.С.Явич .

15. Котов А.К. Государственный суверенитет РК: политико-правовой анализ: становление и проблемы национально-государственного развития. Алматы, 1994г. (255 бет)

16. Ахметова И.А. Ғалы Ж.О. Этносаралық қатынастардағы бостандық ұғымы// Заманауи құқық: Теориясы мен қолдану тәжірибесі: Ғылыми еңбектер жинағы.- Қарағанды, 2014.- Б. 220-223

17. Сапарғалиев Г.С. “Конституционное право Р.К.” Алматы, 1998г. (67 бет)

18. Ахметова И.А. Ғалы Ж.О. Этносаралық қатынастарды құқықтық реттеудің кейбір мәселелері// Қазақстандағы азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің қалыптасуының теориясы мен тәжірибесі: – Қарағанды: ЖШС «TENGRİ», 2012. – Б. 102-108

19. Тажин М. “Социология негіздері” Алматы- 1997ж.

20. “Этносы Казахстана: историко-демографический справочник” Астана-2001г.

21. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы: «Жеті Жарғы», 1998.

22. Международные акты о правах человека: Сборник документов. –М.: Изд. группа Норма-Инфра. 1998г.

23. Этингер

24. “Этносы Казахстана” // Аргументы и факты. 2001г. №1 16бет.

25. Назарбаев Н.Ә. 2004 жылғы сыртқы және ішкі саясаттың негізгі бағыттары. Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2003ж, 4 сәуір // Заң газеті, 2003ж. 9

сәуір.

26. Нұрсұлтан Назарбаев “Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында” Астана-2005ж.

27. Ахметова И.А. Қазақстан халықтары Ассамблеясы – ұлтаралық қатынастарды реттеудегі басты механизм // Қазақстан – ұлысаралық татулық пен келісім мекені: ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы. –Қарағанды: «Болашақ-Баспа», 2012. –Б 35-37

28. “Ұлттар мен ұлыстарды, этникалық–діни және тілдік ерекшеліктері бар азаматтарды қорғау туралы” (Азаматтарды қорғау Комитетінде 1993 ж. қабылданған Заң).

29. №17 ”Тәуелсіз мемлекеттердегі тұрғылықты халық пен басқа халықтардың интеграциясы мен оларды қорғау туралы” Халықаралық Еңбек Ұйымының Конвенциясы.

30. Оспан Е. // “Құқық және мемлекет” 2004ж. №3(1), (16-19 беттер)

31. Қасымова А. “Империялық этносаясаттың зардаптары” // Ақиқат- 2002ж. №5 (32-35б)

32. Айтимова Б. “Политическая консолидация народов Казахстана: особенности и проблемы” // Саясат-2005г. №4.

33. “Этносы Казахстана: историко-демографический справочник” Астана-2001г.

34. “Этносы Казахстана” // Аргументы и факты. 2001г. №1 16 бет.

35. Алдашева Р. “Ырыс алды-ынтымақ. Біздің күшіміз-бірлікте.” //Теміртау- 2004ж, 29 сәуір

36. Сапарғалиев Ғ.С. “Қазақстан Республикасы Конституциясына түсіндірме”, Алматы: Жеті Жарғы, 1999 (6-бет)

37. Имаш Е. “Бір шаңырақтың астында” // Орталық Қазақстан- 2002ж, 8 мамыр.

38. Тоғжанов Е. “Ассамблея- демократияның басты тетіктерінің бірі” // Орталық Қазақстан- 2003ж, 28 қаңтар.

39. “От депортации к интеграцию” “Документы и материалы, посвященные 60- летию депортации чеченцев и ингушей в Казахстан” Алматы- 2004г.
40. Н. Байтенова, Б. Бейсенов "Қазақстандағы қазіргі діни жағдай". //Егемен Қазақстан 23 тамыз, 2006ж. 7-бет.
41. Сухарев А. В. Этнофункциональный подход к проблеме психического развития человека. // Вопросы психологии. – 2001. № 2. С. 40 – 57.
42. Ұлтаралық қатынастарды зерттеу бағыттары. // Саясат. №4, 2007 ж. 47 бет.
43. Мониторинг межэтнических отношений в Казахстане: опыт, эффективность и перспектива: материалы международного научно-практического семинара. Алматы, 23-24 мая 2001г. Под ред. Ертысбаева Е.А.
44. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2007 жылғы 28 ақпан.
45. А. Мұқашев "Дінаралық татулық - тыныштық кепілі" //Егемен Қазақстан 13 тамыз, 2006ж. 4-бет.
46. Игнатъев В.А. Межэтническая и межконфессиональная стабильность Казахстана. // Известия. -2005г, 24 октября.
47. Кадырбаев Б. Межэтническое взаимодействия и интеграция в контексте подвижности населения // Саясат, - 2004г.-№2, 31-36 стр.
48. Қазақтың басын кұрсаған қауіп. // Айқын апта-2007ж. № 107.
49. Кульжанова Г. Роль Ассамблеи и Народов Казахстана в укреплении межэтнических согласия // Евразийское сообщество: общество, политика, культура-2005г. №2, 11-13 стр.
50. Инициатива в области общественной политики: прикладные исследования. Авт. О.Т. Аринова, 2001г.-28 стр.
51. Аймаганбетова О.Х. Межэтнические отношения как предмет этнологического исследования. // Хабаршы КазНУ.

2005г. №5, 25-29 стр.

52. Насимова П. Механизмы предотвращения конфликтов в Казахстане. // Саясат- 2007 г. №3, 285стр.

Buketov university

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік
университеті

Джамалиева Ғ.Ж., Ахметова И.А.

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОСАРАЛЫҚ
ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТАҒЫ
ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Басылымға қол қойылды 22.05.2020 ж.

Пішімі 60/84 1/16

Кітап журналдық қағаз. Көлемі 5,9

Таралымы 500

Келісілген баға. Тапсырма №51

«Полиграфист» баспасы

Қарағанды қаласы. Язев көшесі 2, 100026